Әрбір адамзат үшін ата қоныс ең қасиетті қоныс болса, туған жер – ата - бабадан қалған асыл мұра. Біз үшін де туған жерімізден қасиетті, одан киелі қоныс жоқ жер бетінде. Туған жерімізді – Отан дейміз. Отан – адамның туып – өскен жерінен басталады. Әркімнің туып – өскен ауылы – оның кіші Отаны. Отанды тану, халықты тану және таныту туған жерді танудан басталады. «Көшенің де аты-тарихтың хаты», – дегендей әрбір қаланың тарихы көше атауларынан да көрінеді. Қалада қанша көше бар, сонша тарихи орындар бар екендігі белгілі. Сондықтан біз көп ойлана келе қаламыздың тарихын қалай ашуға болады, қандай жолдармен көрсетуге болатынын сараладық. Тұрғындарға көшелер мен даңғылдардың өзіндік тарихы бар екенін жеткізгіміз келді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Оларды бірі білсе, бірі біле білмейтінін ескеріп, Екібастұз қаласына көше есімдері берілген жерлестеріміз туралы мағлұмат беруді жөн көрдік. Жас ұрпақ өзінің туған өлкесінің тарихын, туған елінен шыққан тұлғаларды, ел мақтаныштарына айналған азаматтардың өнегелі істерін біліп, өсуі міндет.

Жалпы айтқанда ғылыми жобамыз ел тарихына бей-жай қарамайтын көзі қарағы адамдарды елең еткізеді анық.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы тарихи деректер, кездесулерге және ақпарат материалдарындағы мәліметтерге сүйене отырып, «Қала көшелерінің тарихы» деген қосымша анықтамалық жинақ QR код негізінде құрастырылды. Және бұл жұмысымыз «Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» яғни көшелердегі QR код енгізілген тақталарға осы ақпараттарды енгізуін ұсынғым келеді.

Ономастикалық жұмыстардың негізгі бағыттары. «Халық жерге ат қою арқылы елінің тарихын да жазып отырған. Тәуелсіз мемлекеттің бір белгісі оның ұлттық нышандары десек, сол ұлттық нышандар елді мекендердің, көшелердің, алаңдардың аттарынан да көрініп тұруға тиіс...». Сол себептен де ұлтым деп білек сыбанар ұрпақ барда ұлттық ономастикамыздың болашағы жарқын деп сенемін.

Кез-келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті де және еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына

байланысты да жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Топонимика (грек. τόπος (topos) – орын, ὄνομα (ōnoma) – атау) – географиялық атаулардың пайда болуын, мағынасын, айтылуындағы және жазылуындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Годонимия – топонимиканың көше атауларын зерттейтін саласы.

Бүгін де санақ бойынша, Екібастұз қаласында бір қарағанда саусақпен санарлық болып көрінгенімен, Екібастұз қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ақпараты бойынша 226-ты көше саны бар.

Географиялық атаулардың пайда болуын, мән-мағынасын (семантикасын), айтылуы мен жазылуындағы ерекшеліктер мен өзгерістерді зерттейтін топонимика ғылымы өз ішінде өзара байланысты бірнеше салалардан тұрады. Мәселен, атаулар ұғымын зерттеу нысаны еткен топонимикада адам есімдері (антропоним), тек, ген, ұрпақ кезеңінің атаулары (геоним), мұздық атаулары (гляционим), тіпті өсімдік, жануар не құс атынан пайда болған атаулар (фитоним, зооним, орнитоним) дербес тұрғыда қарастырылады. Бір ғана қала, елді-мекен ныспысына байланысты ғана бірнеше салалар бар: ойконим (елді-мекен атаулары), урбаноним (қалаішілік нысан атаулары), годоним (көше атаулары), агороним (алаң атаулары), эмпороним (дүкен атаулары).

Жалпы көше атауларын жіктеудің қалыптасқан қағидаларына сүйенсек, Екібастұз қаласының көшелеріне соңғы өзгерістерді қоса алғанда, мынадай бірнеше топтарды ерекшелеуге болады.

Антропонимдер, яғни кісі есімдері қойылған көше атаулары. Бұл топ тек Екібастұз ғана емес, Қазақстанның, тіпті бұрынғы кеңестік одақ құрамындағы мемлекеттердің, көптеген әлем елдерінің годонимдеріне тән топ. Екібастұз қаласына бағытталған зерттеулер антропонимдерді де бірнеше топшаға жіктеу мүмкіндіктерін көрсетеді.

Қазақ халқының біртуар азаматтары атындағы көшелер: (Абай, Мәшһүр Жүсіп, Әуезов, Жамбыл, Дөнентаев, Сейфуллин, Торайғыров, Шораманов, Шәкәрім, Беркімбаев, т.т.).

Өзге ұлт, мемлекеттің көрнекті азаматтары есімімен аталатын көше атаулары: (Лермонтов, Бажов, Гоголь, Горький, Некрасов, Толстой, Чехов т.т.).

Тарихи тұлғаларға байланысты көше атаулары:(Д. Қонаев, Амангелді,Бөгембай, Ю. Гагарин, Бұхар жырау, Б. Момышұлы, М. Мәмбетова, Ә. Молдағұлова).

Ғалым-академиктерге байланысты көше атаулар: (Пшембаев, Королев, Лихачев, Ломоносов, Павлов, Сәтбаев, Сахаров, Марғұлан Марленова)

Тарих-әлеуметтік оқиғаларға байланысты көше атаулары: (Автомобилистов, Азамат, Арай, Воинов интернационалистов, Открытая, Геологическая, Диспетчерская, Жастар, Железнодорожная, Жібек жолы,Рабочая, Зеленая, Заводская, Интернациональная, Космонавтов, Майская, Мира, Молодежная, Нефтяников, Трудовая, Первомайская, Целинная, Профсоюзная, Промышленная, Рассветная, Урожайная, Шахтерская, Юбилейная, Энергетиктер, Кеншілер,)

Елді мекендер атауларына байланысты көше атаулары:(Астана, Ақмолинская, Степная, Алматинская, Баянаульская, Восточная, Казахстанская, Карагандинская, Кустанайская, Ленинградская, Павлодарская, Туркестанская.)

Жаксы ұғымдар мен әдемі сөздер, маңызды ұғымдардан құралған көше: (Береке, Бейбітшілік, Жігер, Тагулық, Ақжол, Балдаурен, Наурыз, Нұрлы, Дружбы, Ынтымақ, Сарыарқа т.б.).

Екібастұз қаласына еңбегі сіңген адамдарға байланысты көше атаулары: (Кадренова, Кудушева, Омашев, Әлмұхамбетов, Дүйсембаев, Жүнісов, Арбиев, Сүтжанов, Шарипов, Шешембеков,Нуралин, Шарипбаев, Куйбышева, Шашкин, Гаврюшин, Бузин, Гридин, Царев, Чалбышев, Е. Көшербаев, Г. Сагиденова.)

Көше атаулары бүгін өзгертіп, ұнамаса ертең қайта ауыстыра салатын тауар емес. Ол өзінің болмысы бойынша стратегиялық саясатты талап етеді. Өйткені атау өзгерісі тек саяси, идеологиялық қана емес, экономикалық сипатқа да ие. Көше атының өзгеріске ұшырауы сонда орналасқан барлық мекемелер мен заңды және жеке тұлғалардың құжаттарындағы мекен-жайларын, көше атаулары жазылған маңдайшаларды ауыстыруды талап етеді.Яғни латын тілінде жазылған көше атаулары бар QR-код тақтайшалары Екібастұз қаласында да орнатылып жатыр. Менің зерттеу жұмысым есімдері көше атауларына берілген жерлестеріміздің өмірбаянымен танысудан бастадым. Қаламыздың тарихы болып кеткен ол жерлестеріміздің ерең еңбегін насихаттау мақсатында мұрағат, кітапхана, әлеуметтік желілерден материалдар жинақтадым. Көше

тұрғандарымен сұхбаттасып, сауалнама алдым. Мектебіміздегі «Өлкетану» тобының оқушыларымен есімдері көше атауларына берілген жерлестеріміздің ұрпақтарымен кездесіп,сұхбаттастым.

Нәтижесінде «Қала көшелерінің тарихы» деген қосымша анықтамалық жинақ QR-код негізінде құрастырылды. Және бұл жұмысымды «Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,жөлаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне» яғни көшелердегі QR код енгізілген тақталарға осы ақпараттарды енгізуін ұсынғым келеді.

Еңбегімен ер атанған жерлестеріміздің есімдерімен аталған көшелер.

Бүгін де Екібастұз қаласында бір қарағанда саусақпен санарлық болып көрінгенімен, көше саны 226-ға жетіп жығылады. Әлі де жаңа көшелер пайда болады. Былтырғы жылы жергілікті сәулет бөлімі қаланың бас жоспарын белгіледі. Болашақта Екібастұз батысқа қарай өрлеп, қанат жаяды. Қазірдің өзінде кенді қаланың сырт жағында жекеменшік үйлер қарқынды салынуда. Әрине қуанышты жәйт. Тұрғындар көп жағдайда көшелерді білсе де неге олай аталғанын біле бермейді. Ал, көше атаулары еліміздің тарихынан, белгілі бір ғасырда өмір сүрген өлкеміздің танымал адамдары өмірінен мол мағұлымат береді.

Бүгінде қаламызда әлемге әйгілі Абай, Жамбыл, С. Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, М. Әуезов, Ә. Д. Қонаев сияқты ұлттық тұлғалардың есімдері берілген көше атаулары бар екенін,ол кісілердің тарихын не себептен берілгенің білеміз. Ал, мысалға Жүнісов, Альмұхаметов, Сүтжанов,Омашев, Шарипбаев, Кұдышева, Кадренова, Арбиев көшелеріне келгенде бір ой мазалайды. Бұл кісілер кім? Не себептен көше атаулары берілген деген сияқты. Осы мақсатта жасұрпаққа өзінің туған өлкесін,туған елінен шыққан тұлғалардың тарихымен танысу, Екібастұз қаласына еңбегі сіңген адамдардың аттарына берілген көше атауларын зерттеу үшін ауқымды жоба іске асты. Бүгінгі таңда 18 көше зертеліп,ұрпақтарымен кездесулер өткізілді. Екібастұз қаласының іргесін қалаған,қаланың өсіп, дамуына ерең еңбек сінірген азаматтар туралы және сол адамдардың атымен аталған көшелер тарихын зерттеп, танысу барысында мұрағат, мұражай, қалалық кітапхана қоғамдық бірлестігімен, аула клубтарымен байланыс жасалды. Зерттеу жұмыстарына мектеп оқушылары, ата-аналар, көше тұрғындары, тарих, география пән мұғалімдері атсалысып қатысты. Жобаны жүзеге асыру барысында мынандай іс-шаралар өткізілді.

Көше аты берілген кісілердің ұрпақтарымен кездесіп, «Туған өлке-тұңған шежіре» атты конференция өткізілді.

Туған өлкенің тарихын зерттеу. Оқушылар жұмыс барысында зерттеу, іздену жұмыстарын жүргізіп, көше аттары берілген азаматтар туралы материалдар жинақтады.

Көше тұрғындарымен кездесулер, митингтар ұйымдастырып, сол жерлестеріміздің ерен еңбегі насихатталды.

Қала тұрғындарымен сауалнама жүргізіліп, сол көшелерге тазалық күні ұйымдастырылып қамқорлық жасалды. Көше аттары берілген адамдардың туған-туысқандарымен кездесулер ұйымдастырып, сұхбаттар алынды. Зертелген көше материалдарының барлығы «Қала көшелерінің тарихы» деген қосымша анықтамалық жинақ QR-код негізінде кітапшаға енгізілді. Тарихи тұлғалардың өмір деректері жас жеткіншектер үшін ғибрат.

Шәріпбаев Зейнолла (1962–1983) 1985 жылдың 11 сәуірінде халық депутаттарының қалалық Кеңес атқару комитетінің шешімімен жерлестеріміздің есімі мәңгі өшпес үшін 10-Северный 3. Шәріпбаевтың есімімен аталынды.

Жүнісов Уахит Жүнісұлы (1910–1957) 1995 жылдың 27 шілде айында бұрынғы 9-Южный көшесі У. Жүнісов көшесі деп өзгертілді.

Жұмат Омашев Өзінің ерен еңбегі үшін Совет үкіметінің орден және медальдарымен марапатталған. Екібастұз қаласында бір көшесінен Жұмат Омашевтың атына көше берілген.

Қосым Пішенбаев (1844–1932) 1977 жылдың 7 шілдесінде қаламыздың құрылып, өркендеуіне зор үлес қосқан Қ. Пішенбаевтың есіміне байланысты көше атауы берілді.

Кадренова Бибігүл Кадренқызы (1926–1996) Ономастикалық комиссияның және қала әкімінің 1997 жылдың 2 шілдедегі № 360 шешімімен Широкий көшесі Кадренова Бибігүл Кадренова атындағы көше болып өзгертілді.

Құдышева Нәкен Қанапияқызы (1926–1997) Ономастикалық комиссияның және қала әкімінің 1997 жылдың 2 шілдедегі № 360 шешімімен Отырар көшесі Н. Қ. Құдышева атындағы көше болып өзгертілді.

Әлмұхамедов Хәбір Тәнекейұлы (1913–1970) 1995 жылдың 31 қаңтарында ономастикалық комиссиясының шешімі бойынша 15-Южный көшесіне Х. Т. Әлмұхамедовтың есімі берілді.

Беркімбаев Естай (1874–1946) 1993 жылдың 30 шілдесінде қалалық ономастикалық комиссиясының шешімі бойынша Калинин көшесі Беркімбаев көшесі болып өзгертілді.

Шорманов Мұса Қала әкімінің қала көшелерін қайта атау жөніндегі 1994 жылғы 8 шілдедегі шешімімен 8-Северный қысқа көшесі М. Шормановтың атындағы көше деп өзгертілді.

Дүйсенбаев Масығұт Күлікбайұлы (1950–1996) Қала әкімінің 1996 жылғы 24 қыркүйегіндегі шешімімен 1-Северный көшесіне Екібастұз қаласының дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан М. К. Дүйсенбаевтың есімі берілді.

Арбиев Төлебай Шарапиұлы (1936–1993) 1994 жылдың 16 комиссияның шешімі бойынша 19-Южный қысқа көшесі Т. Ш. Арбиев көшесі деп өзгертілді.

Мұқышев Жәлел Қалалық ономастикалық комиссияның ешешімімен 15 «а»-Южный қысқа көшесіне Ж. Мұқышев есімі берілді.

Шешембеков Серікбай (1939–1980) 1983 жылы ономастикалық комиссиясының шешімімен қаламыздың бір көшесіне Шешембеков есімі берілді.

Сүтжанов Байзен (1928–1996) 1996 жылдың 31 мамыр айынан бастап қаламыздағы Чапаев көшесі Б. Сүтжанов көшесі деп өзгертілді.

Құсайынов Айып Қисаұлы (1983–2001) Екібастұз қалалық ономастикалық комиссиясының шешімімен қаламыздың бір көшесіне А. Қ. Құсайыновтың есімі берілді.

Ғаббас Сағиденұлы Сағиденов 2018 жылдың 01 қаңтар айынан бастап қаламыздағы «Школьный» өткелі Ф. Сағиденов көшесі деп өзгертілді.

Біз өз қаламыздың тарихын жасаған, еңбек адамдарының өмірі мен ерен еңбектерін құрметтеп, олар жөнінде білгенімізді естен шығармай басқалармен бөлісіп, болашақта болмаса да ұқсап бақ дегендей, сол кісілердей халқымызға қалаулы, елімізге елеулі адал азаматы болуымыз керек. Ол үшін терең білім алып, ерінбей еңбек ету міндетіміз.

Қорыта келе зерттеу барысында мені қызықтырған сұрақтарға жауабымды алдым, жалпы қаламызда 226 көше атауы бар екенін, көшелердің қалай аталатынын, кімнің есімі берілгенін, оның тарихын ашып зерттедім. Оның ішінде есімдері көше атауына берілген жерлестеріміздің 18 көше тарихы туралы мағлұматтар жинақталды. Ол кісілердің ерен еңбектері оқушыларға, көше тұрғындарына насихатталды. Жас ұрпақ өзінің туған өлкесінің тарихын, туған елінен шыққан тұлғаларды, ел мақтаныштарына

айналған азаматтардың өнегелі істерін біліп, өсуіне қадам жасалғанына сенімдімін.

Қала көшелерінің тарихы – еліміздің жүріп өткен тарихының айнасы. «Көше атауларының тарихи-құжаттық дерекнамасын жасау арқылы көше атауларының өткені мен бүгінгі зерделенеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Астана көшелері. Жинақ/Құраст.: Е.Тілешов.... Алматы: «Сардар», 2011, – 376 бет
- 2 Астана көшелерінің атаулары. Алматы: «Өнер» баспасы, 2006. – 128 бет.
- 3 Ақмола облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш-анықтамалығы. С.Негимов.... – Көкшетау: Келешек – 2030, 2008. – 218 бет.
- 4 «Сен білесің бе?» энциклопедиясы құрастырған: Қ. Ж. Райымбеков, Қ. Т. Байғабылова -Алматы: «Аруана» баспасы. – 700 бет,
5. <http://ekibastuz.gov.kz/index.php?id=108>
- 6 <https://bilimainasy.kz/екібастұз-аңыз-қала/>
- 7 «Келешегі кемел қала»
- 8 Мұражайдағы архив қағаздар,
- 9 Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік – Алматы, 2010.

ӨЛКЕТАНУШЫ, ҒАЛЫМ СЕРІК ИМАНТАЙҰЛЫНЫҢ ӨНІРІМІЗДІҢ ТАРИХЫН ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ЖАМАЛИДЕН А. Қ., АЛТАЕВА А. Е.

11 сынып оқушылары, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Павлодар-Ертіс өңірінің тарихы, шаруашылығы мен мәдениетін зерттеумен айналысқан өлкетанушы, ғалым Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың өңіріміздің тарихына қосқан үлесі көп. Серік Имантайұлы өлкенің шаруашылығын, сол жердегі кәсіптік ерекшеліктерімен қатар, пайдалы қазбалар мен табиғи минералдардың өзгеруі мен сипаттамасы мәселелерін көтерген. Оның еңбектері нақтылығы мен ресми деректердің келтіруімен ерекшеленеді. Өзінің ғылыми еңбектерін жазуда Павлодар, Алматы,

Новосібір, Томск, Омбы сияқты ірі қалалардың кітапханалары мен мұрағаттары, сондай-ақ мұражайлардағы ресми деректер, құжаттар, қаулылар мен жарлықтарды жан-жақты зерттеп, сұрыптап, деректерді өзінің болашақ ғылыми еңбектеріне тиянақты жинақтаған.

Ол-өзінің туған жерінің құрметті азаматы, экономика саласына қосқан үлесі үшін экономика ғылымындарының кандидаты атағын алып, Қазақстан Республикасының Минералды ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі болған. Сонымен қатар, Қазақстан Журналистер одағына мүшелік еткен, Екібастұз қаласының шежірешісі болып табылады [1, 10 б.].

Өзектілігі: Қазіргі кезде Қазақстан тарихына байланысты шынайы деректерді жинастыру үшін жергілікті ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Өлкетанушылар өздері өмір сүріп жатқан жердегі тарихи мәселелерді көтеріп қана қоймай, тарихи тұлғалардың ұрпақтары арқылы өте маңызды материалдарды жинақтап отыр. Сондықтан өңіріміздің зерттелуінде шежірешілер мен өлкетанушы ғалымдардың еңбегі ерекше орын алады. оларды сұрыптау, сонымен қатар жиналған деректердің дұрыстығына аса ден қойылып отыр. Осы кезекте шетелдік ғалымдардың еңбектері мен жергілікті ғалымдардың еңбектері қарастырылады.

Мақсаты: Өлкетанушы, ғалым Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың шығармашылығының негізінде өңіріміздің тарихын көрсету.

Болжамы: Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың тарихи еңбектеріне үңіле отырып, еңбек жолы мен өңірімізге сіңірген еңбегін ескере отырып, жастардың еліне деген патриоттық сезімін ояту.

Нәтижелері мен қорытындылары: Бұл жұмыста Серік Имантайұлының еңбек жолы мен еңбектерінің тарихымыздағы орны көрсетілген. Жұмыс нәтижелерін мектептегі оқу процесінде, сонымен қатар жоғары оқу орындарында тарих сабағында өлкемізге байланысты тақырыптырды оқыған кезде пайдалануға болады.

Ғылыми зерттеулері мен шығармашылығы

Ғылыми жұмыстарының негізгі бағыты – көмір өндірісінің экономикалық мәселері мен Павлодар – Ертіс өңірінің тарихы. Оның 60-тан астам ғылыми жұмыстары, оның ішінде бірнеше монографиялары жарық көрді. Олардың арасында И. Я. Муравьев пен бірлесіп жазылған «Екібастұздың үлкен көмірі» кітабы бар. 1990 жылы Мәскеудің «Недра» баспасынан жарық көрген [3, 19 б.].

Оның 2008 жылы Павлодар қаласында басылып шыққан «Записки краеведа» атты кітабында көрнекті қазақ әнші-ақыны Бұхар жырау Қалқаманұлы мен Баянауыл ауданының аға сұлтаны Мұса Шормановтың өмірі, сондай-ақ Қалқаман және Ямышево көлдерінің атауының этимологиясымен қатар Батыс Сібір қырғыздарының мал шаруашылығы туралы деректер мен кең даладағы атшабыс бәйгелері, Баянауыл округінің ашылуы туралы айтылады. Очерктер архивтік материалдарға негізделген. Оқырмандардың кең ауқымы үшін арналған [2, 195 б.].

Серік Имантайұлы өзінің «Записки краеведа» атты кітабында Ертіс өңірінде болған Қазақ-жоңғар қақтығысының бірін сипаттайды. 1713–1714 жылдар Жоңғар қонтайшысы Цеван-Рабданның әскері қазақ жерлеріне жорық жасайды, бірақ сәтсіздікке ұшырайды. 1714 жылы сол кездері атауы болмаған Ақсу-Павлодар облысының тұзды көлінің маңында болған шайқаста он сегізінші ғасырдың атақты жыршысы – Бұхар жыраудың әкесі Қалқаман батыр қаза табады. Бүгінде осы көл Қалқаман көлі деп аталады. Серік Имантайұлы мен Павлодар мемлекеттік университетінің археологы В. К. Мерцпен бірге 2008 жылы Қалқаман батыр жерленген зиратын, тұзды көлдің шығыс жағалауынан тауып алады [2, 14–15 б.].

Еңбектеріндегі этимологиялық мәселелері

Этимология дегеніміз-белгілі бір сөздің шығу-тегін зерттейтін тіл білімінің бір бөлігі. Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың еңбектерінде этимологиялық мәселелер көптеп кездеседі.

Серік Имантайұлы Қалқаман көлінің атауын жан – жақты зерттеген. Өзінің «Записки краеведа» атты кітабында Шипалы көл деген бөлімде бұл көлдің шығу тарихын сипаттайды. «Ақсу қаласынан батысқа қарай 26 киллометр жерде Қалқаман тұзды көлі орналасқан. Қалқаман көлінің пайда болуының негізгі екі нұсқасы бар.

Бірінші нұсқа академик Ә. Х. Марғұланның зерттеуінде кездесетін дерек. Бұл XVIII ғасырдың басында, Жоңғар хандығын Цеван-Рабтан билеген кезде 1697–1727 жылдары осы көлдің тұсында Қалқаман Жолымбетұлы басқарған қазақ әскері қалмақтармен шайқасқан. Осы қатал жекпе-жекте Қалқаман батыр қаза табады, оның серіктері Қалқаман батырды көлдің жағасында жерлейді, кейінірек бұл көл оның атымен аталып кетеді. Қалқаман-қазақ халқының белгілі жыршысы 1658–1787 жылдары өмір сүрген Бұқар жыраудың әкесі [4, 155 б.].

Екінші нұсқаны Батыс Сібір бөлімшесінің орыс географиялық қоғамының мүшесі Петр Алексеевич Золотов (1823–1879) баяндайды. Өзінің «Семипалатинские областные ведомости» атты апталық газетінде жариялаған «Қалқаман жайында бірнеше сөз» мақаласында Золотов былай деп жазады: Павлодар қаласынан оңтүстік-батысқа қарай, Қарқаралыға баратын жол бойында Қалқаман көлі бар, ол көл жағалауында жерленген құрметті қырғыз (яғни қазақ) азаматының құрметіне аталған, Қалақман өз заманында өте құрметті, сыйлы адам болған көрінеді деп жазған. XX ғасырдың 50-ші жылдары болат құрылысымен байланысты Ақмола – Павлодар теміржол магистральдары көлден батысқа қарай 34 км жерде салынып, оның атауы да Қалқаман болды [4, 155 б.].

Енді Қалқаман атауының этимологиясын қарастырайық. Қалқаман есімі екі сөзден тұрады: қазақша «қалқа» (қорғаныс) және парсылық сөз «ман», тура мағынада «қалқалы адам» немесе «қорғанысы бар адам» дегенді білдіреді. Қалқаман көлінің атауы сонымен қатар кеңінен Қалқаман – Мамыр қазақ поэмасының танымал кейіпкердің есімімен байланысты. Осы поэма бойынша Қалқаман атты жас жігіт өзінің сүйіктісі Мамырды алып қашып бара жатқан жолда, Мамырдың туыстары қуып жетіп сол жерде екеуін де өлтіреді. Бірақ зерттей келе Қалқаман көлінің атауы Қалқаман-Мамыр поэмасынан ертерек болған оқиға Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қалмақтармен соғысып, қайтыс болған Қалқаман батырдың ерліктерімен көбірек байланысты екенін көре аламыз. Ресми деректерде пошта пикеттері болған Қалқаман көлінің атауы поэмада баяндалған оқиғадан ертерек жазылып, ел арасында әйгілі Қалқаман көлі болып тарағаны белгілі болды [2, 200 б.].

Серік Имантайұлының еңбегінде кездесетін Ямышев ауылының этимологиясына тоқталатын болсам. Ертіс өзенінің оң жағалауында, Павлодар қаласынан оңтүстікке қарай 57 киллометр шағын аудан Ямышев ауылы орналасқан. Бұл ауыл тарихи өте маңызды, бұл жерде 1835 жылы орыс географы этнограф, фольклор танушы және түркі-монғол халықтарының мәдени зерттеушісі, Шоқан Уәлихановтың досы Григорий Николаевич Потанин дүниеге келген.

Орыс Тарихи әдебиетін зерттеу негізінде-қазіргі Ямышево ауылы тұрған жер қазіргі Павлодар Ертіс өңірін мекендеген көшпелі қыпшақтардың өте маңызды және аса құрметтеген ауданы болды. Мұндай мәліметті Г. Н. Потаниннің шығармасында ол былай деп жазды: «Синолог Палладий Моңғолияның шағын картасын басып шығарды, оның пікірінше – карта

Шыңғысхан заманында, яғни XIII ғасырда жасалынған. Осы карта бойынша қазіргі Ямышево ауылы орналасқан жерде Еміші деген ауыл болған. Г.Н.Потанин зерттеген бұл карта П. И. Кафаровтың «Моңғолияға барар жолдағы 1847 және 1859 жылдарындағы жол жазбалары» атты кітабында басылып шығарылған [2, 19 б.].

Егер біз жоғарыда аталған «еміші» сөзінің ұғымын зерттесек, ол қазақ тілінде де, монғол тілінде де белгілі бір мағынаны бермейді, бірақ бұл сөз түркі сөзі емші (дәрігер) сөзіне өте ұқсас. Палладий өз еңбегінде «м» әрпінен кейін артық «і» әрпін жазған деген пікір қалыптастырады. Егер осындай қорытындыға келетін болсақ, бұл аймақ не себепті емші деп аталды деген сұрақ туындайды. Берілген сұраққа жауап іздеуде келесіден бастау керек. Ямышев ауылынан 7 шақырым жерде бір ғана жол бар екені анықталды, ол жол Ямышев деп аталатын тұзды көлге апарды. Ежелгі заманнан бері адамдар тұзды көлдердің балшықтарында әр түрлі бөртпелерге, параличке, мерезге, ревматизмге, скрофула, анемия және басқа аурулар қарсы ем қабылдаған. Сондықтан Ямышев көлінің сол кездегі емдік қасиеттеріне сай бұл жерді «емші» деп атаған. Демек жергілікті көшпелі адамдар бұл балшықпен емделгендіктен осылай атауы мүмкін. Сондықтан географиялық атауы осыған байланысты деп айтады [5, 157 б.].

Ямышев ауылы туралы алғашқы деректер XVI ғасырларда орыс – қазақ сауда жолдары жайындағы құжаттарда кездеседі. Ямышев ауылы 1573 жылы Иван Грозныйдың Хакназар ханмен келісілген сауда керуен жолының бекіті болды. Қазақтармен сауда байланысының нәтижесінде орыстар Ертіс бойымен түміп Ямышев көлінің тұзына барғандары белгілі болды. Ямышев көлі туралы алғашқы орыс деректерінің біріне Тобыл губернаторының князі Андрей Елецкийдің бұйрығы бойынша Ертіс өзеніндегі Тара құйылыс маңындағы бекініс-қала құрылысы туралы айтылған. Сонымен қатар, бұл бұйрықта Ертіс пен Ямышев көлдерінен тұз әкелу бұйырылды.

1594 жылдан бастап орыс дереккөздерінде көлдің атауы Ямышев емес Ямыш деп жазыла бастады. Менің ойымша, емші түркі атауын орыс тіліне аударып, елді мекенді ямыш деп атау мағынасыз сөзге айналды. Географиялық атаулардың өзгеруінің мұндай жағдайлары туралы ғалым-энциклопедист Әбу Райхан әл-Бируни (973–1048 жж.) былай деп жазды: кез-келген жерде атаулардың тез өзгеруі-бөтен тілді бөтен адамдардың келуімен байланысты. Олардың тілдері

көптеген сөздердің қате айтылуына себеп болып, мағынасы өте терең атаулар басқаша айтылып өзгеріп кетеді [2, 123 б.].

Ямыш көлі туралы жазбалар 1601 жылы Сібірде жазылған «Есипов шежіресінде» кездеседі. 1716 жылдың күзіне қарай полковник Матигордың жетекшілігімен әскери экспедицияның келуімен бекіністің қорғанысын бекітіп, шекарасын белгілеп, солдаттарды шекараға қояды. Сонымен 1716 жылдан бастап Ямышев бекінісін қазақ жеріндегі алғашқы бекінісіне жатқызып, орыстардың Ертіс бойындағы иелігіндегі шекара бекетіне айналдырады.

Г. Н. Потанин Ямышев станициясы туралы өз естеліктерінде былай деп жазады: XVIII ғасырдың соңында бұл Ямышев Омбыдан гөрі маңызды әкімшілік сауда орны болды. Мұнда Омбыдан Өскеменге дейін барлық әскери желінің бастығы өмір сүрді. Мұнда ең маңызды гарнизон аймағы болды.

Ямышев сол кездегі ең ірі сауда желісі болды; Бұл орын өзінің сауда маңыздылығымен ерекшеленіп, Батыс Сібір, Тобыл, Томск, Алтай және Қырғыз даласының тұрғындары тұз алу үшін келетін аймақ болған. 1835 жылы Ямышево ауылында Г. Н. Потанин дүниеге келген, 300 тұрғыны болды, ал 1876 жылы – 361 адам, 1900 жылы тұрғындар саны 500-ден астам болды. Бұл қазіргі Ямышев аймағының қысқаша тарихы. Бізге белгілі болған сегіз ғасырға жуық Емші деп аталған тарихи елді мекен болған [2, 181 б.].

Серік Имантайұлы 1934 жылы дүниеге келген өлкеміздің экономика саласы мен тарихы бойынша еңбектер жазған белгілі өлкетанушы, ғалым. Серік Имантайұлы – өңіріміздің бір туар тарихи тұлғасы. Ол өндірісте де жұмыс істеп, шығармашылыққа да қатар араласып, халық пен мемлекет тарапынан марапаттаулар мен мадақтауларға ие болған, еңбегі ерен тарихи тұлға. Өзі өмір сүрген Екібастұз қаласының құрметті азаматы, Кеңестік Бейбітшілік Қорының Құрмет медалімен қатар, халықаралық Париж қаласының бейбітшілік комитетінің медалімен марапатталып, Шахтерлік даңқтың барлық үш деңгейінің иегері мен еңбек сіңірген қызметкері. Жерлестерінің сый-құрметіне бөленіп, қалалық мұрағаттан Серік Имантайұлына арнап қор ашылған.

Серік Имантайұлының этимология саласына қосқан үлесі өте көп. Ол сол жылдарда ел аузында болған аңыздар, Ресей деректерінде кездесетін ресми құжаттар, кітаптар мен тарихи деректерді сұрыптау, жинау, нақтығын дәлелдеу арқылы Ертіс-Баян өңірінің атакты тұзды көлдері Қалқамен мен Ямышев көлдерінің атауларының шығу тарихын жан-жақты зерттеген тұлға. Сонымен

қатар, зерттеулерінің ең маңыздысы, Қазақстан тарихына орны толмас үлес қосқан «Об этногенезе народа казахского» атты еңбегінде Қазақ сөзінің этимологиясын қарастырған. Және де өзі зерттеген Баянауыл ауданының ерен тұлғаларының лақап аттарының шығу тарихын зерттеген. Соның ішінде, Малайсары батыр, Кенесары Қасымұлы, Бұхар жырау, Қалқаман батыр және тағы басқаларының есімдері бар.

Серік Имантайұлы Жақсыбаев өңіріміздің зерттелуіне зор үлес қосты. Әр түрлі салада ғылыми еңбектер жазып өңіріміздің даму тарихын көрсетті. Серік Имантайұлының ғылыми еңбектерін мектепте және жоғары оқу орындарында тарих, өлкетану сияқты сабақтарда қолдануға ұсыныс беріледі

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жақсыбаев С. И. Қаржас ұрпақтары. / Түзетіліп және толықтырылып екінші рет басылуы / Павлодар: ЖК «Сытина Н. И.» баспаханасы, 2018–446 б.
- 2 Джаксыбаев С. И. Записки краеведа / рецен. Ж. О. Артыкбаев. - Павлодар: ЭКО, 2008. – 240 с.
- 3 Джаксыбаев С.И. Муравьев И. Я. Большой уголь Экибастуза. - М.: Недра, 1990.- 84 с.
- 4 Джаксыбаев С. И. Об этногенезе народа казахского. - Павлодар: ЭКО, 2011. – 372 с.
- 5 Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть 2. Санкт-Петербург, 1832. – 250 с.
- 6 Областная библиотека им. С. Торайгырова. Джаксыбаев С. И. Библиографический указатель. Павлодар, 2009. – 46 с.

ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРІ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

ЖУПАРОВА А., АЛЬКЕБАЕВА А.
11 сынып оқушысы, С. Торайгыров атындағы № 22 гимназия-мектебі,
Екібастұз қ.
САПАРГАЛИЕВ Ж. Ш.
география пәнінің мұғалімі, С. Торайгыров атындағы
№22 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Екібастұз аймағы көне ескерткіштерге өте бай өңір болып саналады. Ескерткіштер ең алдымен тас ғасырдан ұсынылған тұрақтар мен шеберханалардың шығумен ұштастырылған

палеогендік кварциттермен басқа да шакпақ тастар және бұлақ, көл және өзен тұрақтары мен қоныстар тас және қола дәуірінде пайда болды. Ерте және орта ғасырлардың көшпенділердің ескерткіштері, бірге жерлеу ғимараттары, барлық саны 200-ден артық нысандар және өте кең мәдени-хронологиялық кешендер спектрін құрайды, оларды зерттеу және жүйелеу жұмыстары өте көп күш салуын талап ету шеңберінде арнайы ғылыми-зерттеу тақырыбы әлі де аяқталған жоқ [1, б. 15].

Археологиялық ескерткіштер Екібастұз аймағында ХХ ғасырдың 50–60 жылдарында белсенді зерттелген, Ертіс-Қарағанды су арнасындайындалу кезеңде өтті. Сол уақытта М. Қ. Қадырбаевтің басшылығымен археологиялық отряд қола дәуірінің зираты Ақмолада зерттелінген және жерлеу кешендері ерте темір дәуірінде Тасмола, Қарамұрын және Нұрманбет шатқалдарында барлық әлемге Тасмолалық археологиялық мәдениетін ашқан адамдар [4, б. 26].

ХХ ғасырдың 60-шы жылдары өңірдің алғашқы палеолит ескерткіштері де ашылуда. Құдайкөл, Қарасор көлдерінің жағасында және Шідерті, М. Н. Клапчук Ангресор – 1, 2, геолог В. С. Танцырев - Қойтас 4-тің палеолитикалық орналасқан жері облыстың оңтүстігіндегі аттас шатқалында орналасқан. Бұл ашулар палеолит пен Солтүстік-Шығыс Қазақстанның тас ғасырын зерттеуге бастау алды. Осылайша, Павлодар Ертіс өңірінің археологиялық ескерткіштерінің жоспарлы зерттеулерінің басталуы облыстағы ірі шаруашылық өзгерістермен байланысты және қорғау сипатында болды.

Екібастұздық өлкетанушы О. Моол тапқан Өлеңті өзеніндегі бірегей петроглифтер мен тас дәуірінің көптеген ескерткіштері арнайы зерттелмеген. ХХ ғасырдың 60–70 жылдары Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қорында археологиялық материалдардың алғашқы жинақталуы болды [8, б. 152].

Павлодар Ертіс өңірінің археологиялық ескерткіштерін зерттеудің жаңа кезеңі 80-жыл болды. Облыстық музей жанынан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау бөлімі құрылады, оның негізгі міндеттері оларды есепке алу және паспорттау, қалпына келтіру жұмыстарын және апатты археологиялық ескерткіштерді қорғау қазбаларын ұйымдастыру болды. Осы жылдары Целиноград мұражайының экспедициясы Екібастұздың оңтүстігіндегі Ангресор – 2 тұрағында қазба жұмыстарын бастайды.

1987 жылы ҚарМУ қызметкерлері И. В. Рудковский және А. Ю. Чиндин, П. И. Оноприенконың көмегімен Екібастұз ауданында 87 тас ғасырының, қола дәуірінің, ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің ескерткіштерін паспорттауды жүргізеді.

1988 жылы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ескерткіштерді қорғау бөлімі Ескі Екібастұз авариялық ескерткіштеріне қорғау жұмыстарын жүргізу үшін В. К. Мерцтің жетекшілігімен археологиялық отряды ұйымдастырады. В. С. Волошиннің басшылығымен Целиноград мұражайының экспедициясымен бірлесіп, отряд Ескі Екібастұз археологиялық кешенінде тас ғасырының тұрақ-шеберханалары мен қоныстарына қазба жұмыстарын жүргізеді, «Северный» разрезінің кеңеюі нәтижесінде қираған. Бұдан әрі облысты археологиялық зерттеу перспективаларын анықтау мақсатында Павлодар отряды Шідерті, Өленті өзендерінің орта ағысында және Баянауыл ауданында 40-тан астам әр түрлі дәуірдің ескерткіштеріне барлау және паспорттау жүргізеді, оның тарихы осы жұмыстардан басталады. Павлодар археологиялық экспедициясының (әрі қарай ПАЭ) алдағы жұмыстарының бағытын анықтайды [8, б. 154].

1991 жылы А. А. Ткачевтің басшылығымен Қарағанды мұражайының экспедициясын аяқтады. Ескі Екібастұзда, ИИАЭ жаңа құрылыс экспедициясының құрамында, ПАЭ жасағы Екібастұз 18 тұрақ-шеберханасына зерттеу жүргізеді, ал Шідерті 3 тұрағында оның көп қабатты және тас ғасырының осы бірегей ескерткішін зерттеудің келешегін көрсеткен барлау траншея салынады.

1990 жылы ескі Екібастұзда және Шідерті-3 тұрағында жұмыстар жалғастырылды. Төменгі палеолит орналасқан жерлер мен шеберханалар, қола дәуіріндегі қоныстар мен қорымдар, көшпенділердің жерлеу құрылыстары мен жартас суреттері бар ғибадатханалар табылған. Ақ-Бидайық шатқалында зерттеу жұмыстары басталады. Осы уақытта В. С. Волошиннің басшылығымен Целиноград археологиялық экспедициясы Екібастұз ауданындағы әртүрлі дәуірлердің 38 ескерткіштеріне барлау және паспорттау жүргізеді, олардың бөлігінде қазба жұмыстары мен көтерме материалдарын жинау жүргізіледі [2].

1991 жылы ПАЭ Шідерті-3 көп қабатты тұрағында кең ауқымды қазба жұмыстарын бастайды, онда энеолит дәуірінің бірінші мәдени қабаты зерттеледі. Содан кейін В. К. Мерц пен А. А. Ткачевтің жалпы басшылығымен облыстың Екібастұз, Баянауыл және Железин аудандарында бірлескен барлау

жүргізіледі. Бұл Қазақстанның археологиялық картасы тізімінде белгіленген ескерткіштердің бір бөлігіне тексеру жүргізуге және 170-ке жуық археология ескерткіштерін тіркеп, жаңа нысандарды анықтауға мүмкіндік берді.

1992 жылы ПАЭ Құдайкөл көлінің оңтүстік жағалауында, оған Екібастұз қаласының техникалық суының төгілуіне байланысты зерттеулер жүргізеді. Мұнда 30-дан астам тас дәуірінің тұрағы анықталды, онда көтергіш материалдар мен шурфовка алынды. Ерте темір дәуірінің қорғаны және зиратта жатқан қыш және жануарлардың сүйектері көп болатын құрбан болған кешен немесе қоныстың қалдықтары зерттелді, Шідерті-3 тұрағында да жұмыстар жүргізілуде. 1993 жылы Шідерті-3 тұрағын зерттеу жалғасуда, онда неолит және мезолит дәуірінің қабаттары зерттеледі, 120 ш.м. алаңда қара-тұмсық қорымындағы күзет қазбалары жүргізіледі, онда 63 жерлеу зерттелді, олардың негізгі бөлігі балалар болып табылды. 1994 жылы Шідерті-3 тұрағындағы жұмыстардан басқа, Нұрманбет-1 тұрағы неолит дәуірінің апатты ескерткіштеріне зерттеу жүргізілуде және 1996 жылы жалғасқан Екібастұз 20 палеолит шеберханасын зерттеу басталады. 1995 жылы Шідерті-3 тұрағында және неолит–энеолит дәуірінің көп қабатты ескерткіші болған Құдайкөл 4 тас дәуірінің авариялық тұрағында қазба жұмыстары жүргізілуде [8, б. 156].

Осы зерттеулерді жүргізу үшін 1994 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ-да тарих бөлімінің ұйымы маңызды мәнге ие болды, оның студенттері 1995 жылдан бастап Шідерті-3 тұрағы мен басқа да ескерткіштердің қазбаларында археологиялық практикадан тұрақты өтті, алынған коллекцияларға зерттеу жүргізді, ғылыми-практикалық конференцияларға өз зерттеулерінің нәтижелерін көрсете білді.

1996 жылы Екібастұз қалалық мәдениет бөлімінің тапсырысы бойынша, қалалық мұражайдың экспозициясын құру үшін ПАЭ Ақ-Бидайық шатқалындағы қола дәуіріндегі қорым мен қоныстарға қазба жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, тұрақты зерттеу объектісі және ПАЭ базалық лагері болған Екібастұз 20 тұрақ-шеберханасында және Шідерті-3 тұрағында жұмыстар жалғастырылды. Мұнда, 1997–2000 жылдардағы дала маусымдарында да жұмыстар жүргізілді, олар ағаш көмірімен және күлмен толтырылған энеолит керамикасының, тас құралдарының, өшекейлердің, ошақтардың және жер пешінің жаңа үлгілерін, сондай-ақ неолит пен мезолит бойынша жаңа материалдарды берді. Олардың арасында

геометриялық микролиттермен мезолитикалық кешендерді зерттеу ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, осы жылдары облыстың әртүрлі аудандары бойынша барлау жүргізілді, нәтижесінде көптеген жаңа қызықты нысандар мен түрлі дәуірдегі кездейсоқ олжалар анықталды [3].

Жаңа кезеңі археологиялық ескерткіштерді зерделеу өңірдің совпавший келуімен жаңа мыңжылдықтар, 2001 жылы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жанындағы ПАЭ базасында басталды. С. Торайғыров атындағы Археология институтымен келісім бойынша ҚР БҒМ Ә. Х. Марғұлан археологиялық ғылыми-зерттеу орталығы мен археологиялық мұражай құрылды, онда ПАЭ археологиялық зерттеулерінің он жылдан астам уақыт ішінде нәтижелері көрініс тапты. Жас археологтар мен студенттердің қатысуымен облыс және іргелес аумақтардағы ескерткіштерге кең ауқымды зерттеулер басталды.

Шідерті археологиялық кешенінде Шідерті-3 көп қабатты тұрағынан басқа Шідерті-10 ерте қола дәуірінің қорғаны зерттелді, Шідерті-2 қонысының шурфовкасы ерте қола кешенінің болуын растады. Кейінгі қола дәуіріндегі Шідерті-1 қонысында тас конструкцияларының қалдықтары мен бай мәдени қабат анықталды. 2002 жылы Шідерті археологиялық кешенінің ескерткіштерінде: Шідерті-3 тұрағында, Шідерті-10 және Шолпан-4 ерте бронды қорымдарында, Қорғантас және қыпшақ типтеріне материалдар берген Шідерті 17–18 қорғандарында жұмыстар жалғастырылды. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Екібастұз мәдениет бөлімімен және қалалық тарихи-өлкетану музейімен келісім шарт бойынша Екібастұз неолит және ерте қола дәуірінің тұрақтарына күзет қазу жұмыстары жүргізілді [8, б. 158].

2005 жылғы зерттеулер «Мәдени мұра» республикалық бағдарламасы аясында өткізілген Шідерті-3 көп қабатты тұрағына толығымен арналды. Қазбаның оңтүстік-шығыс секторындағы 3 және 4 қабаттарының қалдықтары 200 ш.м. астам алаңда зерттелді [6]. Екібастұз ауданында, Бозшакөл мыс-молибден кен орнында экспедиция ежелгі қазбалар мен ежелгі рудокоптардың ірі қонысын тапты. Осындай сканерлеу Шідерті-1 қонысында жүргізілді, ол оның жер асты құрылымдарының жоспарлануын және одан әрі зерттеулердің келешегін көрсетті. Сондай-ақ, облыстың әртүрлі аудандары бойынша инспекциялық және барлау сапарлары жүргізілді.

2006 жылы Шідерті-3 тұрағында «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша зерттеулер жалғастырылды. Олар 5 және 6 мәдени ескерткіштің далалық зерттеулерін аяқтау болжанған қазбаның сол учаскесіндегі қабаттар. Ошақтық дақтардың қабыршақтары және кремний бұйымдары мен өндіріс қалдықтары көп өндірістік алаңдар табылған, тамыр беткейіне жанасатын 6 қабаттың учаскесі неғұрлым қаныққан болды. Бұл жұмыстармен ескерткіштің көп жылдық зерттелуінің негізгі бөлігі аяқталды, оның материалдары бойынша Солтүстік және Орталық Қазақстанның голоцандік кешендерін кезенділікке диссертациялық зерттеу жүргізілді [7].

2007 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы 2007–2008 жылдарға арналған «Павлодар облысы ескерткіштерінің жинағы» жобасы бойынша зерттеу жұмыстарын бастады. Павлодар облысының археологиялық ескерткіштерін зерттеу бойынша жұмыстарды қорытындылай келе, сол жақ жағалау өңірінің орналасқан жері мен шеберханаларында жиналған палеолит кешендерін зерттеу олардың төменгі палеолиттен голоцандік дейінгі даму сипаты мен реттілігі туралы бастапқы пайымдауларға түзетулер енгізгенін атап өту қажет. Ангресор-2 тұрағында жоғарғы палеолиттің стратификацияланған кешендері алғаш рет зерттелді. Сондай-ақ, солтүстік және Орталық Қазақстанның мезолит тас индустрияларының хронологиясы мен кезеңдеуін нақтылауда да елеулі табыстарға қол жеткізілді. Бұл көп қабатты Шідерті-3 тұрағының ұзақ зерттеулерінің нәтижесінде жасалды, ол ерте мезолиттен энеолит пен ерте қола дәуіріне дейінгі тас дәуірінің кем дегенде алты мәдени қабатынан тұрады. Бұл бірегей ескерткіштің материалдары Солтүстік және Орталық Қазақстан аумағында ерте голоцандік болған индустрияның жүйелілігі, сипаты мен түрлері туралы кеңірек түсінік береді [9].

Олар өңірдің мезолит-неолит туралы бастапқы түсінікке және атап айтқанда шідертілік материалдарда белгілі бір параллельдерді көріп отырған Атбасар мәдениеті кешендерінің кезенділігіне елеулі түзетулер енгізеді. Мезолит дәуіріне жататын осы тұрақтың ең ерте кешендері (4-6 қабаттар) алғаш рет геометриялық микролиттері бар индустриялармен ұсынылған және шығу тегі өте алыс аумақтармен байланысты. Тұрақтың энеолитикалық кешені жаңа үлгідегі материалдармен ұсынылған, олардың негізінде біздің ойымызша, негізінен айналадағылар Ботай, терсек және үлкен мүйіс мәдениетінен ерекшеленетін, бірақ Усть-Нарым тұрағының соңғы

кешеніне жақын [5] мал шаруашылық бағыттағы экономикасы бар дербес археологиялық мәдениет бөлу туралы айту заңды.

Айта кету керек, Шідерті-3 тұрағындағы экспедицияның базалық лагері археологиялық дайындық мектебінен өткен және ежелгі тарих, археологиялық барлау жүргізу әдістемесі, тас ғасыры тұрақтарын, қола дәуіріндегі қоныстарды, ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің жерлеу құрылыстарын қазу, сондай-ақ Шідерті археологиялық кешенінің ескерткіштерінде және Павлодар облысының басқа да нысандарында жиналған коллекцияларды зерттеу бойынша практикалық білім алған жүздеген оқушылар мен студенттер үшін оқу орталығы болды. Мұнда көптеген жас және жас зерттеушілер Г. Ю. Пересветов, Т. Н. Смағұлов, Е. К. Тушева кәсіби бағдар мен археологиялық жұмыстарды жүргізу дағдыларын алды. Е. С. Қазизов, И. В. Мерц, олар өздері археологиялық зерттеулермен табысты айналысуда және жақын арада оңжылдықтар Павлодар облысындағы археология ескерткіштерін қорғау және археологиялық ғылымды дамыту ісін жалғастыратын болады [8, б. 162].

Осылайша, соңғы бес онжылдықта Екібастұз өңірінің археологиясы бойынша көздердің жинақталу процесі және оларды зерттеу қарқынының өсуі, ал 1988 жылы ПАЭ-ны ұйымдастырумен және облыс ескерткіштерін зерттеуге басқа ғылыми орталықтардан мамандарды тартумен соңғы екі онжылдықта мұндай зерттеулер жүйелі түрде жүргізілді. Осы уақыт ішінде осы аймақтың ежелгі мәдениеттері бойынша мүлдем жаңа материалдар беретін көптеген археологиялық ескерткіштер ашылды. Аталған кешендер көбіне соңына дейін зерттелмеген, бірақ олардың зерттеулері өте перспективалы және болашақта көптеген қызықты жаңалықтарды қозғайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 776 б.

2 Қазақстан археологиясындағы жаңа зерттеулер: «15-ші Марғұлан оқулары» ғылыми-практикалық конференция жинағы. – Алматы, 2004. – 251 б.

3 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жиынтығы. Павлодар облысы. – Алматы: Аруна, 2010. – 599 б.

4 Марғұлан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966 – 436 с.

5 Мерц В. К. Павлодар Ертіс тарихы, археология және этнография мәселелері: «Мәдениетті қолдау» жылына арналған ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: Ф. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, 2000. – 112 б.

6 Мерц В. К. Индустрия четвертого слоя стоянки Шидерты 3 // Изучение памятников археологии Павлодарского Прииртышья. – Вып. 2. – Павлодар: ЭКО, 2006. – С.10–23.

7 Мерц В. К. Периодизация голоценовых комплексов Северного и Центрального Казахстана по материалам многослойной стоянки Шидерты 3. : автореф. дис. канд. ист. наук. – Кемерово, 2008. – 26 с.

8 Мерц В. К. Итоги и перспективы археологического изучения Павлодарского Прииртышья // Өлкетану-Краеведение. – № 1–2, 2010. – С. 150–172.

9 Мерц В. К. Краткая история развития материальной культуры Павлодарского Прииртышья. – Павлодар: ПГУ, 2019. – 142 с.

АГРАРНОЕ ДВИЖЕНИЕ В КАЗАХСТАНЕ

ҚАЙЫР Ж. Г.

ученик, Павловская СОШ, с. Павловка

ЖАКУПОВ М. О.

учитель истории, Белоусовская СОШ, с. Белоусовка

Обретение независимости Республикой Казахстан, ее становление и развитие как суверенного государства предопределили начало изучения истории страны как важного инструмента духовного возрождения и поднятия духа народа. За 30 лет независимости ученые смогли перевернуть огромный пласт родной истории, ликвидировав множество «белых пятен» истории, которые были «утрачены», забыты, не востребованы в период командно-административной системы управления.

Не одно десятилетие история изучалась односторонне, с точки зрения существовавшей и единственно верной идеологии марксизма-ленинизма. «Советская историография рассматривала каждое освободительное выступление народов окраин, как явление региональное, внутрисоюзное. Отсутствие целостного

взгляда на общество мешало пониманию исторического процесса как взаимосвязанного, находящегося в постоянном диалектическом развитии. Доминировал избирательный подход к фактам и их тенденциозная интерпретация» [1, с. 3]. Данная точка зрения привела к определенным взглядам общества на те или иные события. Поэтому сейчас важно показать действительно верную, без влияния какой-либо идеологии и искажений историю Казахстана.

В данной работе рассматривается процесс исследования социально-политических движений в Казахстане. В период господства советской идеологии говорилось, что как такового движения в Казахстане не было, и борьбу вел только русский народ. Остальные народы просто пришли на все готовое, приняли поданную идеологию как единственно верную. Хотя лидеры «Алаш» понимали, что Советы дают народу работу и послабления, но отбирает свободу, которая выражается в праве выбора.

О причинах и развитии рабочего и крестьянского движения говорят многие источники. И процессу социально-политических движений посвящено немало исследований.

Причинами движений рабочих и крестьян казахского края являются колониальная аграрная политика царизма, обострение земельного вопроса и усиливающаяся колонизация. С каждым годом удельный вес автохтонной нации уменьшался, тогда как численность других национальностей увеличивалась.

А. Букейханов, М. Дулатов, М. Тынышпаев и другие представители казахской интеллигенции в своих трудах показывали проблемы социально-политических движений.

В статье «Киргизы» А. Букейханов писал, что «Во всех 10 областях, взятых вместе, киргизы, каракиргизы, кыпчаки составляют 51 % всего населения» [2, с. 578], а русского (11,5 %) и других народностей (37,5 %). По другим данным численность казахского населения в 1897 году составляла 81,8 %. Но уже к 1926 году удельный вес казахского населения составляет 58,5 %. Всем прибывающим выдавалась земля из фонда за счет земель казахов. Только за период 1906–1912 гг у казахов изъяли свыше 17 млн десятин, а к 1917 году в общем было изъято 45 млн десятин плодородных земель. Казахи же вытеснялись в бесплодные земли. По переписи 1897 года «чисто пастушеское хозяйство киргиза, постепенно уступает место смешанному земледельческо-пастушескому типу» [2, с. 579] и уже составляло около 20 % казахских хозяйств.

Еще одной отрицательной чертой колонизации края «как и на других окраинах России, и в киргизской степи искони ведется обрусительная политика», против которой выступала не только казахская интеллигенция, но и весь народ. По словам А.Букейханова, обычными спутниками политики русификации были грубость, произвол, безцеремонное третирование казахских святынь. Это все усугубляется тем, что правители не знают языка народа и общаются только с помощью переводчиков, также лишенных образования. «Наиболее ловкие переводчики захватывают в свои руки всю неограниченную власть уездного или крестьянского начальника и являются настоящими диктаторами своего уезда или участка». [2, с. 585]. Все это делалось нарочно. Царская администрация не принимала прошений на казахском языке, считала, что «сами киргизы должны возвыситься до нас; мы же не обязаны учиться их языку».

В культурном плане тоже было давление, что не устраивало местное население. «Администрация требовала, чтобы в киргизских мектебах – национальных начальных школах – учитель знал русский язык» [2, с. 592]. Для открытия школы или мечети требовалось специальное разрешение, но его обычно не давали. Поэтому мечети и школы стали открываться нелегально, прячась от царской администрации. Было разрешено действовать православным миссионерам, но население к ним относилось настороженно, поэтому и роль их была ничтожна.

Грамотность населения низкая. Да, в степи появились грамотные люди, но сколько их сказать сложно, так как и обучались они тайно. Ничтожно мало грамотных среди женского населения.

Что же касается самих переселенцев с центральных регионов России, то и у них было не все сладко. На территорию Казахстана и в Сибирь было дано разрешение переселяться для того, чтобы разгрузить центральные регионы России. Об этом говорит и Е. Б. Бекмаханов в своем труде «Национально-освободительное движение в Казахстане в период первой русской буржуазно-демократической революции». Царизм позволил «переселяться в Сибирь и киргизские степи, и вот теперь около 500 тысяч крестьян с женами и детьми голодают на станциях Сибирской железной дороги, другие разоряются киргизами, у которых тоже не хватает земли». [3, с. 6]. Тот же голод и отсутствие земли встретило переселенцев и в Казахстане. Несмотря на создание огромного переселенческого фонда, большая часть земли была в руках крупных

хозяйств и значительная часть крестьянства по-прежнему оставалась безземельной. Поэтому прокламации ячеек Российской социал-демократической партии находили отклик в сердцах не только переселенцев, но и местного населения – казахов.

В период революции 1905–1907 гг в стране развернулось массовое аграрное крестьянское движение, охватившее не только всю Россию, но и территорию Казахстана. Распространенными формами классовой борьбы были: насильственный захват кулацких земель, порубка леса, увоз заготовленного сена, отказ от уплаты налогов и т.д.

Особенно сильными были выступления в Семипалатинской, Торгайской, Уральской, Акмолинской областях и Жетысу. Царизм специально разжигал межнациональную рознь, натравливая русских переселенцев против казахов. Столкновения между кулацкими хозяйствами и казахским шаруа только усиливались.

Выступления русских переселенцев также имели место. В годы Первой мировой войны переселенцы выступили против роста цен, налогов, повинностей и произвола чиновников.

Одновременно с крестьянским движением в Казахстане вспыхивает национально-освободительная борьба казахских трудящихся, вызванная аграрным кризисом.

В целом, во время первой буржуазно-демократической революции и первой мировой войны аграрное движение получило широкое распространение, однако, оно оставалось слабым, лишенным единства и носило локальный характер.

Исходя из выше сказанного можно сделать вывод, что причины аграрного движения и параллельно вспыхнувшего рабочего движения намного шире, чем трактовался историками советского периода. Об этом свидетельствует также и работы Бекмаханова Е. Б., за что он и был репрессирован.

2 Ребята, непосредственно не участвующие в травле, переживают много негативных эмоций: страха быть на месте жертвы, бессилия, негативного отношения к школе. В ходе исследовательских мероприятий было установлено, что влияние школьного климата на возникновение травли неизбежно. Было выявлено доброжелательное отношение между сверстниками, что явилось в качестве хорошим инструментом в профилактических целях моббинга. Также нами было обнаружено, что создание ситуаций успеха, постановка совместных творческих задач и формирование ценностей и правил, исключает насилие и неравенство в отношениях.

3 Для учителей самыми частыми последствиями моббинга являются большее количество негативных эмоций в общении с детьми, проблемы с дисциплиной в классе, снижение статуса среди учеников, чувство собственной несостоятельности и бессилия, конфликты с родителями. Психологи предложили учителям инициировать совместную с детьми выработку правил класса, создавать формы подкрепления выполнения этих правил и давать четкую моральную оценку поступков, нарушающих эти правила.

4 Недоброжелательная обстановка, разобщенность между детьми, снижение мотивации к учебе, недоверие к взрослым – это основные последствия травли для детского коллектива.

5 Одним из самых действенных способов было включение в сеть 8 и 7 классов специально разработанного телеграмм-канала, где подростки были информированы и получали зримую психологическую поддержку. Такие мероприятия формируют приверженность к проблеме не только у педагогов, но и у администрации, - отмечают ученые. Также они считают, если

проводить антибуллинговые программы в рамках целой школы, а не одного класса, это позволит включить всех взрослых, с которыми ребенок взаимодействует в школе.

6 После изучения литературы о моббинге и буллинге мы пришли к основному выводу. Семья является основой в становлении каждой личности. Поэтому очень важную роль играют родители. Оскарбление, унижение в семье некогда просто так не уходят. Именно жертвы, также как и агрессоры испытывают большую долю ненависти к себе и к окружающему миру. Отсюда дискомфорт в отношениях с людьми, недопонимание окружающих людей. Психологи полагают, что семейные сценарии уже в детстве сохраняются на подсознательном уровне у человека. Поэтому нужно помнить родителям, что унижая ребенка дома, родители невольно делают его жертвой буллинга и моббинга в школе и в целом по жизни.

В ходе проведенной нами исследовательской работы мы смогли подтвердить нашу гипотезу: моббинг в школьной среде негативно отражаются на развитии личности подростка.

ЛИТЕРАТУРА

1 Вишневская В. И., Бутовская М. Л. Феномен школьной травли: агрессоры и жертвы в российской школе «Этнографической обозрение» 2010. № 2.

2 Волкова Е. Н. «Проблемы насилия над детьми и пути их преодоления» Под. ред. Е.Н. Волковой. – СПб.: Питер, 2008.

3 Д. Олвеу «Буллингв школе» Dan Olweus: Gewalt in der Schule, Bern 1996.

4 Ушакова, Е. Н. «Буллинг – новый термин для старого явления». «Директор школы» – 2009. – № 6. – С. 84–87.

5 Методы помощи пострадавшим от буллинга <https://iq.hse.ru/news/301985136.html>

6 <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2020-01/pochti-kazhdyy-pyatyy-kazakhstanskiy-podrostok-stanovitsya-zhertvoy-travli>

7 http://sosh21.kalm.eduru.ru/media/2019/12/10/1265478277/Bulling_Tipy_vidy_tehnologii_reagirovaniya.pdf

8 <https://nsportal.ru/shkola/materialy-k-attestatsii/library/2016/10/14/metodika-na-opredelenie-indeksa-gruppovoy>

2.4 Қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері
2.4 Актуальные проблемы казахского языкознания и
литературоведения

**КОНЦЕПТ «ҚАТЫНАС/ОБЩЕНИЕ» В КАЗАХСКОЙ И
РУССКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРАХ**

ДУАНОВА Д.Д.

ученик, Специализированная школа-лицей «Жас дарын», г. Павлодар

КУСТАВЛЕТОВА А. Б.

учитель русского языка и литературы,

Специализированная школа-лицей «Жас дарын», г. Павлодар

Введение

Развитие современной лингвистической науки связано с интеграцией материалов из самых разнообразных сфер научного знания, поэтому новые парадигмы языкознания предполагают тесное, глубинное взаимодействие лингвистики, психологии и культуры. Осознание необходимости совмещать креативный потенциал разных наук пришло тогда, когда данные когнитивной психологии показали, что процесс обработки информации и локализации ее в сознании человека – процесс многомерный и сложный. Анализ психики человека и устройства его мозга возможен лишь в условиях взаимодействия языка и познания. Отсюда вполне обоснованно и логично возникновение такого актуального направления современной филологии, как когнитивная лингвистика, рассматривающая механизм отражения мира в сознании человека.

В настоящее время это одно из активно развивающихся направлений современного языкознания, в рамках которой важнейшее значение получает изучение языковой картины мира и ее составляющих – концептов, определяющих разные уровни представлений о мире в сознании носителей разных языков [1].

Комплекс переживаний, эмоциональных потрясений человека, его представлений о мире в концентрированной, когнитивно и лингвистически обработанной форме воплощаются в концепте, под которым принято понимать многомерное ментальное образование [1].

Проблема классификации и описания типов культурных концептов представляет собой один из наиболее актуальных

аспектов этой отрасли науки. Наш научный проект посвящён исследованию концепта «қатынас/общение» в казахских и русских лингвокультурах.

В настоящее время термин концепт можно считать общепринятым, однако содержание этого термина понимается исследователями по-разному. Так как концепт – категория мыслительная, ненаблюдаемая, появляется большой простор для ее широкого толкования. По мнению Ю. С. Степанова, концепт представляет собой смысл слова, основную ячейку культуры в ментальном мире человека. Ученый считает, что структура концепта обязательно складывается из трех основных компонентов: 1) «буквального смысла», или «внутренней формы»; 2) «пассивного», «исторического» слоя; 3) новейшего, актуального и активного слоя [2].

Поскольку концепт обладает сложной, многомерной структурой, «включающей помимо понятийной основы социопсихо-культурную часть, которая не столько мыслится носителем языка, сколько переживается им (она включает ассоциации, эмоции, оценки, коннотации, присущие данной культуре), то дать всеобъемлющее, непротиворечивое толкование этого термина, не представляется возможным. Перечислим основные его признаки. Будучи явлением многомерным, концепт включает в себя «как рациональное, так и конкретное, как универсальное, этническое, как общенациональное, так и индивидуально-личностное» [2]. Иными словами, концепт есть «понятие, погруженное в культуру».

Концепты – это мыслительные образы, составляющие концептосферу человека, кванты знания (по определению Е. С. Кубряковой). Коммуникативно востребованные концепты, то есть такие, о которых люди хотят говорить, получают языковые номинации, вербализуются. Иначе говоря, они представлены акустическими знаками, которые можно произнести и услышать. То, что такими знаками являются лексемы (фонетические реализации слов), не вызывает сомнений. Именно в слове заключен (по определению Е. С. Кубряковой) концепт, «схваченный знаком» [3].

Нами предлагается сравнительная таблица представлений о концепте «қатынас/общение» в неформальном общении, в толковом словаре, во фразеологизмах, пословицах и поговорках, а также в афоризмах известных представителей казахского и русского народов. Как видно из нее, в казахском языке на первое место

выходит компонент «связь» и «совместная деятельность», а в русском языке – «воздействие» и «способ творения друг-другом».

Общение	В казахском языке	В русском языке
Толкование	Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін тудызып, байланыс орнататын күрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоционалды ақпарат, тәжірибе, білімдер, біліктер, дағдыларалмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуының және қалыптасуының қажетті шарты болып табылады. Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады.	Общение - одна из форм человеческого взаимодействия, благодаря которой люди как физически, так и духовно творят друг друга. Люди могут нормально жить только в общении друг с другом, обмениваясь опытом, влияя друг на друга. Поэтому очень важно формировать высочайшую софийную культуру общения. В психологии определяется как взаимодействие двух или более людей, состоящее в обмене информацией познавательного, эмоционально-оценочного или другого характера.

Овладение концептом «общение», бесспорно, позволяет участникам коммуникации подключиться к процессу осмысления языковой картины другого этноса, проникнуть в сложный и интересный мир языковой личности, поскольку концепты как ментальные сущности отражают культурно-национальное представление человека о мире. Через общение человек вступает в отношения с окружающим его миром, с людьми. Общение, занимая важное место в жизни человека, имеет высокую психологическую и социальную значимость. Для людей разных национальностей общение приобретает особое значение в эпоху глобализации, возрастающей роли информационного потока, осознания нациями собственной уникальности. Общение – своеобразная нить, соединяющая представителей одного этноса, целые страны и народы. По мнению Н. В. Уфимцевой, образ мира, существующий в сознании носителей данной культуры, рассматривается как основополагающий компонент культуры этноса. Именно образ мира является универсальным механизмом адаптации этноса к окружающему миру, поскольку им задаётся та система координат,

в которых будет действовать представитель данной этнической культуры [11, 4]. Этноты отличаются друг от друга, прежде всего, культурой в самом широком смысле этого слова. Общение всегда совершается в том или ином социальном ключе и в рамках определённых коммуникативно-прагматических типов, поэтому в содержание речи неизбежно включаются соответствующие семантические элементы, образующие семантическую сферу общения, или семантику общения.

Нами был проведен опрос представителей разных поколений русских и казахов, в него было включено 3 вопроса на русском языке (Что такое общение? Как вы общаетесь со своими родными, друзьями, коллегами/однокурсниками и с незнакомыми людьми? Какое место в вашей жизни занимает общение?), также 3 вопроса на казахском языке (Қарым-қатынас деген не? Туысқандармен, достармен, әріптестермен, бейтаныс адамдармен қандай қарым-қатынастасыз? Сіздің өміріңізде қарым-қатынастар қандай орын алады?) ответили 60 человек. 30 человек носителей казахского языка, 30 человек носителей русского языка.

Наиболее часто встречающимся пониманием сути общения в русскоми казахском языках является – коммуникация между людьми, взаимоотношения между людьми, взаимопонимание, обмен информацией, диалоги, заинтересованность, связь. Чаще всего с родными они общаются очень близко и питают к ним доверие, с друзьями и коллегами/однокурсниками общение получается эмоциональным, но, обращаются обычно по деловым вопросам, а с незнакомцами – уважительно, настороженно. На вопрос про то, какое же место занимает общение в их жизни, информаторы в большинстве случаев отвечали что оно находится на первом или на высоком месте.

Заключение

Общение во все времена занимало большое и важное место в социализации человека, его интеграции в общество, в реализации его потенциала. Общение – это неотъемлемый аспект в жизни человека, дающий возможность людям делиться той или иной информацией друг с другом. Оно связывает их и помогает установить взаимосвязь между собой. Человек не может обойтись без коммуникации, ему каждый день приходится с кем-то разговаривать. Данный необходимый процесс обмена информацией, путём установления контакта с кем-либо, в том числе позволяет людям формировать

свою личность, заводить знакомства, которые могут перерасти в нечто большее, и в целом научиться вести разговор.

В нынешнее время способов и видов коммуникации стало больше, теперь люди общаются между собой в интернете посредством мессенджеров, социальных сетей и различных сайтов для знакомств. Человек стал общаться больше в цифровом формате отправляя текстовые и голосовые сообщения. К тому же, взаимосвязь на расстоянии стала возможной относительно недавно и с каждым годом становится удобнее и легче.

Социолингвистический опрос для изучения практического понимания содержания концептов с участием представителей казахской и русской лингвокультур позволил выявить что, многим людям в возрасте 15–17 лет общение дается достаточно легко и является неотъемлемой частью жизни, а люди старшего поколения не видят необходимости в повседневном посредственном общении и не стремятся дальше развивать свои социальные навыки. Многие предпочитают живое общение, так как, значение имеет присутствие собеседника и его эмоции, которые можно ясно ощутить. Однако, они согласны с мнением что интернет общение имеет место быть, из-за его практического удобства.

Таким образом, мы выявили, что для большинства людей общение является жизненно необходимой потребностью. Это связано со стремлением к обмену своими знаниями, мыслями, какой-либо информацией и самое главное – эмоциями. Зачастую общение доставляет много удовольствия и проведенный вместе досуг не может сравниться ни с каким-либо другим опытом в онлайн общении. Так же, живые эмоции людей, которые можно ощутить здесь и сейчас, будь они позитивные или же негативные, с помощью которых можно разглядеть в человеке нечто большее, чем обычного собеседника придают общению совершенно иные краски.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Маслова В. А. Лингвокультурология (4-е изд.) учеб. пособие. – М.: Академия, 2010. С. 208.
- 2 Степанов Ю. С. Константы: словарь русской культуры: 3 – изд. – М.: Академический проект, 2014. С. 42–67.
- 3 Кубрякова Е. С. Концепт//Краткий словарь когнитивных терминов/ под общ. ред. Е.С. Кубряковой. – М.: Изд-во МГУ, 1996. С. 90–93.
- 4 «Вестник ПБГУ» (102 стр) .

ANALYSIS OF THE EQUIVALENCE OF MODERN TEEN LITERATURE TRANSLATION FROM ENGLISH INTO KAZAKH BY THE EXAMPLE OF THE KAZAKH TRANSLATION OF HARRY POTTER AND THE PHILOSOPHER'S STONE

YELEMESOVA ZH.R.

Student, specialized school «Zhas daryn» of Pavlodar city

DAULBAYEVA K.M

Scientific adviser

The article aims to present the information about the specifics of translation of modern teenage literature from English into Kazakh on the example of the Kazakh translation of «Harry Potter and the Philosopher's Stone» in terms of equivalence translation.

The relevance of this work is to analyze the equivalence of the English and the recently released Kazakh version of the book “Harry Potter and the Philosopher's Stone”. At the moment, there are few high-quality Kazakh translations. The importance of this problem is due to the role of translation as a means of international exchange of cultural and spiritual values.

Each book is unique in its way and carries a deep meaning. The role of translators in this area is very important, as they must bring us the story with the same emotional colouring and meaning.

The study of translations of linguistic means and their critical analysis undoubtedly contributes to a deeper, more comprehensive knowledge of the original and an understanding of its mentality through artistic culture.

One of the central concepts of the theory of translation is the concept of «equivalence of translation», which denotes the relative commonality of the translation and the original in the absence of their identity.

The equivalence of individual words in the original and the translation implies the closest possible proximity of the subject-logical and reflects the nature of perception of the information contained in the word [1, 9 p.].

Three consequences follow from this. First, the condition of equivalence must be included in the very definition of translation. Secondly, the concept of «equivalence» acquires an evaluative character: only an equivalent translation is recognized as «good» or «correct» translation. Thirdly, since equivalence is a condition of translation, the

task is to define this condition by stating what the translation equivalence is, what must necessarily be preserved in translation.

The equivalent translation [4, 272 p.] is a translation that reproduces the content of the original foreign language at one of the levels of equivalence. By the content of the original is meant all the information transferred. According to the meanings of the terms «equivalence» and «adequacy», an adequate translation includes a certain degree of equivalence, but an equivalent translation may not be adequate.

As in other branches of translation, equivalent translation can also have problems. First, some definitions of translation substitute equivalence for identity, arguing that the translation must fully preserve the content of the original. A. V. Fedorov, for example, uses the term «wholeness» instead of «equivalence», saying that this wholeness includes «an exhaustive transfer of the semantic content of the original [5, 252 p.]. However, his colleagues have to resort to numerous arguments, which contradict the original definition. Hence, Barkhudarov draws the logical conclusion that «the text of translation can never be a complete and absolute equivalent of the text of the original.

Secondly, if a translation can fulfil the same function or describe the same reality, then it is equivalent. However, no matter what part of the original's content is chosen as the basis for achieving equivalence, there are always many performed translations in which this part of the original information is not preserved.

Translation Analysis


To begin with, we decided to analyze by lexical composition. In this part, the translation of many proper names was equivalent, but in this form, we could not convey the whole essence of the character, as the author wanted. Taking this information into account, we decided to study the meaning of some names, that is, anthroponyms from the book. Most of them go back to French or Old English [3, 105 p.].

Proper name	Translation	Significance
Voldemort	From the French «voldemorto» means «flight of death» or «flight of the dead».	The author wanted to use the name to assign to the character a kind of threat and fear of others to him.

Malfoy Draco	From the French ;“mal” - bad, evil; “foy”, “foi”- faith.	This name best represents Draco. As the son of the Death Eater, the boy fully adopted his militant attitude toward the Muggles, becoming a follower of pureblood doctrine.
Albus	According to the occultist, it symbolizes the white energy that turns suffering into happiness.	So the author wanted to show that Dumbledore was never proud or vain and his ability to find something of value in any person.
Harry	Harry is derived from Harold and comes from the Old English Hereweald. “Here” means “army” and weald “to rule, govern”.	Such a name suits a boy who is destined to fight the greatest villain of the wizarding world. And yet he is Harry, not Harold. The author emphasizes the young age of the future brave hero.
Potter Lily	Lily means “purity, virtue”.	The author best describes Harry's mother by this name. Her willingness to die for her son gave the boy protection from the dark wizard. As a result, Harry became the first person to survive the effects of the killing curse.
Potter James	James means “the one who follows in his footsteps”.	This name suits him because the shadow of his dead father constantly helps Harry to overcome difficulties.

The names of the characters are translated equivocally, which is reflected well in the book, but without meaning to the readers. Thanks to them, we better understand the motivations and characters. For readers who read the original and understand a foreign language, the depth and meaning of all the characters were clear, but for people who have read only the Kazakh translation, their names will remain a mystery. To avoid this problem, we suggest adding footnotes by name. This way the reader can not only understand the character, but also some of his motives for different actions.

From the data of proper names and neologisms we can come to this conclusion:



Next, we decided to study types of compound sentences, especially conditionals [2][6]:

Conditionals	English	Kazakh
Third Conditional	If he hadn't, he might have found it harder to concentrate on drills that morning.	Äitpese бүгін жүмысы жайна қалар еді.
Second Conditional	If anyone looked out of their window now, even beady-eyed Mrs. Dursley, they wouldn't be able to see anything that was happening down on the pavement.	Endi közi qyrağy misis Dursli сияқтылар тerezeden қанша қараса да ештеңе көре алмастай түнек орнады.
Zero Conditional	It all gets so confusing if we keep saying «You-KnowWho».	«Өзіміз-билетін-әлгі» десек шатаса береміз ғой.
Second Conditional	I wouldn't be surprised if today was known as Harry Potter day in the future.	Bolashaқта bul күн «Hárrı Potter күні» деп аталса да таңғалмаспын.
Second Conditional	Even if I could, I wouldn't.	Qolymnan kelse de times edim.
First Conditional	No, we'll ignore it. If they don't get an answer...	Joq, eshteñe bolmağandaı júre береміз. Olar jaıap almasa...

Second Conditional	We think it might be nice, if you moved into Dudley's second bedroom.	Apayım ekeýimiz bir oıǵa keldik... myna jer saǵan tar bolyp barady... múmkin Dadlıdıń ekinshi bólmesine kóshseñ jaqsy bolar edi.
First Conditional	If they can't deliver them they'll just give up.	Hat salatyn jer taba almasa, aqyry qoiar.
Second Conditional	Would it be all right, if you gave me a lift?	Jetkizip salasyz ba?
First Conditional	Look, if you don't hurry up, he'll already have the Stone.	Qazir men júremin, jeñgen soń yaqyt ótkizip almañdar!
Third Conditional	He'd have found out even if you hadn't told him.	Sen eshteñe aıtpañañ da bilip alar edi.

Through this analysis, we realized that grammatical features were translated adequately and non-equivalently. The translators were trying to convey the meaning and understanding of the grammar to the readers, hence it was almost impossible to maintain equivalence.

In conclusion, if we analyze the text according to V. N. Komissarov's method, we can come to the following conclusion:

- lexical composition was of type 3 equivalence.
- structural-grammatical proximity was of type 4 equivalence.
- semantic proximity was of type 3 equivalence.
- similarity at the situation level was at type 4 equivalence.
- the purpose of the utterance was of type 3 equivalence.

Types of equivalence:

- 1 equivalence at the level of the purpose of communication
- 2 situational proximity
- 3 semantic equivalence
- 4 structural-grammatical equivalence
- 5 maximum proximity (at the level of language signs)

Consequently, we have concluded that this book has been translated adequately and partially equivalently. If we take into account the problems we highlighted in the research part and the solutions to which we also pointed out, the book will receive a lot of positive attention from linguists and readers alike.

REFERENCES

1 Bachelor's thesis on «Adequacy and equivalence of the translation of white paper texts from English into Russian». – Retrieved 06.02.2022,

https://dspace.tltsu.ru/bitstream/123456789/8702/1/Сырцов%20Д.С._ЛИН6-1403.pdf

2 Joanne K. Rowling «Harry Potter and the Philosopher's Stone» -UK: Bloosbury.1999. - Retrieved 08.02.2022, <https://liteka.ru/english/library/2471-harry-potter-and-the-sorcerer-s-stone#4>

3 Vestnik MGOU. Linguistics Series, 2014/№2.

4 «Natural and directional equivalence in theories of translation» Anthony Pym Universitat Rovira I Virgili, Tarragona, Spain ISSN 1799–2591. – Retrieved 10.02.2022, <https://sites.ualberta.ca/~ivashkiv/translation/PYM%20on%20equivalence.pdf>

5 Republican Socio-Political Magazine «Thought» 2007, #9

6 «Hárrí Potter men pálsapa tas»-Almaty, Steppe&World,2020.

АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

ЕРЖАН А.

11 сынып оқушысы, № 44 жалпы білім беретін орта мектеп,

Абай облысы, Семей қ.

ДҮРМЕКБАЕВА А. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Биыл орта мектепті тәмамдамақпын. Сәйкесінше, өткен сабақтарды қайта қарап, білімімді бекітіп жүрмін. Мен бос уақытымда кітап оқуды әдетке айналдырып, «Абай жолы» романын қайта оқып шықтым. Абай атамның жастарды білімге, еңбекке шақырып қана қоймай өз заманында белең алған індеттің таралмауына үлес қосып, ауыр жағдайда халыққа араша болғандығы туралы қайран қалдырды. Романның «Түн-түнекте» бөлімінде індет мәселесі мен Абайдың істері мен оларға қатысты халықтың көзқарасы көрсетілген. Менің мақсатым Абай атамның туралы білгеніммен бөлісу. «Абай жолы» романы бізді індет кезіндегі сақтық шараларын көрсетіп қана қоймай, халықты одан қалай сақтап қалуға, және халықтан қандай жауап күтуге болатынын үйретеді.

Абай Құнанбайұлы Семейге келген бір сапарында шаһарда жұқпалы індеттің тарап жатқаны туралы жайсыз хабар естиді. Семейде Абайдың Федор Иванович Павлов деген досы болған. Павловтың әйелі Александра дәрігер еді. Абай елде тарап жатқан дерттің мән-жайын сұрамақ болып досымен және оның әйелімен кездеседі. Досы Павлов: «Өзі аса қауіпті, жұқпалы ауру–ел таңдамайды. Бар жұртқа ортақ апат. Бұрын да, қазір де ең әуелі Үндістаннан шығыпты. Содан

Ресейді, Еуропаны, Англияны, Қытайды, Жапонияны, тіпті Солтүстік Американы да аралап өткен екен. Қазір Ресейде елу-алпыс губернияға жайылыпты деген сыбыс бар», – деп Абай атамның жұқпалы дерттің қауіптілігі жөнінде айтады. Бұл індеттің қауіптілігін халыққа қай жерде, кім арқылы, қалай айту керек?

Ең алдымен, Абай халыққа жаназа рәсімдерін өткізуге қатысты бірқатар өзгеріс жасауды түсіндіру керектігін ұқты. Осы тұста Абай Құнанбайұлы өзі білетін Сармолла есімді молданы шақырып, оған халық жұқпалы аурудан сақтану үшін жаназа, хатым, астарды аз адаммен өткізуді жұртқа түсіндіру керектігін жеткізеді. «Кісіні көп жинамай, марқұмды тез жерлеп, халық сақтануы қажет. Тым құрыса, мешітке намазға жығылатын адамдарға, тіпті болмаса жұма күні хұтпа соңынан махалла халқына өсиет айтыңыз. Шәкірттеріңізге әсіресе көп ұғындырыңыз. Ата-аналарына, көршілеріне сіздің өсиетіңізді таратсын!», деді. Сармолла жұма намазына жиналған жұртшылықтың алдына шығып, Абайдың айтқандарын жеткізді: «Қаза болған адам үйіне, жаназаға мүмкіндігінше халық аз жиналсын. Ол үйде ас ішу, халыққа тағам тараттыру, жетісін, қырқын жасау уақытша тоқталсын!». Алайда, жаназаны жаңаша тәртіппен өткізуді кейбіреулер қабылдай алмайды. Кейінірек, обадан қайтыс болған кісінің жаназасына қатысқан Жұман молда, Сахип халфе, Амантай шәкірт сынды бірқатар дін ұстаздары да обадан қаза болғанын Сармолла еске салғанда ел елең ете қалады. Жөн сөз деп құптағандар табылды. Сондықтан, әлі де болса халыққа індеттің қауіптілігі мен одан сақтану жолдарын түсіндіру керек деп Абай Құнанбайұлы ой түйеді. Хакім Абай енді халық арасында дұрыс тамақтану және жеке бас тазалығын сақтау, шоғырланбау керектігі жөнінде базарларды аралап өзі түсіндіруге кірісті. Әрдайым қолды ыстық сумен жууды, су ішуді, қатты қайнаған ас пен қатты қуырылған тамақ жеңіздер деп дәрігер Александра Яковлевна берген кеңестердің бірін қалдырмай түсінікті тілде, байыппен жеткізуге тырысты.

Көп ұзамай халық індеттен айығып, еңсесін тіктеп, баз-баяғы қалыпқа түсе бастады. Міне, осылайша Абай атамның кішігірім карантин шараларын қолға алып, бүтіндей елді аман алып қалды. «Абай жолы»-нан біз сақтық шараларын біліп қана қоймай, оларды насихаттаудың маңыздылығын көре аламыз. Алайда, осы түсіндіру жолында бастапқыда елдің барлығы Абайдың пікірін қолдай қоймады. Оны орыстың сатқыны деп айыптап, діни рәсімдерге араласуы орынсыз деп халықты оның сөзіне ермеуге шақырғандар болды. Дегенімен, Абайды тыңдаған ел аман қалды. Сондықтан,

сақтық шараларын әрқашан ұстану керек. Осы сақтық шаралары бір жарым ғасырдай уақыт өтсе де індеттен арылудың басты талаптарының бірі болып қала береді.

«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп ұлы жазушымыз М. Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында әрқашан білімді жастар тұрмақ. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Абай мұрасы – ұлт болып бірлесуімізге, ел тануға, өзімізді тануымызға жол көрсетеді. Абайды оқы!

Пайдаланған материалдар: М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы

АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ «ЖҮРЕК» СӨЗІ АРҚЫЛЫ АДАМНЫҢ ІШКІ КҮЙІН ТАНЫТУ ЕРЕКШЕЛІГІ

ЖҰМАН Д.

11 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алған Ұлы Абайдың шығармашылығы кімге болса да аян. Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы мән-мағына да, заманына қарай талдау да еш өзектілігін жоймақ емес. Абай шығармаларын шығармаларының тақырып пен идеясын, шығарма тілін, өмірбаянын, т.б. басқа тұстарының да зерттелгені бәріне мәлім. Дегенмен әр ұрпақ өз заманына қарай шығармаларын өзінше оқып жаңа бір қырын алып шығуға тырысады.

Абайдың немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы да қазақ әдебиетінде халық мүддесі мен заман шындығын жырлап, әділдік іздеген ақындардың бірі. Абай мен Шәкәрімді жеке де қатар да зерттеп келгендер аз емес. Екі ақынды қатар алудың да жөні бар. Абай ағасының ақындық жолына қызығып, жолын қуып, Абайша жазып, Абайша жырлап, сөз саптауы өлеңдерінде үндестік тапқаны да аян. «Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы дәстүрлі үндестік».

Екі ой алыбы өз туындыларында қазақтың қоғамдық ой санасындағы шешуші әрі күрделі философиялық тақырыпты

көтеріп, оның өзегіне айналған жантану ілімін танып білу жолында толассыз ізденіске түскен.

Алдымен, Абай өз поэзиясында 1889 жылдан өмірінің соңына дейін түп иені танып білу жолында жүрек культін көтере жырлау арқылы толық адам ілімінің негізін салуға батыл қадам жасауға ұмтылды. Бұл ұмтылысты Шәкәрім дәстүрді жалғастыра дамыту арқылы XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы әдебиетте философиялық лириканы классикалық биік деңгейге көтере білді. Әсіресе, бұл өте күрделі, шешуі қиын мәселені Шәкәрім XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ояну дәуірінде мүлде тереңдей зерттеп, соны танып, тың ойлар желісін тартты. Әрі оны философиялық лирика табиғатына сай молынан қамтып, зерттеп терең мән бере қарады. Анығына келсек, Абай мен Шәкәрімдегі философиялық лириканың өзекті тақырыбына айналып отырған аса күрделі де ұғынуы қиын ғарыштық танымдағы жантану ілімі туралы мәселе таза ақыл қуатымен танып жырланған өзіндік қайталанбас терең сыры бар тылсым құбылысқа айналды [1, 48].

Абайдың қоғамдық, эстетикалық, философиялық көзқарасын, психологиялық және педагогикалық пікірлерін, ақындық тілін, композиторлық өнерін, аудармаларын тереңдеп тексерген еңбектер жарық көрді. Солардың ішінде С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, М. С. Сильченко, Қ. Мұқамедханов, Ы. Дүйсенбаев, Т. Тәжібаев, Б. Г. Ерзакович, Х. Сүйіншәлиев сынды ғалымдардың еңбектері бар [2].

Шәкәрім әлемін де әдебиеттанушы, философ, мәдениеттанушы ғалымдар жан-жақты қарастырғанмен, қазақ тіл білімінде Шәкәрім поэзиясын «тілдік әлемін», танымдық тұлғасын сипаттайтын ерекшелігін, прагматикасын тұтастырып, тілдік тұлға ретінде, арнайы монографиялық зерттеу жүргізген – белгілі тілші ғалым, профессор Бағдан Қатайқызы Момынова. Автордың өзі атап көрсеткендей, Шәкәрім тілін зерттеудің мақсаты: «...ойшыл ақынды қазақ әдеби тіліндегі жазба дәстүрді алға апарып, әдеби тілдегі функционалды стильдік тармақтарды дамытып, әдеби тіл нормаларының қалыптасуына атсалысқан шығармашылық иесі ретінде және өзіндік идиостилі бар тілдік тұлға ретінде тану және таныту» [3, 3].

Екі ақынның шығармаларын оқи отырып, «ЖҮРЕК» сөзін қолданудағы ұқсастықтарын аңғарып, соны талдауды жөн көрдім. Абай шығармаларындағы жүрек сөзінің қолданылу ерекшелігі

талданып, зерттелген болса, Шәкәрім шығармаларында жеке не екі ақынның осы бір ұқсастықтарының зерттелгені аңғарылмаған.

«Адам көкірегі – сезімнің ұясы. Оны бірінен соң бірін туындатып, бірімен-бірін шарпыстырып, бірін тұтандырып, бірін тұншықтырып жататын майдан алаңы – жүрек» [4], – Ж. Ысмағұловтың түсініктемесі жүректің тікелей қызметін сипаттайды.

Адам ағзасындағы жүректің анықтамасы мен ерекшелігін келесідей берген. Іші қуыс бұлшықетті мүше. Ересек адам жүрегінің салмағы 250–300 грамм. Жүрек кеуде қуысының сол жағына таман орналасқан. Оның дәнекер тканінен түзілген жүрек қабы қаптап тұрады. Жүрек қабының ішкі беті жүректі ылғалдайтын және жиырылу кезінде үйкелісті кемітетін сұйықтық бөліп шығарады. Өмірдің өзі осы жүрек соғысымен тікелей байланысты екені де бәріне мәлім.

Абай өзінің «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» шығармасында «Тілге жеңіл, *жүрекке жылы* тиіп. Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» [5, 10] шығармасы мен Шәкәрімнің «Қалқаман -Мамыр» поэмасында «*Жылы жүрек* өзіне жар тапқандай, Тыншымады, тулады, жүз құбылды» [6, 123] үзінділерінде Жүрекке жылы тиіп және жылы жүрек қолданысының мақсаты мен ұқсастықтарына тоқталатын болсақ: Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» еңбегінде ақын әдемі ұйқасқан өлеңнің адамаға қалай әсер ететінін жеткізсе, Шәкәрім «Қалқаман-Мамыр» поэмасында сезімге берілген Мамыр қыздың Қалқаман сөзіне елжіреп, сезімге ерік берген кезін көрсету үшін қолданылады. Яғни жылы жүрек пен жүрекке жылы тию арқылы екі ақын да адамның сезімінің жүрекке қалай әсер ететінін осы қолданыстары арқылы көре аламыз.

Екі ақын өз өлеңдерінде жүрек сөзін әртүрлі пайдаланды, осыған қарамастан олар батыл адам туралы айтқысы келеді. Абай «Жүректе қайрат болмаса» өлеңінде «*Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім түртпек?*» [5, 57], батыр адамның жүрегінде қайрат болмаса, ол адамның ынжық қорқақ болатыны туралы жазса, Шәкәрім «Ер қоспақпен сөйлемек» өлеңінде

«*Ер жүректі еркекке жолыққанда*» [6, 168] үзіндісінде ер жүрек деу арқылы автор жүрек ерлік танытпай адам бойында батырлық белігісі көрінбейтіні туралы айтады.

Абай «Көзімнің қарасы» өлеңінде «*Жүректе оты жоқ*» [5, 98] жүрек оты метафорасы арқылы автор жүректе от болмаса адамның ой-санасы да төмен, ешқандай болашағы жоқ деп сипаттаса, Шәкәрім

«Дубровский әңгімесі» өлеңінде «Жайнаған жаңа өспірім отты жүрек» [6, 68] отты жүрек эпитеті арқылы жалындаған жастарды отты жүрек деп олардың жас ерекшелігінің, тіпті физиологиялық жүректің де тез жұмыс жасайтыны секілді адам да сондай жалынды болатынын сипаттайды.

Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінде «Жүрегі–айна, көңілі – ояу» [5, 24] үзіндісінде жүрегі – айна десе, Шәкәрім «Шын асықтың өбірі» өлеңінде «*Жүрегі таза* есті жан» [6, 68] үзіндісінде жүрегі таза эпитеті арқылы екі автор да сөз ұғатын, есті адамны жүрегі айнадай таза болатынын көрсету үшін қолданып отыр. Сонымен қатар екі автордың да есті, дұрыс ойлайтын адамдарды жақтайтынын қолданылған айна және таза сөздерінің қолданысы арқылы көруге болады.

Сезімге берілген, ғашық жандардың күйін сипаттауда екі автор жүрек сөзін келесідей қолданады. Абай «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде «*Дүрсіл қағып жүрегі*» деп адамның күйін суреттесе, Шәкәрім «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасында «*Жүрекке қатты тиер* басқан сайын» деп сезімнің қалай өрбіп жүрекке қалай әсер ететінін осылайша көркем тілмен жеткізе білген.

Абай «Өзгеге көңілім толарсын» өлеңінде «*Жүрегімен тыңдамай*» [5, 112] десе, Шәкәрім «Жастар» өлеңінде «Жүрекке оймен сынап апарылық» [6, 34] үзіндісінде екі автор да сөз ұғарлықты, айтқан ақыл мен кеңесті ойдан өткізіп жүрекке жеткізу керек екенін тілге тиек етеді. Ал қоғамнан, адамнан көңілі қалған адамды да екі ақын да жүрек сөзі арқылы шебер көрсете білді. Абай «Біреудің кісісі өлсе, жаралы ол» өлеңінде «Қаза көрген *жүрегі жаралы* – ол» [5, 89] үзіндісінде қаралы хабардың адам көңіліне қалай әсер ететіні туралы, адамның ішкі мұңын жүректің жаралануы арқылы жеткізсе, Шәкәрім «Ақылдан ойға сыр тарап» өлеңінде «*Жаралы жүрек* талған күн» [6, 68] үзіндісінде жаралы жүрек талған күнмен тең деп бәрінен көңілі қалған адамның күйінің, жүрегіннің жайын жаралы эпитеті арқылы жеткізеді. «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» өлеңінде Абай «Ақылды, *асыл жүрек*, сөзі майда» [5, 130] үзіндісінде ұнамды адам тұлғасын көркемдеу арқылы бойына жақсы қасиеттерді сақтай білген адамды асыл жүрек деп бейнелесе, Шәкәрім «Нартайлақ пен Айсұлу» шығармасында «Ақ жүрек әділетті сүйгізеді» үзіндісінде де осындай жақсы адамды ақ жүрек эпитеті арқылы көркемдеп жеткізеді.

Жоғарыдағы екі ақынның жүрек сөзін қолданудағы ерекшелігін саралап, салыстыра талдай отырып, келесідей қорытынды шығардық.

Екі ақын да адамның көңіл-күйі мен сезім, эмоциясын жеткізуде, адамның сөзді қабылдауы мен ішкі күйін жүрек сөзінің қолданысы арқылы өте шебер жеткізген. Сонымен қатар сезімге берілген жастардың сезімі мен бір-біріне деген іңкәрлік пен ынтызарлықты да шебер жеткізе білген.

Әр ақын өз еңбектерің балалық шағымен байланыстырған. Не дегенмен, балалық шақ ересек өмірмен тығыз байланысты. Сол уақытта қалыптасқан түп-сана, қалған өмірге дейін өзгере қоймас. Мысалыға, біз Шәкәрім Құдайбердіұлының ата-анасынан ерте айырылғанын білеміз. Қаншалықты ақылды туысқандарының қолында өссен де, ата-ананың жоқтығы бәрі-бір сезілетіні рас. Ол өз өлеңдерінде жүректі жаралы, бақытсыз, сорлы деп сипаттау арқылы ақынның сол кездегі көңіл күйі мен ішкі күйзелісін де осы қолданыстар арқылы көрсете білді.

«Жүрек-теңіз, қызықтың бәрі-асыл тас» өлеңінде – *Жүрек – теңіз*, [5, 291] қызықтың бәрі – асыл тас, яғни адам өмірінің барлығы жүрекпен байланысты екенін көреміз. Адамды жүрек арқылы тани білу, жүрекпен түсініп, жүрекпен сипаттау Абай мен Шәкәрім айтқандай, жүрек түбіне бойлап есек қана, жоғарыда айтқан қасиеттерді байқау қиынға соқпасы анық. Жүрек соққанша өмір жалғасады, жүректі кірлетпей асыл қасиеттерді бойымызға дарытып, шынайы сезім мен шын жүректен айтылған сөз, асау сезім, жүрекке қуат беретін ізгі істердің барлығы асыл тас болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: Кенже-пресс. 2000. – 214 б.
- 2 <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/zhaaly/56554548168/>
- 3 Б. Момынова. Шәкәрім поэзиясының тілі. – Алматы, 2008 ж.
- 4 Ысмағұлов Ж. Абай ақындық тағылымы. Алматы: Ғылым, 1994.
- 5 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – 2004 жыл.
- 6 Ш. Құдайбердіұлы Шаһкәрім шығармаларының үш томдық жинағы. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008 ж.

ТЕРМИНДЕРДІҢ ӨМІРДЕГІ МАҒЫНАСЫМЕН ҮНДЕСТІГІ (ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІН ИГЕРУДІҢ ОҢТАЙЛЫ ТӘСІЛІ)

ҚАЛИЕВА Н. Ж.
10-сынып оқушысы, 194 орта мектебі, Жанакорған ауданы,
Қызылорда облысы
КАНСЕЙТОВА Ш. И.
жетекшісі

Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Біз білімнің тұнба тұнығын мектептен қалыптастырып, мектепте қалаймыз, ғылымның негізгі салаларын мектептен оқып танысамыз. Ал кезкелген пәнді оқып, ғылымның қай саласын болмасын игеру үшін, сол саланың негізгі ұғымдары жөнінде білуге тура келеді. Сол ұғымдар, ұғымдардың ерекшеліктері мен өзара байланысы жайлы білу олардың атаулары терминдерсіз мүмкін емес. Сондықтан да қазақ тіл білімі терминдерін игеру бүгінгі таңда осы бағыттағы мамандықты таңдаған білім алушылар үшін өзекті мәселе болып отыр. Құрғақ жаттау арқылы ұзақ уақыт есте сақтау мүмкін емес. Осы себепті «Термин» деген не, терминнің басты белгілері қандай?; Неге кей «атау» сөздер өзіміздің айтып жүрген сөздердің мағынасына сәйкес келіп жатады?; «Қалай, қайтіп терминдерді оңай меңгеруге болады?» деген сұрақтар қызықтырып, ғылыми кітаптарға жүгініп, зерделей оқып шықтық, тіл түрлеген ғұлама Ахмет Байтұрсынов құрметіне шығарылған «Ахмет. Ұлт ұстазы» 6 сериялы телехикаямен де таныстық. Сонымен оқығаным мен көргенімнен түйгенім:

Термин – атау сөз.

Термин – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы анықтамасы бар, сөз немесе сөз тіркесі [1, 80 б.].

Термин атауы туралы:

Бұл атау латын тілінде «шек», «шекара» деген мағынаны білдіреді.

Терминдерге тән ерекшеліктер мен қасиеттер:

1 Терминнің бір мағыналылығы. Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы.

2 Термин мағынасының дәлдігі. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымының мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі.

3 Терминнің қысқалығы немесе ықшамдығы.

4 Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі.

5 Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы.

6 Терминдерде эмоционалдық пен экспрессиялықтың болмауы.

Жалпы ғылым тілі бейнелікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды.

7 Эстетикалық талаптарға сай келуі. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы.

8 Ұғым атауы болуы. Ұғымды дәл беруі.

9 Ғылыми анықтамасының болуы.

10 Салаға тәндігі.

11 Арнайы жасалатындығы. Термин келісімділігі.

12 Терминологиялық тіркестердің мағыналық тұтастығы [2, 10–11 б.].

Термин жасам тәсілдері:

• Синтетикалық тәсіл:

Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп аталады. Сөзжасамның бұл түрі тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалпы жалғамалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөздерді жасаудың ең негізгі, өнімді тәсілдерінің қатарына кіреді. Ол тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар лексикалық мағыналық сөз және сөзжасамдық жұрнақ.

Лексикалық мағыналық сөз+сөз жасамдық жұрнақ= туынды сөз. Мысалы: іс жүргізу саласында –ма,-ме, -ба, -бе, -па, -пе жұранығы жалғану арқылы *хаттама, мінездеме, баяндама, баянжазба*, т.б Тіл білімінің фонетика саласында –ым, ім, -м жұрнақтары арқылы *алмасым, айтылым, естілім, жасалым*, синтаксис саласында кезінде А. Байтұрсынұлы жасап, тілімізге енгізіп кеткен бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш терминдерін туғызған –уыш, -уіш жұрнағы бар екені белгілі.

• Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл:

Сөзқосым (біріккен): *асқазан, үшбұрыш, төлқұжат, ермексаз*, т.б.

Қосарлану: *Сыр-сұхбат, Себеп-салдар салалас, қимыл-сын пысықтауыш*, т.б.

Тіркесу: *зат есім, сын есім, дауысты дыбыс, үндестік заңы*, т.б.

Қысқарту: *ҰБТ, КИО, ТМД, ҚР, РФ, ҚК, т.б.*

• Лексика-семантикалық тәсіл: Жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы, сөз мағынасының алмасуы, әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, тілдегі сәйкес келер сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, сөз мағынасын өзгерту, сөздердің термин қатарына өтуі: Тамыр, одағай, қалта, күмбез, перде, кебек, шырай, тозаң, т.б

• Калькалау тәсілі: Терминдену+термин жасам+терминсалым.

• Калькалау – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады. Мәселен, өсімдіктанудағы гүл бөліктерін білдіретін ескек, желкен, қайықша терминдері орыс тіліндегі весло, парус, лодочка терминдерінің негізінде семантикалық-калькалау жолымен жасалған. Калькалаудың аудармадан басты ерекшелігі – қабылданушы тілде жаңа сөздің жасалуына негіз болған тілдегі сөздің мағынасымен сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі терминдердің елеулі бөлігі калькалаудың түрлі тәсілдері арқылы жасалған.

Терминдену дегеніміз – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғымға қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде оған терминдік мағына жүктеу процесі [2, 143 б.].

Ұғымның терминделуі мен сөздің терминделуі нәтижесінде термин туындайды. Терминделудің терминдену процесінің ұғым тұрғысынан қарағандағы екінші жағы деп түсінген жөн. Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір ұқсастықтары себеп болады. Мысалы, жалпы қолданыстағы «кебек» деп «Бидай ұнының ұрпағы, ұнды елегенде, алғаш түйілген астықты ұшырғанда шығатын қауызы» [1, 372 б.] айтса, жол шаруашылығы терминологиясында кебек [высевка] термині [тау жыныстары мен жасанды тастарды майдалағанда алатын, мөлшері 3–5 мм майда тас қалдықтары]-деген ұғымды білдіреді [2, 145 б.].

Бұл жерде жалпы қолданыстағы сөздің ұқсастығы негіз болған. Нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөзден өзге ұғымды білдіретін жаңа терминді сөз туындады да, ол өзінің жасалуына негіз болған сөздің омониміне айналды.

«Перде» лексика-семантикалық тәсілмен жасалған термин. «Перде»деп әдеби тілде «есікке, терезеге, театр сахнасына құрылған шымылдықты» [1, 674 б.] айтсақ, өсімдіктануда көптеген өсімдіктердегі ауалы қуысты бөліп тұратын, жасушалардан құралған бөгет қабатын атайды. Мұндағы термин жалпы қолданыстағы сөздің омоним болуына негіз болған екі ұғымның да бір нәрсенің арасын бөліп тұратын қызметтерінің ұқсастығы. Әдеби тілдегі сөз бір мезгілде екі жүйеге бірдей қызмет еткен жағдайда да сөз бен терминнің арасында елеулі айырмашылықтар болады. Сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өткенде жаңа сапаға көшіп, терминге тән қасиеттерді иеленеді. Жалпы лексикалық өрістегі сөзге тән қасиеттерінен айырылады.

Жалпы қолданыстағы *кебек*, *перде* сөздерінің терминденуі негізінде геология, биология терминдері жасалған. Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы сөздер мен арнаулы саладағы терминдердің таңбаланушылары бөлек-бөлек, ал таңбалаушылары екі ұғымға да ортақ. Терминденудің бұл жолымен жасалған терминдерді ғылым мен техниканың кез келген саласынан кездестіруге болады. Мұндағы термин мен жалпы қолданыстағы сөздің омоним болуына негіз болған ұғымдардың атқаратын қызметтері ұқсас.

Бұдан шығатын қорытынды, терминдер қандай жолмен, қандай тәсілмен жасалса да, термин мен қарапайым сөздің арасында едәуір айырмашылық болса да, қолданыстағы мағынасымен үндесіп жатады екен. Осыдан кейін қазақ тілі білімі терминдеріне шолу жасап, өзімше ой қорыттым. Сөзім дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетсем:

Одағай. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «одағай» сөзіне сөзіне төмендегідей түсініктеме берілген. 1. Одағай – анайы, тұрпайы мағынасында: Қайлаға дағдыланған жуан саусақтар жіңішке қарындашты қомсынғандай одағай ұстап, ауыр қозғалады [Ғ. Мұстафин. «Қарағанды»]. 2. Одағайла – өз алдына жеке дараланып бөліну, бөлектену, шеттелу, оқшаулану. Ай, одағайланбай бері қосылсайшы! 3. Одағай – сөз табы (термин).

Одағайдың ережесі: Толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның көңіл-күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қарап айтылатын сөздер одағай деп аталады [3, 131 б.].

Сөйлемде одағайлар оқшау айтылады. Басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. Үтір арқылы ажыратылып жазылады.

Термин сөз бен жалпы қолданыстағы сөз арасында қандай байланыс бар?

- Одағай сөз басқа сөздерден үтір арқылы бөлектеніп жазылады. Сөйлем мүшесі бола алмайды.

- *Одағайланған адам топқа қосылмайды.*

Одағайланған адам топтан көңіл-күйіне байланысты бөлінеді, топтан бөліну сырт көзге өрескел көрінеді.

«Одағай» деген сөздің терминдік қызметі мен өмірдегі жалпыға белгілі мағынасы арасындағы байланысты осылай пайымдадым.

Шылау.

1 Шылау-құрғақ затқа сұйық затты қосып араластыру, былғау. Шылау-әсер, ықпал, ырық. Байлардың шылауында жүрген кедей тобы [1, 933 б.].

2 Шылау – сөз табы. Толық лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және тіркескен сөзге қосымша мен үстеп тұратын көмекші сөздер [3, 129 б.].

Бірлігі: Ырық, ықпал, байланыс.

Ең қызығы – «Дауысты және дауыссыз дыбыстар».

1 Дауыс – тандайдағы дауыс шымылдығының қозғалысы арқылы шығатын дыбыс, үн.

2 Дауысты – даусы бар, даусын ести аламыз [1]

Ал дауыссыз-дауыстыға қарама-қарсы мағынада, үні жоқ мағынасында. Термин мағынасы мен қарапайым мағына арасындағы байланысқа дыбыстарды дыбыстау, айту барысында көз жеткізуге болады. Дауысты дыбыстарды айтқанда ауа кедергіге ұшырамай, еркін дауысталады, үн шығады. Дауыссыздарды дыбыстығанда дауыссыз дыбыстарға дауысты –ы, -і дыбыстарын бірге қосып айтпасаң өкпеден шыққан ауа дауыс шымылдығына соқтығысқан күйінде дыбыс, үн іште кептеліп, кеңістікке шықпай тұрып алады. Яғни дыбысталмайды. Ия, «дауыссыз дыбыс» -даусы жоқ дыбыс. Ол дыбысталу үшін үні бар -ы, -і дыбыстары керек. Сонымен -ы, -і дыбыстары қосылып бірге айтылған дыбыстардың бәрі дауыссыз дыбыстар да, жалаң, таза күйінде айтылатын дыбыстар дауысты дыбыстар деп ойға түйер болсақ, «Дауысты, дауыссыз дыбыстарды» игерудің еш қиындығы жоқ. Және естен шықпайды, ұмытылмайды да.

Осы бағытпен қазақ тіліндегі жеті септікті:
«Атау- атаймын. Кім? Не; Ілік - ілік-шаттыс, туыс Кімнің?
Ненің?

Барыс – барамын. Кімге? Неге?; Табыс - табамын Кімді? Нені?
Жатыс – жатыр. Кімде? Неде?; Шығыс-шықты Кімнен? Неден?
Көмектес – көмектесемін. Кіммен? Немен?» деп жаттау мен
меңгерудің оңай жолын тағы да өмірдегі мағынасымен үндестіре
отырып таптым. Егер терминдерді танып білуде өзімізге осындай
оңтайлы әрі оңай тәсілмен қабылдап, түйсінер болсақ, ережені
жаттап, бас ауырттып, бүгін жаттағанды ертең ұмытып өуре-сарсаңға
түспесіміз анық.

Сөз соңында өзіміздің 194 орта мектебінің түлегі Анарбек
Тоғжанның «Алматы ақшамына» жарияланған сабақ барысында
шығарған шығармашылық жұмысын ұсынғым келеді.

Жұрнақ-жұмбақ

Жұрнақтар-ай, жұрнақтар-ай, қандайсың?!

Құпияңмен қызықтырып, арбайсың.

Қасиетіңмен сөзден сөзді тудырап

Кіп-кішкентай болсаң-дағы, нардайсың.

Жаңа ғана өрістегі мал еді,

«-Шы» жалғанып бола қалды иелі.

Мағынаға мағына әкеп үстейтін

Қүдіретің неткен ғажап, киелі.

Жұрнақтар-ай, жұрнақтар-ай, қандайсың?!

Құпияңмен қызықтырып, арбайсың.

Сырың – жұмбақ, өзің – жұрнақ, ой тоба-ай,

Жұрнақ – жұмбақ, жаңылтпаштан аумайсың.

Тас бекініп, ашпайсың-ау сырынды,

Әйткенменен жыға алмассың туымды.

Бағындырам ғылым шыңын мен әлі-ақ,

Сонда көрем міз бақпаған түрінді.

Мен терминдердің сол «Міз бақпаған түрін» ғылыми ізденіс
барысында аштым. Өзіндік жол, амал таптым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. «Дайк-Пресс» Алматы –
2008 ж.

2 Ш. Құрманбай «Терминкор қалыптастыру көздері мен
терминжасам тәсілдері». Алматы – 2005 ж. «Қазақ терминологиясы
дамуның кезеңдік сипаты»

3 «Елорда». Астана, – 2002 ж. (Жалпы қолданыстағы сөздердің
терминденуі)

4 Қазақ тілі. 5–11-сынып. «Елтаным» баспасы Алматы. – 2015
ж.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ-КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКА

ҚҰРМАНҒАЗЫ Н., ЗАМАНБЕКОВА А.

11-сынып оқушылары,

«Жас дарын» мамандандырылған мектеп-лицейі

ШАЙМЕРДЕНОВА А. Т.

жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

О. Бөкей есімі бұл күнде өз елімізде ғана емес, жақын және
алыс шетел оқырмандарына да белгілі. Оның шығармалары туралы
баспасөзде, ғылыми зерттеулерде жақсы лебіз, пікірлер білдіріліп
келеді. Мұның бәрі, әрине, тегіннен тегін емес, ең алдымен
жазушының талантына деген халықтың құрметі болса керек,
сонымен бірге қаламгердің де сол халық алдындағы азаматтық
парызын терең сезінген, тынымсыз ізденісінің нәтижесі екені
белгілі. О. Бөкей әдебиетімізге өзіндік өрнегін сала келген жазушы.
Оның прозасынан өзінше сөз саптасы, асқақ мінезі, алғыр зерде-
зейіні байқалады.

Оралхан Бөкей туралы әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева
былай дейді: «Оралханның прозасы өзінің терең өміршеңдігімен
құнды. Ол – өз оқырманын ешқашан жоғалтып алмайтын шын
бақытты жазушы. Әдебиет үшін бұдан артық идеал болмаса керек»
[3, 151].

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романындағы негізгі мәселе
- бұдан ұрпақ және мәнгүрттік идеясы, сондай-ақ адамның
адамгершілік болмысы, қаймағы бұзылмаған табиғат аясында
барлық бәле-сұмдықтан алыс, өз қиялымен, өз қолымен жасап алған
«жұмбақ» әлемінде күн кешкен адамдардың іс- әрекеті суреттелген.

Шығармада ойынды адастырып алатындай қым-қиғаш өрбіп
жатқан оқиғалар желісі жоқ. Шығармадағы әр кейіпкердің ішкі
әлемінің қатпар-қатпар қалтарысын назарынан қалт жібермеген
жазушы не суреттесе де, қандай оқиға болса сол кейіпкерінің
тұлғасын таныта түсуді мақсат етеді.

Оралхан Бөкейдін «Атау кере» романына эпиграф ретінде берілген «Ара жасаған қоғамдық өмірдің деңгейіне жету үшін адам баласының алдында әлі талай ұзақ жол жатыр» (Матерлинк), «Көптен кеткен көмүсіз қалар» (Халық нақылынан) деген екі афоризм шығарма сюжетінің өрісін танытады. Шығарманың өзегі бас кейіпкер Ерік деген омарташы айналасында өрбиді. Шығармада төрт негізгі кейіпкер бар.

Еріктің бар есіл-дерті – ақша табу, байлыққа мастану, аң аулау, қиялдағы қызға ғашық болу. Ерік пен Айна – повестің басты кейіпкерлері, екеуі де – еңбек адамдары, таңның батысы жұмыс жасап, өз еңбектерінің жемісін жеумен күн көреді. Бірақ тереңіне үңілетін болсақ, Еріктің болмысында көп түсініксіз жайлар ашыла түседі. Кезінде Алматыда оқыған, спортпен шұғылданған жігіттің, бүгінгі жігіт ағасы Еріктің адамгершілік жағынан көп артта қалуының себебі не болды екен? Ойында байлық, жолына келгенді жою, ешкімге жақсылық жасамау, тек өзім деп өрепту – міне, осының барлығы оның өмірден оңбай опық жеуіне әкеледі.

Бұл туындының идеясы – мәңгірттік, қолдан жасалған мәңгірттік, Еріктің бұндай болуына, біздің ойымызша, тек ақша тапсам болды деген ой ықпал еткен, ақша мен дүниеден басқа рухани байлық, оқу, білімді жалғастыру, кітапты қарау деген қажетті тірліктерден мүлдем алыстап кеткен. Сол себептен де көп мәселелерге келгенде үнемі қиындыққа тап болып жатады. Ең басты кемшілігі - өзінің әрекеттерін қате деп санамау. Өмірде әр адам өзінің жасаған қателіктерінен сабақ алып, оны қайталамауға тырысады емес пе, ал бұл кейіпкерде ондай қасиет мүлдем байқалмайды, сол себептен де өмірде жалғыз қалып, тек жаман жолға қарай өзін итермелей береді.

Еріктің жары Айна – табиғаты момын, адамгершілігі, мейірім-шапағаты мол адам.

Таған – аспирант, ғылым жолына түскенімен, жолы болмай, өмірден баз кешкен маскүнем.

Нүрке (Нюра) кемпір осы үш адамға қосалқы әсер ететін төртінші кейіпкер ретінде сюжет желісін бір-бірімен байланыстырып, дамытып отырады.

Ендігі кезекте романның мифопоэтикалық жүйесіне тоқталайық. Алдымен мифологизммен тамырлас анимизмнің көріну сипатына назар аудардық.

Анимизм – барлық заттың жаны бар деп қараған алғашқы қоғамдағы қарапайым ойлау. Анықтамаға сүйенсек, «анимизм

– қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының рухы, жаны бар деп пайымдалған түсінік. Анимизм алғашқы қауымдық дін негізінде және алғашқы адамдардың табиғат күштері алдындағы дәрменсіздігінен туындаған. Мифология анимизмді орманның, таудың, ағаштардың, бұлақтың, өзеннің, жел мен толқынның жаны бар деген сенімнен туындағанына куәлік етеді. Жыл мезгілдерінің ауысуы, тасқынның болуы, дауыл, т.б. құбылыстарды ежелгі адамдар табиғаттың жанды күштері түрінде түсініп, адамға тән іс-әрекетке ие адам бейнесінде қабылдаған».

Сонымен қазіргі әдебиетте мифтік желілер мен бейнелер маңызды орын алса, мифтік санаға тән сенімдер көркемдік тәсіл ретінде мәнді қызметке ие болып, көркемдегіш құралдар түрінде қызмет атқарады. Анимизмнің кейіптеуге сабақтасуы – мифтік көркемдік қызметі болып табылады.

О. Бөкей шығармаларында табиғат пен адам қарым-қатынасы – өзекті идеялардың бірі. Сол табиғат пен адам ара қатынасын бейнелеп беруде жазушы мифтік желіні, мифтік бейнелеуді оқиғаға араластырса, енді бірде мифтік сенімге негізделген таным-түсініктерді көркемдеу құралы түрінде пайдаланады. «Айпара-ана», «Қамшыгер» әңгімелерінен бастап, «Атау кере» романына дейін желі болып тартылған табиғатты жанды кейіпкер түрінде бейнелеу – жазушы шығармашылығындағы мифологизмнің бір қыры.

О. Бөкей романында Айдың суреттелуі, оның мифтік мазмұны ерекше көзге түседі: «Терезенің жартылай жабылмай қалған саңылауынан сығылаған ай сәулесі бірте-бірте өрлеп, Айнаның бетіне жақындады. Жер бетіндегі миллиардтаған адамның ешқайсысын бөле-жара жатырмамай, нұрымен аймалайтын айналайын Айды Айна кішкентай кезінен өзіне серік жасап, жақсы көретін». «Әне, перденің екі арасынан жұқалаң сәулесін ұяла төгеді». Айнаның көңіл-күйіне сай айды «сығалаған», «ұялған» кейіпте беру оны жансыз аспан денесі емес, жанды сана-сезім иесі түрінде танытады. Бейнелеу мен суреттеуге мифтік мазмұн дарыту Айға қатысты тұстарда анық аңғарылады: «... бейуақтың жым-жырт момақан пердесі болмыстың мың-миллион кем-кетігін далдалап, ізгі кешірімділікке толы жеңеше мінезбен жер-анаға: айдың суға ғашық екенін өзгеше бір сыпайы мінезбен жеткізген. Жер-Ананың ықыласты ақ батасын алған ару – ай өркеш-өркеш тау түрмесінен босап шығып, жарқ етіп, жаман қылық көрсетпей, майда жымыды да, жан-жағына наздана қарады, бой жазып алған соң ғана сай-сайдағы ерке бұлаққа шафхатты нұрын төгіп, айнымастай

болып аймаласты». Суреттеу мазмұны толығымен миф болып табылады. Айға қатысты алып қарағанда, оны ару қыз бейнесінде көрсету көне мифке негізделген. Ай бастапқыда сұлу қыз болған, кейіннен Айға айналған деп пайымдайтын мифтік сана жазушының көркемдік тәсілі, оның ой-танымының бастау алар негізі болып тұр. Миф бойынша қыз Айға айналады, ал, жазушы туындысында Ай ару қызға кейіптеледі. Қызға тән «майда жымию», «жан-жағына наздана қарау», «бой жазу», «айнымастай аймаласу» айдың емес, ару қыздың іс-әрекетіндей...

Жазушы кейіпкеріне тән жан-дүние құбылыстары, ой-арманы, тілегі бүкіл табиғатқа көшірілген. Адам мен табиғаттың бірлігін парасат тұрғысынан пайымдау қаламгердің авторлық бет-бейнесін айқындайды. Табиғат пен адамды ажырамас егіз ұғым бағытында түсіну көне мифтік ұғымдарды көркемдік ойлау тәсілімен қабыстыруынан анықтала түседі.

«Мифтік дәуірде адам өзінің әр түрлі жанды-жансыз нәрсенің кейпіне кіріп, өзгеріп кететіндігіне кәміл сенген. Адам өзін бірде аспандағы аққу кейпіне, бірде жортып жүрген жолбарыс кейпіне ауыса алады деп сенген».

Біздің ендігі бағытқа алар негізгі нысанамыз – О. Бөкей прозасындағы мифтік құбылушылық. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы әдебиеттен бірлі-екілі мысалдар келтіру, О.Бөкейдің өзімен әдебиет әлемінде қатарласа жүрген, сәл кейін келген ақындар шығармашылығындағы мифтік құбылушылықты өз шығармасына арқау еткенде нені мақсат етті деген сауалға жауап беру үшін салыстыру негізінде ой қорыту болды.

О.Бөкейдің «Атау кересіндегі» Еріктің араға айналуының алғы шарттары повесть оқиғасының барысынан көрініп отырады.

- «Ей, алла, сенің бетіңе көп қарасам бірте-бірте араға айнала бастайсың», - деп қайран қала қалады.

- Мен – еңбек арасымын, ал, сен «Пчелинный волксың». Омартаның қас жауы.

- Ал, сен – «Опасный гибрид» арасың ...әлгі өзің Америка құрлығынан алдырған.

- «А-а, олар – асыл текті аралар, тіл тигізбе. Вообще, болашақ солардікі, шынында да кейде араға айналғым келеді». Бұл – Таған мен Ерік арасындағы әңгіме. Жазушы адамдар әлемі мен аралар дүниесін қатарластыра бере отырып, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін танытуға ұмтылады. Омарташы Еріктің кимыл-әрекеті араға ұқсастырыла бейнеленеді. «Екі қолын қанатша қомдап, ара секілді

кейіпке кіріп, ызындаған күйі шыға жөнелді». «Басы сынып, ызың-ызың араның ұясына айналған Ерік тек таңға жуық қана қорылдап ұйықтап кетті». Еріктің көзіне оң мен түстің арасында көрінген қыз ауызынан да «сіздің жүрегіңіз жоқ, аға, сіздің жүрегіңізді ара шағып алған» деген сөз айтылады.

Ш. Айтматовта бала ақ кемедегі әкесіне жету үшін балыққа айналуы армандап жүрсе, озбыр топтың бұғыны атасы Момынға атқызуы оны мына өмірден біржола түңілдіреді. «- Жоқ, мен балық болам, бұйткенше балық болып кеткенім жақсы. Судың астымен жүзіп кетем. Балық болам, - деді жылап тұрып». Баланың қазасын жазушы ишаралап, астарлап баяндайды. «Сонымен сен жүзіп кеттің... Амал қанша, сен суға кеттің. Сен өмірі өзіңнің балыққа айналмайтыныңды білдің бе екен... Сен барлық қасиетсіздікке, арсыздыққа, қаныпезер, қараулыққа қарсы болып, лағнат айтып кеттің» деген авторлық толғаныстан мифтік құбылуы бұл дүниеден о дүниеге өтуді айту мақсатында қолданғанын түйсінуге болады. Адам жаны мәңгілік деп ұғынатын мифтік сана екі дүние туралы түсінікті қалыптастырғанын жақсы білеміз. Адам өлгенде оның рухы табиғаттағы тіршілік иелерінің біріне ауысады немесе өсімдік болып көктеп шығады дейтін көне сенім жазушы шығармасында көркемдік тәсілге айналған.

О. Бөкей повесінде белгілі дәрежеде Ш. Айтматов повесінің идеялық мазмұнымен үндестік те, айырмашылық та бар. Кейіпкердің өз қалауымен құбылуы екі жазушыда бірдей. «Ақ кемедегі» бала әкесіне жеткісі келсе, «Атау кередегі» омарташы Ерік ақ боз ат мінген сұлуға жеткісі келеді. Ұқсастық осы. Бала өз ортасының, үлкендердің зәбірі мен озбырлығын көрсе, Ерік, керісінше, өзгеге қатігездік қылады. Баланың өмірден түңілуіне себеп – өзгелер, Еріктің түңілуіне себеп - өзі. Анасынан, досынан, әйелінен айырылып, жалғыз қалғанда да ол өзінің кінәсін сезінбейді. Екі шығармадағы құбылу себебінің айырмашылығын осы тұрғыдан саралауға болады. Сөз басында өзіміз айтып өткен грек мифтеріндегі құбылушылықтың бір себебі – қасіреттену десек, бала да, Ерік те – қасірет құрбандары. Бірақ, екі кейіпкердің қасіреті екі басқа. О. Бөкей кейіпкерінің қасіреті – дүниеге құмартып, адамшылық қасиетін, дәлірек айтсақ, адамдық болмысын жоғалтуы.

Ерікте ес қалмады. Суға түсердей болып, жағалауға мінбелей ынтыққан. «А, құдай, араға айналсам екен, ара болып, арғы бетке ұшсам екен» деп, тізерлей отырып, қолын аспанға соза, бар болмысымен тіледі-ай, тұңғыш рет зар еңіреп жылады-ай

... Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды... бірақ, бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көк бас сонаға айналды».

Мифті қазақ фольклоры тұрғысынан зерттеуші ғалым С. Қасқабасов адамның аңға, тасқа, т.б. затқа айналуы туралы мифтердің мақсатты түрлерін мифтік сананың дамыған дәуірімен байланыстырады. Адамның басқа түрге айналуы жаза не қарғыстың салдары немесе құдайдың құдіретіндегі іс деп түсіндірілген. Еріктің сонаға айналуы мақсатты құбылушылық болуымен бірге, бірнеше себепке байланысты. Біріншіден – өзінің қалауы. Араға айналуы ол жан-тәнімен тілейді. Екіншіден, жазалануы. Ол бал арасына айналуы қалағанмен, көк бас сонаға айналады [4, 32].

О. Бөкей кейіпкері сонаға айналған қалпымен мерт болады: «Не болғанын білмей сасып қалған қыз қолындағы екі бүктелген қамшымен сесекене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып домалап түскен... мәңгілікке».

Мифті зерттеушілер XX ғасыр әдебиетіндегі мифтік құбылушылықтың идеялық мәні туралы айтқанда, метамарфозалық ауысуда, адам аңға, жәндікке, тасқа айналғанда адамға тән сана-сезім мен ой қабілеті сақталып қалатынына ерекше назар аударады. Ш. Айтматовта Найман-ананың өзі емес, жаулығы құсқа айналып, ананың ақтық сөзін қайталап ұшады. О. Бөкейде Ерік көк бас сонаға айналғанда, өзінің адам кезіндегі тілек-арманын жоғалтпай, қызға қарай ұшады.

Ж. Аймұхамбет «О. Бөкей кейіпкері тылсым күш ықпалымен құбылады. Мифтік сана бойынша, адамның өлімі бір түрден екінші түрге өту деп пайымдалса, Ш. Айтматов повесіндегі баланың балыққа айналуы дәл осы тұрғыда түсіндіріледі. О. Бөкейде Еріктің көк бас сонаға айналуы оның адамдық рухының өлуін түспалдайды. Көк бас сонаның (Еріктің өзгеріске түскен түрі) қыз қолындағы қамшыдан мерт болуы – тіршілік иесінің жанымен қоштасуы деп ұғынамыз. Осы «Атау кере» повесінде мифтік құбылушылықпен бірге, құбылуға деген ынтазарлық желісі де кездеседі. Тағы бір кейіпкер – Таған өз ортасынан көңілі қалап, торыққан кезде: «Шіркін-ай, айғырға айналып кетсем-ші», - деп тілейді. Бұл тілек жүзеге аспайды. Өйткені, Тағанның адамдық рухы мықты. Сондықтан да ол адамдық бейнесін сақтайды» - деп жазады [5, 12].

Түс көру де миф генезисімен тығыз байланысты деген ғалымдар пікірін негізге алсақ, мифтің жазба әдебиеттегі көркемдік қызметінің бір түрі – түс көру және оны жору. О. Бөкей прозасындағы

мифологизм мәселесін сөз еткенде жазушы шығармашылығынан маңызды орын алатын түс көру поэтикасын назардан тыс қалдыруға болмайды.

О. Бөкей прозасында түс көру және оны жору оқиға мазмұнында көптеп ұшырасады.

О. Бөкейдің аталмыш романындағы түс көру оқиғалары символикалық, болжағыштық мәнге негізделіп, алдағы болар жақсылықты немесе жаманшылықты алдын ала сездіреді. Алда болатын жаманшылықты сезіну «Атау кере» романындағы Айнаның түс көруіне де тән болып келеді.

«Ерікті тоса-тоса таң алдында өзі ілініп кеткен Айна өз түсінен шошып оянды. Көрпеге оранған күйі, көрген түсін есіне түсірді. Жап-жасыл дала, сол далада астарына сары ала сырмақ төсеп қымыз сапырып ішіп отырған анасы мен енесі жас ботадай тәй-тәй басқан Айнаны аймалап толғанып, қаз тұрғанын қызықтайды. Тұсауын кеседі... Енді бір мезетте екі бірдей ананың арасында мәз болып күлген сәбиді жалғыз қалдырып, қалықтап ұшып кеткен қос ана аспан төсіне сіңіп, көзден ғайып болады. Айна жылады...» Бұл түс – Айнаның енесі Нүрке кемпірдің қайтыс боларының ишарасы болады.

Халықтық түс жоруларда аспанға шығу, биікке көтерілу жақсылық нышаны болса, О. Бөкей кейіпкерлерінің түсінде мүлде басқаша сипат алады. «Аспан төсіне сіңіп, көзден ғайып болу» – өлім сапарының ишарасы түрінде көрінеді. Аспан – кеңістік, табиғаттың құдіретті де тылсым жаратылысы. Адамның өлімге бет бұруы сол қол жетпес тылсымға сіңіп кетуімен бейнеленеді.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» романы әдебиет тұрғысынан ғана емес, адами психологиялық қасиеттерді де жан-жақты талдап, мифопоэтика мәселесін де қарастырған. Мифтің алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі екенін айта келе, миф тек қана көне жанр емес, сонымен қатар дәл анықтама беруде де қиындық туындыратын күрделі жанр екендігін танытқан.

«Мифопоэтика – әдебиеттануда мифопоэтика деп шығарманың мифологиялық құрылымын, ондағы белгілі бір мифтің дизайнын әмбебап сюжетін немесе образ ретінде зерттейтін поэтика бөлімі екені айтылып, тақырып бойынша талдау жүргізілді. Бұған мысал ретінде басты кейіпкердің өмірлік құндылықтары мен жасаған іс-әрекеттерін және ойларын алуға болады.

Еріктің өз ойынан шығуын оның іс-әрекеттерінен көруге болады. Себебі:

Біріншіден, Ерік тұрмыстағы адам болғанына қарамастан, өз ойынан шығарған мифтегі Қатынға ғашық болды. Осының салдарынан Айнаны адам деп санамай, көңіл аудармайды.

Екіншіден, Еріктің бар ақылы ақша жасауға жұмсалғандықтан, оның сезімі қатыгезденіп кеткен. Сол себептен Айна Еріктен бас тартып, Тағанға тұрмысқа шығады.

Үшіншіден, Ерік өз мифтағы өміріне жету үшін теңіздің арғы жағындағы тұрған Қатынға барып, Құдайдан өзін араға айналдыруды сұрап, өз махаббатымен қосылғысы келді. Алайда, құдай оның жасаған істері мен ойларын көріп, тағдырды оған қарсы қойды.

Осы шығарма арқылы автор мифопоэтиканы қолдана отырып, кейіпкердің өзінің ішкі дүниесіне сай жануарға айналуын көрсетті. Яғни, егер ол жақсы адам болса, ол өзі қалағандай бал араға айналушы еді. Бірақ, тағдыр басқаша шешім қабылдады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақ әдебиеті. Оқулық. 11-сынып. А. С. Ақтаева, А. Қ. Жүндібаева, Ж. Н. Нұрлыбаева. Алматы: «Жазушы», 2020.

2 О. Бөкей «Атау кере» роман, Алматы: «Жазушы», 2005 (Аудиокітап).

3 Кемелбаева А. Сөз хикмет: Эсселер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: «Дәстүр», 2016.

4 Қасқабасов С. Қазақстың халық прозасы. Алматы: «Ғылым», 1984

5 Аймұхамбет Ж. Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика: Монография, – Астана: Foliant, 2016.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢ ЛИРИКАСЫ: ҰЛТ ТІРЕГІ – АУЫЛ СУРЕТТЕРІ

ҮКІБАЙ А. Қ.

10-сынып оқушы, № 16 мектеп-лицейі, Павлодар қ.

ДАУЛЕТ М.

мұғалімі, № 16 мектеп-лицейі, Павлодар қ.

Тәуелсіздік кезең қазақ лирикасына жаңа шабыт, өзгеше өрнектер әкелді. Жаңа өмірге құлшыныс әдебиетте жаңа тақырыптар

мен идеяларға жол ашты. Қазіргі кезең поэзиясындағы іргелі тақырыптардың ішінде – туған ел, туған жерге туралы шығармалар бөлек көрінеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі лирикада кеңес өкіметінің соңғы жылдарынан басталған тоқыраудың кеселі ауыл тағдырына алаңдаулы тақырыптар мол болды. Ауыл тақырыбы бұған дейін өске ел, өнген орта, ұлттық даму негізі болып суретеліп келген. Қазақ әдебиеті үшін ауыл тақырыбы – туған ел мен жер тақырыбының алтын дінгегі. Бүгінгі ауыл бейнесінің өзге бастаған алғашқы жаңғырықтары 1991–2001 жылғы лирикада анық көрінеді.

1991–2001 жылдардағы поэзияда бұл тақырыптардың еркше көрініс беруі деп біз келесі себептерді анықтаймыз.

1 Қазақ әдебиетіндегі Отан, туған ел мен жер тақырыптары – негізгі тақырыптардың бірі. Бұл – әдебиетте дәстүрге айналған қадірлі тақырып.

2 Еркіндік алған елдің ақындарының да мүмкіндігі де бөлек болды.

3 Батыс пен шығыс әдебиетін игерген жастар жаңа заманның жырын да бөлек етті.

4 Ауылдың өскен, қанат жайған қалпын да, кейіннен қадірі қашқан шағын да көздерімен көрген ұрпақ.

Ел мен жердің тағдырын жырлағанда елдің өзгеше бар жақсылығын да, кетеуі кеткен кемістігінде қорықпай айтты. Қоғамның, заманның ісін кей тұстары сатқындыққа, кей тұстары апатқа теңеген өлеңдер поэзияның шын қоғам көрінісі болған қалпын танытты. Әсіресе Т. Әбдікәкімовтің туындылары өз кезеңі үшін жойқын жаңалықтай сезілді. Т. Әбдікәкімов ақын қазақтың қара өлеңін жаңа бір қияға шығарды. Бұған дейінгі жалпақ ақыл, арзан ұйқасқа құрылған жырлар жаңа жалын болып төгілді.

Өзенім-ай,

Мұң-зарың бар ма қанда,

Шөл деген сөз «өл» болды дәл маған да!

Ойлағандай боламыз (кешір бізді)

Орман түгіл, шілігің қалмағанда!

Жолықпаса жусан – сау, ермен – есен,

Мен өзімді іштегі шермен езем.

Ой-арманы жоқ адам ол да бәрібір -

Орманьнан айырылып өлген өзен!

Немесе:

Солай, өне, Қара Өлеңнің Дұғасы!

Қарға болу қиын емес расы.

Қара түнде, Қара ағаштың басында
 Қандай жұмсақ қара құстар ұясы!
 Ал төменде - сан қорқыныш, сан күдік...
 Қала жатыр ұл-қыздарын қаңғытып.
 Қақ төбеден Қайырымсыз қоғамға
 Қандай рахат отырсаңыз саңғытып! [1, 29].

Ақынның жырлары табиғаттан бүкіл адамзат атынан сұраған кешірімдей. Екі өлең екі тақырыпты жырға қосқан. Біріндегі адамның жаратылысқа жасаған зұлым кесапаты, табиғат – ана қауқарсыз, күш-қуаттан айырылған шарасыз күйде. Орманнан айырылған табиғат пен ойдан жүрдай болған адамдар қоғамы – екеуі де шерлі. Екеуі де ендігі – барынан айырылып қана қойған жоқ, жанынан да айырылғандай. Табиғатсыз адам тіршілігінің күнсыздығы, кейіпкер шарасыздығы айтылады.

Ал екінші өлең жеке бас мұңы сияқты, бірақ заман мен қоғам теперішін көрген қазақ қыз-ұлдарының күйі. Өз елінде, туған жерінде басында өзімдікі дер шаңырағы болмау – трагедияның басы шығар. Құс екеш құстың да биікте, өзі қалаған жерде ұясы бар. Қоғам қара ағаштай да сая, пана бола алмай отыр. Мүмкін пенделіктен ада табиғат өз балаларын далаға тастамас, ал адамдар қоғамына өз балаларын қаңғыту түк те емес екен. Кейіпкер де өзіне мейірімсіз қоғамға мейірімсіздікпен жауап береді.

Әмірхан Балқыбектің өлеңдерінде:

Алатаудың әрбір шыңы әулие,
 Білмесем де білемін.
 Береке – бақ тілеп едім әр үйге,
 Неге қабыл болмай жатыр тілегім.
 Бір тазымен бір ауылды асырар Заман өткен, Қапамын.
 Қамбар емен және мен.
 Көшеменен кетіп бара жатамын
 Жоқ жан сынды дөңеңем [2, 97].

1990-2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты еркішелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды.

Кеңестік идеология 80-жылдардың соңына қарай әлсірей бастады. Ең бастысы, қоғам мен адамдардың әлеуметтік тұрмысы нашарлай бастады. Тұрмысы нашарлаған елдің ой-санасы да өзгермей қоймайтыны белгілі. Осы тұста қазақ әдебиетінде көптеген жырлардың ішінде орын алған тұрмыстық торығудың да алға

шығуы заңды еді. Бақытжан Алдиярдың «1999 жылғы 11 тамыз. Ауыл.» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Жер сілкінді, күн тұтылды, жел соқты,
 Жұмыр жерді басып жатыр түнек кеш.
 Біздің ауыл әу бастан-ақ селқос-ты,
 Дүниенің дүмпүіне дір етпес.
 Биыл оқу қалады-ау деп өкініп,
 Бір жас сәби кекілі бар шырайлы,
 Атасының тізесінде отырып,
 «Ақырзаман деген не деп сұрайды.
 Ал атасы таппай ұзақ не дерін,
 Бар санасын ойлар шарпып көп қызу,
 Балам, дейді, ақырзаман дегенің -
 Алты жылды айлық алмай өткізу [2, 28].

Өлеңнің көркемдігі әлсіз болғанымен де айтары мен суреттері - қоғам сендіріп келген, өзіне бағындырып келген, айтқанына жүргізіп, кешегі күні от пен суға салған халқынан теріс айналып, ел мен жерді «ақырзаманның» алдына әкелген шағын дәл беретіндігі. Қоғамның осындай тар қыспағын бар ақындар жырға қосты. Лириканың көркемдігі де сонда әркім әр түрлі қырынан алды, әр ақын қоғам мен заман қыспағын түрлі бояумен, түрлі себептен көрді. ең бастысы барлығы да – қоғам кесапатының себебін ашып, өзінше жауаптарын тапты.

20-ғасырдың 90-жылдарын басталған жыр – керуеннің көші ел мен жер тақырыбында бұрынғыдай сағынышты, ыстық махаббатты, өскен өлкенің сұлу табиғатын, өзгеше әдемі қалпын жырлай алмады. Себебі қазақтың алыстағы ауылға қатынауы бұрынғыдай қиынға түскен жоқ.

Ақпараттық-технология байланысты да өзгертті. Бірақ жаңа заман жаңа «сыйын» ұсынды. Ол - туған ел мен жердің бұрынғы ұлттық қалпынан алыстап бара жатқаны, ол – елмен бірге жердің де қасиеті кетіп, керексіз қалып жатқан қалпы болатын. Бауыржан Қарабековтің «Күзгі саз» өлеңінде мынандай жолдар бар:

Сағынып елге келгенде,
 Сырнайлы сағым белдерде.
 Сарғайып кеткен даламның
 Сарнайды мұңы кеудемде [3].

Осындай ауылын көріп торыққан күй Жанар Рамазанованың «Ауылым» өлеңінде де жырланды:

Жоғалтқандай мәңгілікке бауырын,

Жетімсіреп қалған сынды ауылым,
Өз тірлігің өз ішінде қамалып,
Жыртығың да жатыр сонда жамалып [2, 311].

Болат Мүрсәлімовтің «Қызыл кесік – нұрлы жол» өлеңінде ақын туған жердің кешегісі мен бүгінін салыстырады [2, 26]. Қиналған елдің, тағдыр талайын шешер ұл-қыздарының адал еңбегі мен ар-ожданы. Ел мен жердің жақсылығына сенген балаларының ақ ниеті деген идея айтылып қоймайды. Ақын өзі де сол жолда барын салмақ. Елдің қиындығынайтып қана қоймай сол қиындықтан қалай арылтам деген сезім ақынның жан сезімі ғана емес, болашақтың да хабары.

Қалқаман Сариннің «Қарауыл. Қараөлең» шығармасында бұған дейін көп жырланған Қарауылға қайта соғады. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің ата жұрты Қарауылдың барша жақсылық мекені болғаны аңғарылады. «Қара» сөзінен дыбыстық анафора жасай отырып, «қ» сөзіне акцент қояды. Ақын қазақтың әдеттегі қара - түр мен түсті білдіретін сөзін алмайды. Ұлттық реңктегі «қара» сөзіне мән береді. Қазақ тілінде қара сөзінің екі түрлі мағынасы бар. бірі – қайғы мен қасіретті білдіретін сөз, бірі – қадірлі, кмелі деген ұғымды ашатын лексема.

Ақын айтатын: қара өлең, Қара Ертіс, қара бала, Қараой Қарасаз, қара нар, қара жол, қара тау, қара қой, қара қазан, қара су, қара жаяу, қара қыз, қара көзді келіншек, қара күбі, қара шаңырақ сияқты «қара» сөзі – қасиет, қадір, құрметтілікті білдіретін мағынаға қарама-қарсы «қараның» қиындық пен жамандықты беретін мағыналарын қарсы қояды: қара түн, қарақұрым халық, қара суық, қара күйе, қара ниет сәтті қолданған. Ақын қазақ тіліндегі қара сөзінің екі танымдық белгісін қатар алып, көркемдікті күшейткен. Қара сөзі – екпін түскен сөз, көркемдік сипатты анықтаушы белгі.

Ауылдың қасиеті мен қадірін халық жан күйін суреттей келе ақын өлеңді былай аяқтайды:

Қарақұрым халықтың халі бөлек бүгінде,
Қара жаңбыр жауып тұр қар аралас іңірде.
Қара суық күз келіп қалтырайды қу тірлік,
Қара торғай секілді қарағаштың түбінде.
Қарауылда қалды өне, қара шалым, тектім-ау,
Қара шалдан қалғаны – қара шаңырақ тек мынау.
Қара күйе жағылып арыңа аппақ ауылым,
Қара ниет қоғамның құрбаны боп кеттің -ау... [3, 26]

1990-2000 жылдары жазылған туған жер, ел туралы өлеңдердің басты ерекшелігі бұнда жұрт жанын сағынған сағыныш емес, қоғамнан теперіш көрген халық пен ұлт жайы айтылды.

Сондықтан да бұнда ел мен жерді осындай күйге түсірген қоғам мен саясат айыпталды.

Қорыта келгенде, тәуелсіздіктің әкелген қоғамдық-саяси лирикасының бір ерекшелігі де – қоғамды бұған дейінгі жырлар мақтап келсе, енді барды жазды. Бар сурет сол қалпында көрінді.

Қай заманның да қиындығы бар дегенмен әр замандікі өзінше ерекше. Бұл замандікі тіпті бөлек. Адамзат қауымдасып, бөлісіп, қолындағысын жоққа беріп жәрдемдесіп өмір сүруді ұмытқан.

Ауыл тақырыбы – ел тағдырымен, ел бейнесімен астаса, соның өзі ретінде жырланды. Біз бұл кезеңдегі ауыл тақырыбынан келесі сипаттарды көреміз.

1 Қазақ үшін ауыл тағдыры ел тағдыры.

2 Ауыл тақырыбы халық жағдайының өлеуметтік күйзелісімен бірге алынды.

3 Ел бейнесінің, халық тұрмысының тұтас қалпы ауыл арқылы көрінді. Ел мен жердің тағдырын, жеке бастың мұң-зарын тыңдап, бәрінен де адал шешер бір жаратушы екендігін поэзия мен қайта әкелді. Қайта жаңғыртты. Сондықтан да 90- жылдардың соңындағы поэзиядағы жалғыздық кейіпкер сезімін терең ашыла түсті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әбдікәкімов Т. Қас Сақ аңқымасы – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 448 б.

2 Жас ақындар жырларының антологиясы, – Алматы: Өлке, 2000. – 320 б.

3 Қарабеков Б. Қызылдың ауыл құмында, – Алматы, 2001, - 136 б.

2.5 Павлодар Ертіс өңірінің мәдени және рухани құндылықтары
2.5 Культурные и духовные ценности Павлодарского Прииртышья

«МУЗЫКАЛЬНЫЕ» ПАМЯТНИКИ ПАВЛОДАРА

ГРУША М. А.
ученик 11«А» класса, СОШ имени Камала Макпалеева, г. Павлодар
ПЕТРОВА Т. С.
учитель музыки, СОШ имени Камала Макпалеева, г. Павлодар

Первый президент Н. А. Назарбаев в своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» отметил: «Гордиться историей своего края – дело нужное и полезное».

Поколение, изучающее «Краеведение», должно гордиться великими людьми своего родного края, должно знать всё о самых важных сакральных местах малой родины и осознавать свою причастность к богатой истории родного края.

Павлодар – прекрасный город на берегу Иртыша. С давних пор он считается одним из центров музыкальной культуры Казахстана.

Много акынов и композиторов прославили своим искусством Павлодарское Прииртышье. В сеть достопримечательностей города вошли величественные памятники известным музыкантам степного края, рассказывающие об их безграничном таланте и преданности любимому делу – служению искусству. Знаменитые скульпторы запечатлели музыкальные инструменты и образы гениев в гранитном камне.

Недалеко от центральной музыкальной школы им. Курмангазы в скверена пересечении улиц Лермонтова и Машхур Жусупа расположен памятник славной и легендарной домбре. Казахский национальный инструмент – это один из самых важных символов народа. В Казахстане в 2018 году первое воскресенье июля было объявлено Национальным днём домбры.



Памятник домбре
установлен в сквере на пересечении улиц Машхур Жусупа и Лермонтова

Рисунок 1

В центре Павлодара рядом с музыкальным колледжем стоит памятник самому древнему казахскому музыкальному инструменту – кобызу, созданному великим Коркут-атой. Звук кобызы словно старец-мудрец окутывает прохожих ореолом священных звуков и даёт напутствие молодёжи хранить народные традиции предков.



Памятник кобызу
установлен рядом с музыкальным колледжем по улице Торайғырова

Рисунок 2

На территории Павлодарского Государственного Университета им. С. Торайғырова в 2007 году был установлен памятник мужскому квартету «Дос-Мукасан» - первому советскому вокально-инструментальному ансамблю из Казахстана, прославившемуся исполнением казахских песен в эстрадной обработке.

Днём рождения ансамбля «Дос-Мукасан» стал день 1 августа 1967 года, когда квартет выступил на сцене Дворца культуры, отремонтированного и реставрированного бойцами стройотряда

в совхозе «Баянаульский» Павлодарской области. Основателями ансамбля и его первыми исполнителями были Досым Сулеев, Мурат Кусаинов, Хамит Санбаев, Александр Литвинов (название ансамбля происходило от сокращения имён участников: «Дос» – лидер ансамбля Досым Сулеев, «Му» – Мурат Кусаинов, «Ка» – Камит Санбаев, «Сан» – Саня (Александр) Литвинов. Ансамбль «Дос-Мукасан» – стал одним из основателей современной казахстанской эстрады. Он – лауреат многих международных конкурсов и фестивалей, в том числе X и XII Всемирных фестивалей молодежи и студентов в Берлине и Москве, лауреат премии комсомола Казахстана.

Мемориал установили преподаватели и студенты ВУЗа в память о легендарных музыкантах, начавших своё триумфальное восхождение на мировой музыкальный олимп в степных краях Павлодарского Прииртышья.




Скульптура ВИА «ДОС-МУКАСАН»
установлена на территории ПГУ им. С.Торайгырова по улице Ломова 64

Рисунок 3

Монумент народному акыну-импровизатору Темирбулату Аргынбаеву (1889–1940) хорошо знаком жителям и гостям города на Иртыше.

Этот профессиональный певец вместе с другими казахскими артистами-самородками заложил фундамент национального музыкального искусства.



Монумент народному акыну-импровизатору
Темирбулату Аргынбаеву (1889-1940)
установлен на односторонней улице в районе Хромозавода

Рисунок 4

Памятник «Первый учитель», установленный в Павлодаре в 2012 году, был первым в Казахстане памятником, посвящённым профессии педагога. Памятник был установлен по инициативе Павлодарского педагогического института в год его 50-летия, как дань уважения всем, кто «сеет разумное, доброе, вечное».

Автор памятника – скульптор Кажибек Баймульдин. Уникальная четырёхметровая скульптурная композиция была отлита в Алматы на заводе им. Кирова.



Памятник первой учительнице
(скульптор К. Баймульдин, бронза, 2012 г.)
установлен в сквере на пересечении улиц Машхур Жусупа и Каирбаева

Рисунок 5

13 июля 2018 года на пересечении улиц улица Ткачёва и Майры был открыт памятник уроженке города Павлодара, народной певице и композитору Майре Шамсутдиновой.

Инициатором и главным спонсором установки памятника выступил заслуженный работник культуры, почетный гражданин города Павлодар Куат Есемханов. Автором бронзовой скульптуры

стал Азат Баярлин. Памятник отлили в Москве. Его высота вместе с гранитным постаментом составляет 3,5 метра.



Рисунок 6

21 марта 2021 года на площади Конституции рядом с одноименным Дворцом культуры был установлен памятник прославленному казахскому композитору и акыну Павлодарской области Естаю Беркимбаеву.

Автором скульптуры стал почетный член Российской академии художеств, союза художников Казахстана и Канадской ассоциации скульпторов Азат Баярлин. Его эскиз был выбран госкомиссией в рамках общереспубликанского конкурса среди двенадцати других. Несмотря на устоявшийся образ композитора, как старца, скульптор все же решил изобразить его молодым.

На работу над проектом у автора ушел год. Вносились изменения, менялось положение домбры из одной руки в другую, так как Естай был левшой. Общая высота памятника вместе с постаментом составляет восемь метров. Сделан он из художественной бронзы и покрыт защитным воском.



Памятник Естаю Беркимбайулы

Установлен 21 марта 2021 года на площади Конституции рядом с ГДК

Рисунок 7

Красота родного края неотделима от истории и культуры. Эти каменные музыкальные изваяния города Павлодара напоминают об истоках, о красоте малой родины, о силе и славе её представителей в лице великих деятелей казахского музыкального искусства.

ЛИТЕРАТУРА

1 А. Нухулы, М. Ш. Алинова, З. А. Сабданбекова, А. М. Сыздыкова, Б. Т. Аушахманова. «Краеведение» Павлодарская область – Астана: Арман-ПВ, 2018. – 3–4 стр.

2 Домбра – символ нашего народа <https://www.zakon.kz/4923441-dombra-eto-simvol-nashego-naroda-muzey.html>

3 Поближе к Музе <https://pavon.kz/post/view/50688?reply=541478>

4 Дос-Мукасан Рождение и становление ансамбля [http://dos-mukasan.kz/ page_id=23](http://dos-mukasan.kz/page_id=23) -<https://ru.wikipedia.org/wiki>

5 Великие казахские исполнители XIX века. Темирбулат Аргынбаев.

6 Историко-культурное наследие казахских певцов. – <https://silkadv.com/ru/node/959>

7 В Павлодаре открыли памятник композитору Майре Шамсутдиновой <https://pavon.kz/post/view/58211>

8 Памятник Первый учитель в Павлодаре <https://umihelp.com/news/pamyatnik-pervyj-uchitel-v-pavlodare>

9 Памятник молодому Естаю Беркимбаеву открыли в Павлодаре <https://pavon.kz/post/view/68087>

РОЛЬ ТВОРЧЕСТВА ДЕТСКИХ АВТОРОВ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В ФОРМИРОВАНИИ ПАТРИОТИЗМА

ЖАКИШЕВА А. А.
ученик, Школа-лицей № 20,, г. Павлодар
КАСИМОВА К. Ф.
учитель русского языка и литературы,
Школа-лицей № 20,, г. Павлодар

Любовь к Родине начинается к любви к родному краю, родному городу. Любовь к Родине определяется емким понятием «патриотизм». Мы согласимся, что «в основе казахстанского патриотизма должны лежать, по мнению казахстанских исследователей, казахский патриотизм, который может формироваться на основе уважения к государству, почтения к истории, традиции, культуре и языку самого казахского этноса» [1]. Павлодарское Прииртышье представлено богатым литературным творчеством наших земляков поэтов и писателей. Обзор исследований, которые посвящены изучению этого пласта литературы, показывает, что в центре внимания ученых находится в основном публицистика и гражданская лирика наших земляков. В частности, исследователь Р. Р. Жаева (2012) в качестве текстового материала использовала публицистику Ю. Д. Поминова [2]. Изучению творчества другого нашего земляка-поэта Павла Васильева посвящены работы И. В. Поповой (2017) [3] и Т. М. Мадзигон (1966) [4], О. А. Иост (2018) [5]. Это свидетельствует об интересе лингвистов к творчеству ярких представителей нашего литературного Прииртышья. В поле нашего зрения вошли произведения поэтов Павлодарской области и мы решили обратиться к мало изученной части литературного пласта павлодарской литературы – к поэтическим произведениям для детей.

Обращение к творчеству павлодарских поэтов и писателей дает нам возможность познакомиться поближе с литературой малой родины.

В качестве ярких представителей павлодарской детской литературы рассмотрим творчество следующих авторов.

Сулеймен Баязитов. Поэт родился в Баянаульском районе Павлодарской области в селе Ж. Шанина. Многие годы работал учителем средней школы, являлся внештатным, а затем и штатным корреспондентом областной газеты «Сарыарқа самалы». Заслуги нашего земляка были оценены по достоинству и он был

удостоен премии областного союза журналистов. Остановимся поподробнее на его книге «Последняя шутка батыра Малайсары». Автор адресовал ее юным читателям. Главный герой, которого представил С. Баязитов, – соратник хана Абылая Малайсары батыр. Для жителей Павлодарской области имя Малайсары батыра известно не понаслышке. Ему принадлежит особое место в истории освобождения казахского народа от джунгар. В Майском районе Павлодарской области отмечены памятные места исторических сражений, героем которых был батыр.

Примечательно, что павлодарские авторы давно и успешно пропагандируют и популяризируют творчество друг друга. В качестве примера в связи с упоминанием имени Сулеймена Баязитова следует отдать должное таланту другого автора – поэта Ольги Григорьевой.

В частности, ею был переведен на русский язык цикл стихотворений С. Баязитова «Времена года». Ольга Григорьева – павлодарский поэт, который занимает свое отдельное место в плеяде наших талантливых земляков. Такой творческий союз по праву вызывает гордость всех ценителей литературы Павлодарского Прииртышья.

Также перу Ольги Григорьевой принадлежат произведения, которые адресованы детям. За авторские циклы, посвященные детям, О. Григорьева стала обладателем почетного титула «Балалық шак досы – Друг детства» и названа «Лучшим детским журналистом 2007 года».

Следует отметить творчество павлодарской детской поэтессы Елены Игнатовской. Особая заслуга Е. Игнатовской – поддержка детской странички «Домовенок» Павлодарской областной газеты «Звезда Прииртышья». Ее произведения «Каникулы», «Собачья мечта», «Где зимуют веснушки» и другие также адресованы маленьким читателям.

Отметим также творчество Елены Вайберт. Жителям Павлодарской области Е. Вайберт известна, прежде всего, как детский журналист, основатель детского пресс-центра Павлодарской области, который более 30-ти лет успешно работает при Дворце школьников им. М.М. Катаева. Детский пресс-центр стал стартовой площадкой для многих павлодарских журналистов, которые известны за пределами Павлодара и области. В 2016 году вышел сборник павлодарских детских поэтов «Волшебные буквы», в

который также вошли произведения Е. Вайберт. Стоит отметить, что сборник создали авторы пишущие на казахском и русском языках.

Представленный обзор подобран с целью обратить внимание широкого круга читателей на творчество павлодарских детских поэтов. Несомненно, что обращение к их произведениям, может способствовать формированию чувства патриотизма, гордости за родной край. Образы, представленные в стихах и рассказах местных детских поэтов узнаваемы для юных читателей. Отдельное место занимает образ Иртыша – величественной реки, на берегу которой расположен наш город. К примеру, в стихотворении О. Григорьевой «Прогулка на Иртыш» описывается знакомая каждому из нас с детства ситуация. Все мы прогуливаемся с детства по берегу Иртыша.

*Набегают волны на бетон
И откатываются шуриша,
Это по реке плывет, как слон,
Бревнами груженная баржа.*

Образ Иртыша по-разному представлен во многих произведениях наших земляков. Но всех объединяет трепетное отношение к символу родного города. Примечательно, что многие другие образы, представленные в стихах наших поэтов земляков, встречаются у разных авторов. Мы узнаем свой город, свое родное Прииртышье, степи, озера, бескрайние поля, колоссящиеся поля и все то родное и близкое, что воспето ими. К примеру, горы Баянаула воспеты практически всеми поэтами, не остались без внимания и озера – излюбленное место отдыха и гордость всех казахстанцев. Окрестности Баянаула по праву называют казахстанской Швейцарией.

Особая тема – обретение Родины представителями департированных народов бывшего СССР. В качестве примера обратимся к творчеству нашей землячки Лидии Медовой. Сборник стихов автора «Земля, где сужденородиться» и повесть «Детство Марьямки». В историях, описанных Лидией Усмановой, отразилась история целого государства. Повесть посвящена судьбе людей департированных в Казахстан в годы сталинских репрессий.

Таким образом представленные примеры могут стать хорошим материалом для формирования чувства «уважения к государству, почтения к истории, традиции, культуре и языку», что вбирает в себя емкое понятие «патриотизм».

ЛИТЕРАТУРА

1 Абдыгалиев Б. Новые приоритеты национальной политики Казахстана // Свободное общество. – Астана – Март. – № 1 (1). – С. 69.

2 Жаева Р. Р. Способы актуализации прецедентных феноменов в публицистических текстах Ю. Д. Поминова: автореф. дисс. ... канд. филол наук: 10.02.19. – Кемерово, 2012. – 25 с.

3 Попова Н. В. Фольклорные традиции в творчестве Павла Васильева: автореф. дисс. ... канд. филол наук: 10. 01. 01. – Орел, 2017. – 23 с.

4 Мадзигон, Т. М. Творчество Павла Васильева: автореф. дисс. ... канд. филол наук: 10.01.01. – М., 1966. – 21 с.

5 Иост О. А. О функционировании образа колокола в лирике Павла Васильева // VIII Лазаревские чтения: Лики традиционной культуры в современном культурном пространстве: резонанс базовых ценностей: сб. материалов междунаро. науч. конф. Челябинск 27–28 фев. 2018: в 2 Ч.- Челябинск: ЧГИК, 2018. – Ч. 1. – С. 88–93.

6 Иост О. А. Географические меты Казахстана в поэзии Павла Васильева // Диалог культур: поэтика локального текста: материалы VI Международной научной конференции. Горно-Алтайск, 26–29 мая 2018 г. / под ред. П.В. Алексеева: В 2-х т. - Горно-Алтайск: Библиотечно-издательский центр ГАГУ, 2018 - С. 107–122.

7 «ZHARAR» ақпараттық-танымдық порталы – электронная версия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.zharar.com/rus/stihi/15876-1.html> (Дата обращения 22. 08. 2022 г.).

8 Литературная карта Павлодарского Прииртышья – электронная версия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://map.pavlodarlibrary.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=54%3A2012-05-30-05-04-39&catid=6&Itemid=17&lang=ru (Дата обращения 22. 08. 2022 г.).

9 Сайт славянского культурного центра Павлодара – электронная версия [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.slavcentr.kz/index.php/slavcenter-persons/7908-elena-ignatovskaya.html> (Дата обращения 22. 08. 2022 г.).

10 Сайт Евразийского литературного фестиваля — электронный журнал [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.17.ocabookforum.com/%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B0-%D0%B8%D0%B3%D0%BD%D0%B0%D1%82%D0%BE%D0%B2%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F/> (Дата обращения 22.08.2022 г.).

**МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДА САТИРА
ЖАНРЫН ДАМУДАҒЫ ЖОЛДАРЫ:
ЖАНАТ ТҮРҒАНБЕКҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МОЛ МҰРАСЫ**

КАИРГЕЛЬДИНОВА М.
10 сынып, № 18 ЖОББ, Екібастұз қ.
КУЛЬМАҒАНБЕТОВА Р. А.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарих пәнінің мұғалімі, Екібастұз қ.

Болашағын ойлайтын ел дананың ісін балаға үлгі ететіні ежелден белгілі қағида. Шүкір, ел болып ен дүрмектің ішіне енгелі саяси-экономикалық ахуалымызды көтеріп қана қоймай, мәдени-танымдық кеңістігіміздің көкжиегін кеңейтуге де баса назар аудардық. Ұлы даланың ұрпақ тәрбиесі баладан басталады. «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлттың ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.» Н. Ә. Назарбаев.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев бастауымен құрылған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпқасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруда игі істердің бастамасы болды [1].

Қазақ сахарасының біртуары



1-сурет – Жанат Тұрғанбекұлы (1949-1997 жж.)
Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі

Жанат Тұрғанбекұлы Баянауыл ауданы, Жаңа тілек ауылында 1949 жылдың 17 тамызында дүниеге келген. Әкесі Олжабекұлы Тұрғанбек – механизатор, еңбек озаты, алғашқы комбайнды тізгіндеген озық комбайнер болды. Қарымды қаламгер, тамаша журналист Жанат Тұрғанбекұлы ағаларымыздың арасында аман жүрсе, биыл жетпіс екі деген жастың жотасына жететін еді. Ол-Ертіс-Баян өңіріне ерте танылған қаламгер, өткір мәселелерді өжет көрген журналист. Өмірден де ерте озды. Кейінгі жылдары жергілікті басылым беттерінде Жанат жайлы сирек жазылып жүр. Елуге жетпей, екі кез жерге еніп кете барған жанның көп қаламдасы секілді есімі жиі ескеріле бермейді. Осы олқылықтың орынын толтыру, аруақ алдындағы парызымыздың бір парасын ада қылу асыл мақсатымыз.



2-сурет – Облыстық байқау жүлдегері Жұмажан Меруерт Атасы Жанақов Жұмажан және ағасы Жанақов Секенмен. Баянауыл тумасы журналист Жанат Тұрғанбекұлы жайлы естелікті жазу үстінде

Павлодар облысының «Қызыл ту» газетінде ұзақ жылдар еңбек еткен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Жанат Тұрғанбекұлының «Бір сомның әлегі» кітабының тұсау кесерінде болған мектебіміздің оқушысы Тұрсын Ұлан мен тарих пәні мұғалімі Құлмағанбетова Роза Әубәкірқызы былайша еске алады: Тұсаукесер жиында Жанат Тұрғанбекұлының көзін көріп, қызметтес болған ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Арман Қани, жазушы, журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Ғалымбек Жұматов, Қазақстанның құрметті журналисі, «Қазақ тілі»

қоғамының облыстық филиалының төрағасы Социал Әйтемов, Жанат Тұрғанбекұлының інісі Сағат Тұрғанбекұлы құрметті қонақ ретінде қатысып, өз естеліктерімен бөлісті. «Бір сомның әлегі» кітабы 4 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Жанат Тұрғанбекұлының өзін-сықақ әңгімелерінен тұрса, екінші бөлімге өткір мақалалары топтастырылды. Үшінші бөлімде ел аузынан жинаған әңгімелері, төртінші бөлімде журналист туралы естеліктер берілген. Кітаптың жарыққа шығуына орай оқушылар арасында облыстық сатиралық әңгімелер мен эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. Байқау облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының және «Шаңырақ» орталығының қолдауымен өтті. Байқаудың бірінші кезеңіне 30-дан астам оқушы қатысып, сатиралық әңгіме жазып сынға түсті. Бүгінгі екінші кезеңге үздік деп танылған 8 оқушы өтіп, эссе жазудан бақ сынады. Талантты журналистің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары елімізге белгілі айтыскер ақын Асығат Тұрғанбек ағасының қоғамдағы мәселені жеткізуде сатираны қолданған мықты қаламгер, табанасты өлең шығаратын ақындығы болғанын атап өтті [2].

Жапан далада жалғыз жүйіктеген жүйріктей өмірден ағындап өткен оның қалдырған жолы мен жалы – жазған шығармалары. Сондықтан, жиырма жылдық журналистік жолы сарғайған газет тігінділерінде ғана емес, сағынған дос-жаран, сыйлы әріптес аға-інілерінің жүрегінде сайрап жатыр. Сол жолға жақсылап үңілейікші.....



3-сурет. Облыстық байқау жүлдегері Жұмажан Меруерт Арнайы жүлде тағайындаған Баянауыл аудандық «Баянтау» газетінің редакторы **Қабділәшім Еламан Хасенұлы** жүлдегерді *Алғыс хатпен марапаттап, ақшалай сыйлығын табыс етті.*

Бала Жанат ауылдық мектепке білікті ұстаздардан тәлім алып, тәртіп пен талапқа негізделген кеңестік кезеңде өсіп, жастайынан шығармашылық бағытты таңдап, журналист болуға машықтанады. 4-ші сыныпта оқып жүріп-ақ, балаларға арналған республикалық басылымдарға мектеп өмірі туралы мақала, атырнақалды өлеңдерін жіберіп тұрады. Өз сөзімен айтсақ, «журналистік қызметті таңдауына басты себепкер, қаламын ұштауға алғашқы тәлімгер тәрбиеші болған – «Қазақстан пионері» газеті». Баянаула бауырындағы жас талапқа Ә. Жапаров, Е. Домбаев, Ж. Темірбеков сынды журналистер үнемі ақыл-кеңес айтып, хат жолдайтын. Жанаттың жолында өшпес із қалдырған 1964 жылы еді. Дәл сол жылы таңдаулы 30 жас тілшінің қатарында газеттің арнаулы кітапханасын сыйға алды. Ал 1965 жылы оған Бүкілодақтық «Артек» пионер лагеріне жолдама беріледі. Бұл жағдай қиялы жүйрік, ойы асқақ, талабы зор тас түлекке бір жола журналистік жолды таңдауына қайрат бітіргені анық.

Бала ақын боп танылып үлгерген 8-ші сынып оқушысы бұдан былай Баянауыл аудандық «Жеңіс», Павлодар облыстық «Қызыл ту» газеттерімен байланыс жасай бастайды. Алғашқы тәлімгерлердің бірі-баянауылдық журналист, марқұм Қайыржан Темірбеков болса, атырнақалды өлеңдеріне жылы пікір білдіріп, жариялауына қамқорлық жасаған Мұхаметжан Дәуренбеков-тің. Ал облыстық газет бетінде алғашқы хаттар, корреспонденция, суреттеме, очерктерін жариялап, ағалық ақыл-кеңесін айтып, өзара хат алмасып тұрған ардагер журналист, марқұм Төлеубек Қоңыровты (сол уақытта ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі) Жанат осы редакциядағы алғашқы ұстазына балады [3].

Жанат журналистің шығармашылық мұраларының - мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны.

Жоғары кәсіби білім берудің қазіргі жаңа парадигмасы мектеп оқушыларына білімдік, рухани, зияткерлік, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жеке даралық қабілеттіліктерін қолдауға, тұлғаның өзін-өзі шынайы көрсете алуына мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиеге бағытталады. Жастар қоғамдық әлеуметтік өзгерістердің басты факторы, табысты, білімді ерекше әлеуметтік топ ретінде еліміздің өркендеуін қамтамасыз ететін күш болғандықтан бүгінгі таңда оқушыларға берілетін адамгершілік тәрбиені рухани жаңғырумен сәйкестендіру қажеттігі туындайды. Қазіргі жастар кәсіби терең білімді, бәсекеге қабілетті, кісілігі биік, цифрлық сауаттылықты еркін меңгерген, әлем тілдерін білуге құштар, ақыллойы толысқан кемел тұлға болып қалыптасуы қажет. Сондықтан да болар

тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тарихында жастар мәселесі Елбасының Қазақстан Халықтарына әр жылғы Жолдауларында, «Мәңгілік Ел», «Ұлт жоспары 100 нақты қадам», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сияқты құжаттарда орын алып, оқутәрбие ісінің өзегіне айналса, биылғы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жастардың қоғам өміріндегі рөлін айқындай түседі. Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп жастарға үлкен жауапкершілік артқаны белгілі [4].

Мектеп қабырғасындағы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі «білім беру», «оқыту» және «тәрбиелеу» деп аталатын тұтас педагогикалық үдерісте үздіксіз жүріп жатады. Жыл бойында оқытылатын пәндердің білім Туған өлкенің дара тұлғалары өмір жолының оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны мазмұнында, тәрбиелік іс-шараларда болашақ ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін дамытудың ұтымды жолдары қарастырылады. Сондай арнайы курс, үйірмелер қатарында «Өлкетану» сабағы және «Жас талап» үйірмесін атап айтуға болады. Бұл жобаның арқауы болып отырған Жанат журналистің ғаламат туындылары оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына, өзінің өмірлік жолын дұрыс түсінуіне ықпал ететіндей мақсатқа құрылады. Оқу пәндерінің мазмұнына және арнайы курс бағдарламасына сәйкес 5-7 сынып оқушылары тарих сабақтарында «Өлкетану» сабағын кіріктіріп оқиды. Пәннің мазмұнында рухани тұлғалардың тәрбиелік мәні жоғары және адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін шығармаларынан үзінділер алынады [5].



4-сурет – Жұмажан Меруерт
Жанат Тұрғанбекұлы ауылының тумасы атасы
Жанақов Жұмажанмен

Пәннің мақсаты – оқушылардың рухани адамгершілік тәрбиесін халқымыздың ғұлама, ақын, ойшылдарының еңбектерінде айтылған даналық ойлары негізінде дамыту. Зерттеудің материалдары мен әдістері. Мектеп оқушыларының тұлғалық дамуы ескеріліп, Ұлы дала ойшылдарының «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұнына енген оқу материалдары талданып, оларды оқытудың кейбір үлгілері көрсетілді. Әдебиетті шолу Адамзат баласының асыл армандарының бірі келешек өмірді жалғастыратын өнегелі ұрпақ тәрбиелеу болса, ол арман халқымыздың өрелі ойы, тағылымды тәлімі және терең тарихындағы рухани құндылықтармен үндесіп жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған, жағымды мінез-құлықтағы адами тәртіп пен дағдыны қалыптастыратын гуманистік негіздегі жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі өнеге мен өсиетке негізделген накыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр атабабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты, адамгершілік тәрбиесінде халық тәжірибесінің, дала даналарының ой-пікірлерінің орны ерекше болуы да осыдан.

Ж. Тұрғанбекұлының қаламгер ретінде де, азамат ретінде де ерекше шындалған кезеңі – «Қызыл туды» жұмыс істеген жылдары. Қазақстанның құрметті журналисі С. Әйткенов; «Біздің бөлімде бұрын екеу едік. Енді Жанат келген соң үшеу болдық. Әбдеш Баймұрзин ағамызбен 7–8 жылдай жұп жазбай үйренісіп қалғанбыз. Төрт жыл ол кісі менің бастығым болса енді ол маған қарайды. Мені бөлім меңгерушілеріне ұсынған тағы өзі. Менің аға тілшілігімді Әбекең атқарады. Жанат қатардағы тілші. Біз осылай өнеркәсіп, құрылыс және транспорт (қазір көлік дейміз) саласы бойынша үш адам қол ұстаса еңбек еттік...» - деп жас журналистің облыстық газеттегі алғашқы жұмыс күндерін есіне алады [6].



5-сурет – Ғылыми жоба жазу барысындағы арнайы кездесу.

Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері.

Қ.Р еңбек сіңірген қайраткері Арман Қашимен және талантты журналистің өмірдегі інісі, өнердегі ізбасары, елімізге белгілі айтыскер ақын Асығат Тұрғанбекұлымен кездесуде.

Қорыта айтқанда, Ұлы дала тұлғаларының шығармаларында айтылған кеменгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипаты, Туған өлкенің дара тұлғаларының рухани-адамгершілік тереңдігі қазіргі замандағы мектеп табалдырығында білім алушы оқушылардың тәрбиесіне

негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Мектеп оқушылары рухани мәдениеттің жаңғыруын ұлттық әдеби мұраларға деген қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі олардың бойында өз халқына деген мақтаныш сезімдерін ұялатады. Жас ұрпақтың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында өзінің құндылығын жоймай келе жатқан Ұлы дала тұлғаларының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындыларының орны ерекше болуы да осыдан. Қазақтың арғы-бергі тарихында бүгінгі ұрпақ ұялатын ұятты оқиға болған емес. Ұшқан құстың қанаты талатын кең байтақ Ұлы дала төсінде батыр бабалар тұлпардың тұяғын тоздырып жасаған ерліктері бізге аңыз болып жетті. Көкірегі кеңіш, сөзі пейіш ақберен ақындарымыздың халықтың намысын оятып, жігерін жаныған ғибратты өлеңдері ауыз әдебиеті арқылы бізге жетті. Қауырсын қаламын жанына серік етіп, халқына даналықтың сәулесін шашқан данышпан ғалымдардың даңғайыр еңбегі ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып бізге жетті. Біздің осындай тамаша тарихымыз өскелең ұрпақтың рухын оятып асқақ армандарға бастай береді. Туған жерге туынды тік! Халқыңа осылайша үндеу тастаған Елбасы – Отанды сүю отбасыдан басталатынын айта келе, - «... Патриотизм туған үй мен туып-өскен өңірден басталады [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жанат Тұрғанбекұлы. Бір сомның әлегі – Павлодар, Қазақстан, 2019. Б. 152
- 2 Жанат Тұрғанбекұлы. Тарихи таным қызықтырады / Сарыарқа самалы, 1929–2009. Б. 90–91
- 3 Жанат Тұрғанбеков. 14 кітап / С.Торайғыров атындағы МУ-нің Е. Бекмаханов атындағы «Өлке мен этнографиясын зерттеу орталығы». – Павлодар: ЭКО, 2003. – 126 бет.
- 4 Арман Қани. Жанат журналист (мақалалар, естеліктер, зерттеулер, поэмалар, арнау өлеңдер) – Павлодар: ЭКО, 2019. – 152 б.
- 5 Айбек Оралхан. Жанат жайлы естеліктер. // – Павлодар, 2019. Б. 6–15
- 6 Социал Әйтенов. Еңбеккер еді Жанатым. – Павлодар: ЭКО, 2019. – Б. 138.
- 7 Ғалымбек Жұматов. Өзіндік жол іздеуші еді. – Павлодар: КАЗақпарат, 2019. – 133 б.

ҰЛТТЫҢ МӘДЕНИ КОДЫН САҚТАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСЫ

КАУСАР А.

8-сынып оқушысы, Шақа ЖОББ, Аққулы ауданы.

АЛТЫН К. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шақа ЖОББМ, Аққулы ауданы.

МАНЯПОВА Т. К.

ғылыми жетекші, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар қ.

XXI ғасыр инновацияның өркендеген, кемелденген білім мен техниканың дамыған заманында ұлттық тәрбиеге аса көңіл бөлу маңызды. 2021 жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы жарлыққа қол қойған. Ұлттық жобалардың ішінде үш бағыттан тұратын «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы ерекше маңызға ие. Аталмыш жобаның негізгі мақсаты – ұлттық кодты сақтап, мәдени бірегейлікті жаңғырту, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттау арқылы қоғамның мәдени деңгейін, талғамын және рухын көтеру. Сонымен қатар, жас ұрпаққа жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың түрлі бастамаларын жан-жақты қолдау да көзделген болатын.

Қазіргі жаһандану кезеңінде халқымыздың мәдени болмысын, тарихы мен дүниетанымының бірегейлігін сақтап, ұрпақ бойына сіңірудің маңызы орасан зор. Себебі, бүгінгі ұрпақ бойына «ұлттық код» ұғымын қаншалықты терең сіңірсек – ол біздің ертеңгі ұлт болып қалуымыздың кепілі.

Дана халқымыздың «баланды өз тәрбиенмен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген сөзінің түп тамыры осында жатыр. Ұлттың тәрбиесін алған ұрпақ ұлттық кодты, яғни тамыры тереңде жатқан рухани байлығымызды біліп, танып, оқып, қажетіне жарату арқылы келесі ұрпаққа жалғайды.

Ұлттық код дегеніміз не? Бұл сауалға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-н философия кафедрасының доценті Л. Асқар және Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің ұстазы, философия ғылымдарының докторы Б.Аташ «Өскен өңір» басылымында жауап береді. «Ұлттық код, біздің пайымдауымызша, әлдебір халықтың генезисін, тілі мен ділін, діні мен тарихи жадын, демек, тұтас болмысын қамтитын биосоциогенетикалық ұғым. Ұлттық кодтың негізгі атрибуттарының қыр-сырын аша отырып, оның мындай сипаттарын атап өтуімізге болады: Біріншіден, тылсымдықты, құпиялылықты қамтитын сакральды феномен, екіншіден, ол –

енжар, «өлі» немесе бейтарап емес, өзінен-өзі оралымдылық пен белсенділікті қажет ететін эрос. Үшіншіден, әрбір халықтың, ұлттың, этностың өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын, тек өзіне ғана тән қайталанбайтын даралық, монадо. Төртіншіден, ұлттық рухтың субстраты, ұлттық сананың базисі, ұлттың рухани болмысының ядросы», - деп философиялық тұрғыдан түсініктеме бере келе, – халықтың бірегейленуінің негізі – ұлттық код», - деп тұжырым жасайды [1].

Қорыта келгенде, ұлттық код дегенімізқазақ халқының ұлттық болмысының ғасырлар бойына жинақтап келген мінезі, табиғи болмысы, парасаттылығы мен азаматтық келбеті, ұстанған салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, бойына жинақтаған дала тәрбиесі мен заңдылықтары, білімі мен тәжірибесінің жиынтығы деп түсінеміз. Қазақ халқының дүниетанымы кең, тағылымы терең, ақыл ойы биік. Сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негізін бір арнаға тоғыстырып, тәрбие мәселесіне қолданған жағдайда ұлттық тұрғыдан тәрбие үлгісін көрсете аламыз. Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы, алаштың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген сөзінің мәні зор. Әуелі баланың бойына бар асылымызды, рухани құндылығымызды сіңірген жағдайда ғана жұртын ойлайтын азаматтар шығады. Яғни халықтың бірігуін, бір мақсатқа жұмылуын көрсетеді.

Ұлттық код қайда? Одан қайдан байқаймыз? - десек, оның жауабын филология ғылымдарының докторы, ҚазҰУ профессоры А. Б. Салқынбай өзінің «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» атты мақаласында береді. «Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте, қазақ баласының тағлымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шындалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған...жауыздықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі», - деп ойын өрбіткен ғалым ұлттық кодты сақтаудың шешімін айтады: «Ендігі басты мәселе қазақ әлібиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау. Біздің пайымдауымызша, мұндай стандарт бізде бар. Ол А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің негізін сақтайтын латынша таңбалық нұсқалары» [2].

Шынымен де құптарлық шешім. А. Байтұрсынұлы жасаған латын әліпбиіне жоспарлағанмен әлі көше алмай келеміз. Ең алдымен, тіліміздің мәртебесін арттырып алуымыз керек. Екіншіден, тәрбие мәселесіне мән беруіміз керек.

Тәрбие – тұлғаны қалыптастырудың, дамытудың түп тамыры. Ата-ана мен білім беру қызметкерлері біріге отырып, балаға сапалы білім берумен қатар саналы тәрбие беруді ұштастырады. Тәрбие білім алу үшін, білім алудың жолдарын меңгеру үшін керек. Адами құндылықтарды бойға сіңіріп, өмірде пайдалану үшін де тәрбие керек. Қоғамдық ортада өзінді ұстау, тілдесу, пікірлесу, ойынды дәлелдеу үшін де тәрбие керек. Бес асыл істі бойына жинап, бес жаман істен аулақ болуды, ана тілін қадірлеуді, ата-анасын құрметтеуді де тәрбие береді. Ендеше оқыту үрдісінде оқушының рухани құндылығын арттырудатәрбиенің рөлі өте маңызды.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтары дегеніміз қазақ халқын әлемге танытып тұратын ерекшелігі, өзіне тән белгісі деп білеміз. Қазақтың домбырасы дегенде, қазақ халқының бар болмысы, ұлттық оюмен сәнделген көк туымыз дегенде, кең байтақ қазақ даласы елестегендей болатыны сөзсіз. Ұлттық құндылыққа шертер сыры көп, айтар салмақты ойы бар қазақ оюларын да жатқызамыз. Сонымен қатар көненің көзі болатын, тарихтың жасырын беттерін ашатын көне жазбалар да жататыны белгілі.

Қазақ халқының көне жәдігерлерін жинақтау, рухани қазынамызды түгендеу, ұлттық қорымызды толықтыру мақсатында үлкен шаралар мемлекет тарапынан жүргізіліп жатады. Павлодар облыстық Бұхар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі өңіріміздегі ұлттық рухани мұрамызды дәріптеп, жинақтап келе жатқан мәдениет ордасы. Мұражай қорында 60 мыңдай жәдігер бар, оның 15 мыңнан астамы негізгі қорға еніп отыр. Оның ішінде Қазақтың зиялы азаматы Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романының түпнұсқасы, ақын С. Торайғыровтың 1933 жылы шыққан толық шығармалар жинағы, С. Шәріповтың екі кітабы сияқты өте құнды жәдігерлер бар.

Музей биылғы жылыөңір жұртшылығынан көненің көзі және талай жылдардың куәсі болған жәдігерлерді жинастыру мақсатында акция жариялайды. Көпшілік отбасы меншігіндегі талай жазбаларды, ескі кітаптарды тапсырады. Құнды жәдігерді рухани қорға табыстау үлкен азаматтық іс. Осындай акция барысында музей құнды дүниеге ие болды. Күллі қазақ елі игі істің куәгері болды.

Ұлттың мәдени кодын сақтау мақсатында мектеп пен мұражай қоғамдастықтарының бірлескен жұмыс әлеуетін пайдалануқажеттілігі анықталды. Осы тұрғыдан қарағанда, мәдени және әдеби мұраларды зерттеп дәріптеудің маңызы зор. Мектеп пен мұражай жоспарлары сәйкестендіріліп, интеграция шеңберінде оқушы, ата-ана, мұғалімдер, мұражай мамандарының көшбасшылығын дамытуға және қоғамдастықтар кеңістігін кеңейтуге бағытталған мүмкіндіктер іске асырылмақ.

Музейлердің қалыптасу тарихын еске түсіретін болсақ, олардың негізгі мақсаты білім беру. Даналар мен ғалымдардың жиналып, терең ойлар толғайтынорны болғандықтан пікірталас, ой алаңы болады, дебат өткізетін боламыз. Музей құндылықтарын көрнекі құрал ретінде қолдана отырып педагогикалық қырын ашамыз. Оқушылардың ғылыми-техникалық, көркемдікке оқыту мен тәрбиелеу үшін өзараынтымақтастықта болуымыз керек. Танымдық экскурсиялар ұйымдастыру, өлкетану сағаттарынөткізу, ынтымақтаса ғылыми жобалар жазу сияқты шараларды ата-ана, мұғалімдер және музей қызметкерлерімен қоғамдастық негізінде бірлесе атқару маңызды. Әр мектепте музей ашу жұмысы арқылы жас буынның отбасы, мектеп, қоғам, отан алдындағы жауапкершілігін қалыптастыра аламыз, туған өлкенің табиғи байлықтарын сақтап құрметтеуге үйретеміз. Музей жұмысының негізінде оқушылардың ғылыми көзқарастары қалыптастырылады, ізгілік пен ізденімпаздыққа ұмтылады.

Ізгіліктің бастауы алдыңғы толқын ағалардан бастау алады. Бұған дәлел – Шақа ауылының тұрғыны Қасимов Нұрлан Дәулетханұлының тапсырған мұрасы. Жылдар бойы Құран деп қастерлеп, сақтап келе жатқаны діни кітап емес, ол – Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» кітабы болып шықты. Дәл 5 қыркүйек күні ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне дөп келген сараптама нәтижесі барша жұртты таңдандырды. 150 жылдық мерейтойына тосын сый жасалды. Не десек те, 30 жылдан бері матаға оралып, үйдің төріндегі кілемде ілулі тұрған рухани қазынаның сыры ашылды.

Білім мекемесі Нұрлан ағаны мектепке шақырып, оқиғаны өз аузымен естийік деген ниетпен кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында оқушылар сұрақ қойып мән жайдың анығын білуге асықты. Ағамыз үлкен ықыласпен баяндап берді:

– Осыдан 30 жылдай бұрын қайыненем, Күләш апаларыңның анасы Алтайдан көшіп келгенде ала келген. Қайынатам мен енем ол

кітапты қайдан алды және қанша уақыттан бері сақтап келе жатқаны белгісіз, ол жайында әңгіме қозғалмаған болатын. Араб тілінде жазылған көне дүние болғасын Құран деп ойладық, жылдар бойы үйіміздің төрінде сақтап келдік. Арасында бір-екі адамға көрсеттім. Ешкім білмеді, оқи алмады, мұражайға апару туралы ойламаппыз. Биыл жаз айында ауыл мешіті ашылғанда Али имамға апарып бердім. Ол кісі ашып қарап, оның діни кітапқа ешқандай қатысы жоғын айтты. Діни қызметкер 1890 жылдарда «Қырғыз Қайсар» деген жазумен шыққан журнал деп айтты. Ондай болса Бұхар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайына тапсырайын деп шештім. Тапсырдым, олар тексеретінін айтты. Міне, кеше ғана хабар келіп, үлкен оқиға болып кетті».

Әрине, үлкен оқиға, күллі қазақ халқы үшін керемет жаңалық. Қазақтың кемеңгер біртуар азаматы, ұлтымыздың ұлы ұстазы, публицист, ағартушы, ақын, тіл білімі мен әдебиеттанудың негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» атты өлеңдер жинағы болып шықты. Мұражай басшысы Ербол Қайыровтың Егемен Қазақстан газетінің тілшісі Мұрат Қапанұлына берген сұхбатында: «Ұлт ұстазының жылдық мерейтойында бұл біз үшін күтпеген жаңалық болды. Мұқабасы, ішкі беттерінің парағы таза сақталып қалған. Басылған қағазы сарғайып, ескірген демесеңіз, төте жазу оқи білетінге жарап тұр», – деген болатын. Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Әділбек Әміренов оқып көріп, оның «Маса» жинағының түпнұсқасы екенін айтқан [3].

Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» атты өлеңдер жинағы үш рет басылып шыққанын білеміз [4].

Соның бірінші және үшінші шыққан кітаптарының түпнұсқасы бар, ал екіншісі табылмаған болатын. Ендігі ойымыз музейге тапсырылған сол нұсқа болса екен үміттенеміз. Мұның жауабын алдағы зерттеулер көрсетеді.

Қорытындылай келе ұлтымыздың біртуар азаматы Ахмет Байтұрсынұлының мұралары жас ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуларына негіз болатын бірден бір құнды жәдігер. Ұлтымыздың ұлттық кодын сақтауда таптырмас құрал. Оның шығармаларының негізгі идеясы жастарды өмірдегі түрлі жағдаяттарға сыни тұрғыдан қарап, шешім қабылдай білуге, өнеге мен ізгілікті бойларына жинауға шақыру. «Жұртым деген баланы тәрбиелеуге, жеке тұлғаның мәдени болмысын дамытуға, ұлттың құндылығымызды бойларына сіңіруге қоғамдаса отырып бірлескен жұмыстың нәтижесінде қол жеткізетініміз сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Асқар Л., Аташ Б. «Ұлттық код деген не?» «Өскен өңір» газеті, [Электрондық ресурс] <https://osken-onir.kz/kogam/2949-ltтыq-kod-degen-ne.html> [сайтта жарияланған күні 1 мамыр 2018 жыл]

2 Салқынбай А. Б. «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [Электрондық ресурс] <https://qamshy.kz/article/22556-ulttyq-kod-ulttyq-madeniet-saqtalmasa-eshqanday-dganhghyru-bolmaydy#> [сайтта жарияланған күні 20 сәуір 2017 жыл]

3 Қапанұлы М., «Егемен Қазақстан» газеті, 31 тамыз 2022 жыл.

4 Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы, – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013

МӘШҰР ЖҮСІП ЖӘНЕ ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

ЛӨКЕТБАЙ З. Н.

10 сынып оқушысы, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

БАҚБАЕВА З. С.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, № 18 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Әр халықтың есімі мен ісі аңызға айналған тұлғалары бар. Олардың бірі асқан батырлығымен жаудың бетін қайтарса, екіншісі ел басқарудағы кемеңгерлігімен мемлекетінің мәртебесін асқақтатты. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында есімі елге танылған ұлы тұлғалардың бірі қазақтың әйгілі ақыны, әдебиет жинаушысы, шежіреші-ғұламасы, үлкен діни қайраткер, ардақты да ардагер тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазіргі Павлодар облысы Баянауыл өлкесінде туған. 15 жасына дейін Хаммереддин хазіреттің медресесінде білім алған. Ауыз әдебиеті нұсқаларымен ерте танысып, халықтық жыр дастандарды жаттап өскен. Мәшһүр Жүсіп Көпеев есімінің ел ішінде аңызға айналуына ақындығы ғана емес, халық ауыз әдебиетінің үлкен жанашыры болғандығы да себеп болса керек. Ол ауыз әдебиетінен еліміздің барлық өткен-кеткен жағдайын, тұрмысын, салт-санасын, бай дәстүрін, қилы-қилы тағдырын байқай білген зерделі жан. Қазақтың бай әдебиеті, тарихы мен мәдениетінде өшпес мұралар қалдырып, ұлттық құндылықтарымыздың бүгінгі күнге дейін шашылмай-төгілмей жетуіне мұрындық болған біртауар адамдардың бірі - академик,

филология ғылымдарының докторы, археолог, этнограф, тарихшы Әлкей Марғұлан.

Фольклордың осындай көп астарлы, терең мағыналы жағын жан-жақты зерттеген М. Әуезов: «Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырды. Бұл бағзы заманнан қалған архитектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрден жасалған кереметтер, өткен дәуір адамдарының жай-күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл-ойын барша ұрпаққа паш еткен ескірімес, өлмес, өшпес өлең-жыр», - деп ғылыми тұрғыдан терең талдау жасайды.

Мәшһүр Жүсіптің поэзиядағы алатын орны бір төбе болса, оның ел тарихын, жер тарихын зерделеуге қосқан үлесі екінші биігі. Оның қазақ этнографиясын, әдет-ғұрпын зерттеушілерге беретін білімі ұшан-теңіз. Міне, сол өлең-жырдың, басқа да сөз асылының халық өміріндегі рөлін жете түсінген Мәшһүр оны жасынан құлай сүйген, жаттап өскен, хатқа түсіріп сақтай отырып кейінгі буынға жеткізген.

Мәшһүр Жүсіп те Әлкей Марғұлан да жастайынан халық мұраларымен әуестеніп, дархан даланың асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өскен екен. Ақын Мәшһүр Жүсіп 5 жасында-ақ қазақтың қисса-дастандарын, батырлық, ғашықтық жырларын жатқа соққан. Осындай алғырлығына тәнті болған Мұса «мәшһүр» деген ат қосақтап, осыдан бастап алты алашқа Мәшһүр Жүсіп деген атпен жария болғаны белгілі. Сол сияқты Әлкей Марғұлан да бес жасынан бірнеше жырларды жатқа білген. Елдің ақсақалдары балашағасымен бірге кешқұрым уақытта аулы шетінде жиналып, оған қазақ жырларын оқытқызып қойып отыратын болған.

Көпті көріп, көп оқыған білгір ақын бұл асыл мұралардың «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Беташар», «Сынсу», «Жоқтау», «Қара өлең», «Қайым өлең», «Айтыс», «Бақсының сөзі», «Өтірік өлең», «Жақсылардың мысал сөзі», «Тақпақ», «Мақал-мәтелдер», «Шешендік сөз», «Лиро-эпос», «Батырлар жыры» сияқты түрлерін хатқа түсіріпті.

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда зерттеуші фольклорды өзгертуге, түзетуге жатпайтын асыл мұра деп білген, мәтінді сол қалпында хатқа түсіру шартын ұстанған.

Мәшһүр Жүсіптің жинап, топтастырған «Үлгілі сөзі» небәрі қырық сегіз жол екен.

Жинаушы қанатты сөзді шартты түрде бес түрге бөліпті. Бірінші түрі – он жол, екінші, үшінші түрі – сегіз жол, төртінші түрі – жеті жол, ал соңғы – бесінші түрі он бес жолдан тұрады. Өлеңнің қалған сегіз жолы он бір буынды қара өлең үлгісімен берілген. Осы қанатты сөздер тізбегі әртүрлі көркемдік жолдардың сатыларымен жасалған. Біріншіден, жеті-сегіз буынды жыр түрімен беріледі. Енді бір саласы ғажап сазға, үндестікке құрылған. Өлеңнің екпін, ырғағын, сөз қолданысын, әдемі сазын, ішкі музыкасын, үндестігін бізге барынша айқын жеткізген. Жыр жолдарында жеңіл юмор да бар. Біз «Үлгілі сөздің» үшінші жасалу түрінен аз да болса, әлеуметтік теңсіздік мәселесін көреміз:

Үлгілі билер қалды да,
Надандар кірді кеңеске.
Кеңескендік не десті

Тырнадай мойнын теңдесті [2, 9].

Бұл еспе қайталау әдісімен жасалған жыр жолдарының мәніне терең үнілсеңіз, ақылы таяздау билердің жайдақ қылықтарына ашына да, аяи да қарар едіңіз. Олардың іс еместі іс, сөз еместі сөз қылғанына, алтын уақыттың қадірін білмей, пыш-пышпен күн өткізгеніне бір сәт күйнесің. Содан кейін неге бұл туынды «Үлгілі сөз» атанды екен деген ойға келеміз. Бақсақ, осындағы осалдық, босбелбеу күйректік болашақта қайталанбаса екен деген ниетпен жазылған.

Мәшһүр Жүсіп жаңа мен ескі заман әдебиетінің алтын көпірі іспетті. Мәшһүр шығармашылығына қазақ әдебиетінің алыптары аса зор мән бергенін басында айтқанбыз. Аса зерделі жанның асыл қасиетін терең сезінген Мұхтар Әуезов: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және естен шығармауымыз керек. Сондықтан қазақ жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт», - деп жазған екен [1, 358].

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалар жинағының 6 томына ел арасынан жинап, қағазға түсіруімен сақталған «Шыншыл мен суайт», «Ер Төстік», «Желкілдек», «Еділ-Жайық» т.б. ертегілері енген [4, 27]. «Желкілдек» өлең түрімен жазылумен ерекшеленеді. «Желкілдек» ертегісі шытырман оқиғалар қалыңдығымен ерекше, бас кейіпкер Желкілдек Ертөстік сияқты атса мылтық, шапса қылыш кеспейтін, жақса отқа күймейтін жан. Желкілдектің қарсыластары да

осал емес. Бұл туындыдағы айрықша бір кейіпкер – мыстан кемпір. Ол айла-шарғысымен, неше түрлі сұм-сұрқия іс-қимылмен көзге түседі. Бір сөзбен айтқанда халық армандаған алып батыр да, сұлу да ақылды қыз-келіншектер де зерек қариялар да бұл ертегілердің ішінде баршылық.

Жинаққа батырлар жырынан «Сайын батыр», «Ер Көкше», «Шора батыр» т.б. енгізілген. «Сайын батыр». Бұл жыр – қазақ-ноғай жыры делінеді. Сайын батыр да қалмақпен шайқаста жеңіске жетеді. Оны Киікбай мен Бөгенбай атты ұлдары өзі сияқты ержүрек батыр болады. Халықтың қиялынан туған бұл жыр «Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды.» деген даналық сөзді еске салғандай.

Жинаушының архивінде үш жүз елу жол бата сөзі бар. Тең жартысы жеті-сегіз буынды-жыр үлгісімен жазылған да, ал жартысы он бір буынды қара өлеңмен өрнектелген. Бір қызығы, олар кейде тапқак, кейде терме түрнде келсе, ал енді бірде нөсерлі жыр жолдарын еске салады. Мәшһүр жинаған бата сөздердің бір парасы ас қайыруға арналған:

Асың, асың, асыңа
Береке берсінбасыңа.
Бөденедейжорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа.
Осы тұрған боз үйге,
Қыдыр ата дарысын.
Бәйбішесі боз үйдің,
Он екі күрсак көтеріп,
Ауылға көзі жарысын.
Оқ жіберсе жетпесін,
Тәңір берген несібең,
Тепкілесе кетпесін [3, 126].

Міне, бұл жолдарда үлкен парасаттылық шынайы ақ тілек жатқан жоқ па? Бір ғажабы, адамның ұғымына да соншама жеңіл, қарапайым. Әсіресе, халқымыздың жан дүниесін ашатын тұсы аз емес.

Бізге белгілі, мал көшпелі халықтың мінсе – жорғасы, кесе – торқасы, ішсе - сусыны, жесе - азығы болды. Мұнсыз ата-бабамызға күн көру қиынға соқты. Осы себепті де, бесік жырынан бастап жар-жарға дейін, мақал-мәтелден дастанға дейін, әннен күйге дейін халқымыз төрт түліктің мінез-құлқын бірде-бір рет тыс

қалдырмаған. Тіпті алғашқы дидарласудың өзін «мал-басың аман ба-дан» бастаған.

Мәшһүр Жүсіптің шығармалар жинағындағы батаның бір бөлігі қарсы жаққа айтылған қарғыс түрінде келеді. Бата беруші тереңнен тебіреніп үй иесіне бар жақсылықты үйіп-төгеді де, енді алғыс алушының дұшпанына өзінің ата жауындай өшіге улы сөзін бұршақтай жаудырады:

Саған қас қылған кісінің
Шаңырағы шартылдап,
Шандырына қадалсын.
Босағасы бортылдап,
Бауырына қадалсын.
Күлдіреуіші күрт сынып,
Көзіне қадалсын...
Базарға барып аты өлсін,
Ерте келіп қайтқанда,
Үйіне келсе, қатыны өлсін [3, 127].

Бұл қолжазбадағы батаның біраз бөлігі шешендік сөз сипатта сипаттас келеді. Мұндай жағдайда жыр жолдары бірде төгіліп ұйқасқан үндес тіркестерге бағынса, енді бірде өлең түрінде келеді. Ақ пейілін білдіруші адам үй иесінің мал-басын, денсаулығын тілей келіп, жақсы ұрпақ өсіріп, үбірлі-шүбірлі болуын да айта кетуге міндетті:

Ұл берсе, оразды берсін,
Қыз берсе, қылықты берсін.
Жасы ұзын болсын,
Жүзі қызыл болсын.
Ұлын ұяда болсын,
Қызың қияда болсын.
Адам жаласынан,
Бұлттың аласынан,
Көрінер, көрінбес,
Мың да бір пәлесінен,
Патша құдайым өзі сақтасын! [3, 128]

«Ұл берсе оразды берсін» деген бірінші жолдағы сөзі береке-бірлікті, тату-ынтымақты болсын деген ұғымды береді. Осы өлеңнің сазы да, өзіндік ерекшелігі де қызық. Ол өсер ұрпақтың жан-жақты жақсы болуын келістіре сипаттауымен дараланады. Сонымен қатар, жас өспірімдердің өмірдегі алатын өз орындарын нәзік те тапқыр айта білген. Ал «адамның жаласынан, бұлттың аласынан, көрінер,

көрінбес мың да бір пәлесінен, патша құдайым өзі сақтасын» деген тіркесті тек қана ұлы ақындар айтса керек?!

Мәшһүр Жүсіп пен Әлкей Марғұлан шығармашылығының, зерттеу еңбектерінің сабақтастығы, байланысы болғанын көруге болады. Екі дана да Павлодар облысы, Баянауыл өңірінің тумалары. Оған дәлел ретінде Ваq.kz сайтында жарияланған Арслан Көпеевтің мақаласынан үзінді келтірсек: «Екі ғұламаның да шыққан түптері, айналасы белгілі адамдар болған. Әлкей Марғұланның арғы атасы қалмақтармен болған соғыста атағы жер жарған ер Олжабай батыр болса, әкесі де өз заманының белгілі сал-серісі болған. Ол жайында Әлкей Марғұлан көп жазған, осындай тамаша асыл қасиеттер солардан дарыған деп біледі. Мәшһүр Жүсіп те өз өлеңінде: «Біздердің түп атамыз – ақын Құтан, // Деушіге: «Ақын болған Мәшһүр қайдан?» - деген жолдары арқылы ақындықтың қалай бойына қонғанын жырға қосқан. Әлкей Марғұланның әкесі Хақан Мәшһүр Жүсіппен түйедей құрдас адамдар болған. Олар ауыл молдасынан бірге оқып, өмірлерінің соңына дейін аралас-құралас болып өткен адамдар екен. Ол жөнінде Әлкей Марғұлан былай деп еске алады: «Марғұланның баласы Хақан (1857–1920) Жасыбай көліндегі қыстақта туып-өскен. Бала күнінде Баянауылдағы қазақ мектебінде оқып, арабша жақсы жаза білген. Әкем Мәшһүр Жүсіппен, Біләл молдамен бірге оқыған. Бала күнінде олар біздің ауылда кездескенде бірімен-бірі шүйіркелесіп, жас кездерін есіне түсіріп, әзілдесіп отырғаны есімде әдемі сақталыпты». Көп әдебиеттерде Әлкей Марғұлан Мәшһүр Жүсіптің батасын алған деп айтылады», - дейді [5]. Сонымен бірге ұлы тұлғалардың хат жазысып тұруы, Әлкей Марғұлан Хақанұлының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлынан ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеген құнды дүниелерін алып, зерттеу еңбегіне дерек ретінде пайдаланғаны айтылады. Әлкей Марғұланның жазған хаттары 20 томдық жинағының 13 томында 33–36 беттерде беріледі.

Мәшһүр Жүсіп жинаған мұра орасан мол құнды дүниелер. Ерте оқып, ерте білім алып, ерте есейген ғалым өз қара басының қамын ойламай, елі-жұрты үшін аянбай еңбек еткен. Кейде жейтін қара нанға, кейде бір жұтым айранға қолы жетпей, кедейліктің зарын тартып жүрсе де ол ауыз әдебиетінің алтын қорын жинауды әсте тоқтатпаған. Мәшһүр бір өлеңінде:

-Кедейлік кер кеткенге болады өш,
Еңсеріп алып кетсе бермейді күш.
Аяқ пенен қолынды жіпсіз байлап,

Ұйқы үстінді басады ертеңді-кеш, - деп зарлана толғаса,
артынан өз көңіліне өзі демеу беріп:

Еске түсті-ау, басымнан кешкен күндер,
Талай уын жалғанның ішкен күндер.
Неше түрлі көкейді кескен күндер,

Текке шаршап зарықпа қызыл тілім,-дейді. Сөйтіп, еңбегінің зейнетін көретініне сеніммен қарайды.

Өйткені, ғұлама жинаушының баяндап айтқан әрбір аңыз-ертегілері «Мың бір түннің» әңгімелеріндей бірінен-бірі қызық, ішкі сазы, ішкі үндестігі, ой мен қиялдың сабақтасып тоғысуы айрықша өрнек тапқан. Ел алдындағы ерен еңбегі, зор таланты Мәшһүр Жүсіпті ешқашан да ұмыттырмақ емес. Өйткені халықтың ұлы шығармашылығы өлмек емес [2, 18].

Мәшһүр Жүсіптің бүкіл тірлігі – жастарға үлгі-өнеге, мол білім иесі, ғұлама, ағылып-төгіліп тұрған ақын. Шежіреші, тарихшы, этнограф, әр нәрсенің байыбына бармай, тексермей қалам тербемейтін терең ойшыл. Ол бір жаратушы Алладан басқаға мойын бұрмаған діндар да аузына арам салмаған тахуа да еді. Ол халық даналығын, шығыс дүние танымын, мұсылман дінінің негіздерін насихаттап, адам тұлғасын қалыптастыру туралы өзіндік маңызды ой-пікірлер қалдырған. Өзіне дейінгі ғұламалар дәстүрін лайықты жалғастырып, адам бойында кездесетін жағымсыз қасиет атаулыны аяусыз әшкерлеп, игіліктің көзі – ғылым, білім, мәдениет, имандылық деп таныған. Мәшһүр Жүсіптің «Дала уәлаяты» газетінде жазған хат-хабар, мақалалар, Қазанда басылып шыққан «Хал-ахуал», «Сарыарқа кімдікі?», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген кітаптары, қиса-дастандары бүгінгі ұрпақ үшін ғибраты мол мұралар қатарында. Мәшһүр Жүсіп тұлғасына қай қырынан келсек те, оның өз ұлтын жан-тәнімен сүйген қайраткер.

Мәшһүр Жүсіп жинаған мұра орасан мол құнды дүниелер. Ерте оқып, ерте білім алып, ерте есейген ғалым өз қара басының қамын ойламай, ел жұрты үшін аянбай еңбек еткен. Кейде жейтін қара нанға, кейде бір жұтым айранға қолы жетпей, кедейліктің зарын тартып жүрсе де ол ауыз әдебиетінің алтын қорын жинауды тоқтатпаған.

Қорыта айтсақ, ғұлама жинаушының баяндап айтқан әрбір аңыз-ертегілері бірінен-бірі қызық, ішкі сазы, ішкі үндестігі, ой мен қиялдың сабақтасып тоғысуы айрықша өрнек тапқан.

Ел алдындағы ерен еңбегі, зор таланты Мәшһүр Жүсіпті ешқашан да ұмыттырмақ емес. Өйткені халықтың ұлы творчествосы өлмек емес. Ертегілерде айтылғандай, алып батырлардың жаны әр түрлі құпияда сақталса, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі көне мұрамызға сіңірген еңбегіне байланысты мәңгі есте қалып, жасай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961, 358 б.
- 2 Көпеев М. Ж. Екі томдық, 2 т, Алматы, Ғылым, 1992, 224 б.
- 3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы, Павлодар: ЭКО, 2013, 5т – 126–128 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы, Павлодар: ЭКО, 2013, 6 т – 27–59 б.
- 5 Көпеев А. Вақ.kz. жарияланған мақаласынан.

ЖЕРЛЕС ӨЛКЕТАНУШЫ СЕРІК ЖАҚСЫБАЕВТЫҢ КЕН ӨНДІРІСІ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

НУРГАЛИЕВА С. Н.

11 сынып оқушысы, № 25 қазақ қыздар гимназиясы

ЖАНГУРОВА А. Б.

жетекшісі, п.ғ.магистрі, география пәнінің мұғалімі

Жерлесіміз өлкетанушы, ғалым, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Серік Жақсыбаевтың кен өндірісі мен топонимика бағытындағы еңбектерін зерттеуге, ашып тануға бағытталған. Өмірінің соңына дейін қаламын қолынан тастамаған Серік Имантайұлының есімі Екібастұз жұртшылығына етене таныс. Серік Имантайұлы Жақсыбаевты Екібастұздық асыл адамдардың даңқты, абыройлы қатарына жатқызып қана қоймай, сонымен ерекшеленуге болады. Өйткені оның өмірі – бұл, ең алдымен, көмір өнеркәсібінің болашақ ірі маманы мен ғылыми ортада кеңінен танылған ғалым 1952 жылы өзі таңдаған тау-кен ісімен байланысты тұрақты шығармашылық ізденіс, жаңа ашылулар мен ғылыми жаңалықтарға толы.

Ғылыми жобаның өзектілігі: «Туған жер» бағдарламасы шеңберінде жерлесіміз, өлкетанушы С. Жақсыбаевтың өлкетану топонимика, кен өндірісіне байланысты еңбектерін жинақтап, жүйелеу, жас ұрпаққа жеткізу және тәрбиелік маңызын арттыру.

Ғалымның топонимика бағытындағы еңбектері арқылы жастарды туған жерін терең тануына мүмкіндіктер ашу.

Зерттеу мақсаты: Жерлес өлкетанушы Серік Жақсыбаевтың кең өндірісі, топонимикаға байланысты еңбектерін жинақтай отырып, аймақ тарихы, өлкетану бағытындағы маңызын зерттеу.
Міндеттері: – Өмірбаянына байланысты мәліметтер жинақтау, еңбектерін жүйелеу арқылы топонимика, кен өндірісіндегі еңбектеріне өз бағасын беру

Жақсыбаев өмірбаяны мен еңбек жолдары.

Жақсыбаев Серік Имантайұлы 1934 жылы 21 сәуірде Новосібір облысында дүниеге келді. Павлодардағы Абай атындағы қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін мен оқуға түсіп және білімін Алматы тау-кен металлургия институтының тау-кен ісі факультетінде жалғастырған. 1952–1957 жж. – Қазақ тау-кен металлургия институтының тау-кен факультетінің студенті /қазіргі академик Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ болып табылады.

Алған мамандығына сәйкес мен еңбек жолын 1957 жылы Қарағанды көмір шахталарының бірінде қатардағы тау-кен шебері ретінде бастаған (1957–1958 жж. – 31 шахтасының тау-кен шебері, Қарағанды қаласы).

Екібастұз қаласында 1958–1959 жж. – Көмекші кәсіпорындар бөлімінің өндіріс бастығы, өндірістік оқыту нұсқаушысы, «Иртышуглестрой» тресі кәсіпорындарында тау-кен шебері.

Ол Екібастұзда да жұмысын жалғастырды, ол сол кезде қала мәртебесін алды деп есептеңіз. Алайда, бұл жерде шеберлерде Серік Имантайұлы кідірген жоқ. Көп кешікпей Екібастұз көмірін жаппай өндіру және тұтынушыларға жөнелту басталған кезде, ол маман болып тағайындалды, содан кейін «Екібастұзкөмір» болашақ әлемге әйгілі өндірістік бірлестігінің ізашары – «Ертіскөмір» тресінің Еңбек және жалақы бөлімі бастығының орынбасары болып тағайындалды. 1959–1969 жж. – тау-кен бригадирі, аудандық тау-кен өндіру бойынша рационері, орынбасары, тресттің еңбекті ұйымдастыру және еңбек ақы бөлімінің бастығы, еңбекті ғылыми ұйымдастыру зертханасының меңгерушісі, «Иртышуголь» тресі кәсіпорындарының нормативтік зерттеу зертханасының меңгерушісі қызметтерін атқарады.

Кеншілер тресінде 1963 жылы еңбекті ғылыми ұйымдастыру жөніндегі арнайы зертхананың ашылуымен С. Жақсыбаев оның бірінші басшысы болады. Дегенмен, Серік Имантайұлының тау-кен ісі саласындағы ірі маман ретіндегі еңбек қызметінің басым

бөлігі «Богатырь» кенішіндегі белсенді және жемісті еңбекпен байланысты болды, онда ол құрылыс аяқталғаннан кейін және өнеркәсіптік пайдалануға берілгеннен кейін қоғамдық-саяси өмірге араласа бастайды [1].

1963–1968 жж. – Қазақстан Компартиясының Екібастұз қалалық комитетінің мүшесі.

1963–1967 жж. – Негізгі жұмысынан босатылмаған, «Иртышуголь» тресінің органы – «Угольный Экибастуз» көп тиражды газетінің редакторы.

1969–1970 жж. – Қазақстан Компартиясы Екібастұз қалалық комитетінің өнеркәсіп және көлік бөлімінің меңгерушісі

1970–1994 жж. – Еңбекті ұйымдастыру және жалақы бөлімінің бастығы, бас экономист, «Богатырь» кеніші директорының орынбасары, Екібастұз қ.

1974–1975 жж. – Харьков инженерлік-экономикалық институтында оқып, институттың біліктілік дипломын алып, «Өндірістік өндірісті ұйымдастырушы.

1967–1980 жж. – ҚазССР Жоғарғы Сотының халықтық кеңесшісі

1980 ж. – «Роторлы технология көмегімен көмір өндірудің экономикалық тиімділігі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1983 ж. – «Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері» атағы берілді.

1983–1990 жж. – «ЭКО» журналының қоғамдық тілшісі. «Экономика және өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру»

1983–1991 жж. – КСРО Ғылым академиясының Жаратылыстану мен техника тарихы институтының тау-кен ғылымы мен техникасының тарихы бөлімінде Кеңестік жаратылыстану және тарихшы тарихшылар одағының мүшесі.

1983–1992 жж. – «Социалистік Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі/ қазіргі «Егемен Қазақстан».

1987 ж. – КСРО Журналистер одағының мүшесі

1993 ж. – Бұқар-жырау Қалқаманұлының туғанына 325 жылдығын дайындау және өткізу бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті комиссиясының мүшесі.

1994 ж. – Қазақстан Республикасының журналистер одағының мүшесі.

1994 ж. – Академик Сәтпаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, экономика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі

1995 ж. – «Екібастұз қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.

1997 ж. – ҚР Минералды ресурстар академиясының корреспондент -мүшесі болып сайланды.

1999 ж. – Кітап шолушысы Медеу Сәрсекеев «Қаныш елі» - Родина Сатпаева». Алматы, 1999/, туғанына 100 жыл толуына арналған академик К.И. Сәтбаев.

2000 ж. – Академик Сәтпаев атындағы Екібастұз инженерлік -техникалық институтының экономика және менеджмент кафедрасының профессоры ғылыми атағы берілді.

2001 ж. – Павлодар университетінің (қазіргі Инновациялық Еуразия университеті) профессоры ғылыми атағы берілді.

2008 ж. – «Жасыбай батыр» қоғамдық қорының президенті/ Екібастұз қаласы.

С. Жақсыбаевтың ізденіс жолындағы туындылары.

«Айтайын дегенім... Құдайкөл емес, Құдайкүл»

Екібастұз әкімдігіне қарайтын Құдайкөл ауылдық округінің орталығы ресми құжаттарда «Құдайкөл ауылы» деп қате беріліп жүр. Дұрысында осы ауылдың атауы оның жанындағы «Құдайкүл» деп аталатын көлге байланысты болуы тиіс. Сонау кеңес үкіметі кезінде осы жерде жаңа совхоз құрылғанда бір басшы адамның білместігінен оның орталығы «Құдайкөл ауылы» деп айтылып кетсе керек.

Аталмыш көлдің маңайы ертеде Бәсентиін руының Сырым атасы ішіндегі Мұрат бұтағындағы Құдайкүл есімді кісінің жайлауы болуына байланысты жұрт осы көлді «Құдайкүл көлі» деп атаған. Қазақтар арасында «Құдайкүл» есімді кісілер көп кездеседі. Мысалы, Қаржас руының ішінде де «Құдайкүл» деген ата бар. Бұл есімнің орысша мағынасы «раб божий», ал «Құдайкөл» дегеніміз «божье озеро». Санкт-Петербург қаласында 1903 жылы шыққан географиялық картада Қарасор көлінің оңтүстігіндегі көл «озеро Худайкул» (Кудайколь емес) деп көрсетілген.

Мәшһүр Жүсіптің «Бір редакторға» деген өлеңінде: «Әдетін алаңдаған қайда қалды, Құдайкүл-Қарасордың қасқырындай», – деген жолдар бар. (Қараңыз: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Көп томдық шығармалар жинағы. 4-ші том. Алматы, «Алаш», 2005, 201-ші бет). Бұл өлеңде Мәшһүр Жүсіп ағамыз Екібастұз өңіріндегі

Кұдайқұл мен Қарасор көлдерін айтып отырғаны күмәнсіз. Сондықтан гидроним «Кұдайқұл» атауына байланысты ауылдық округ «Кұдайқұл», ал қазіргі аталып жүрген ойконим «Кұдайкөл» – «Кұдайқұл ауылы» деп аталулары дұрыс болады [4].

«Екібастұз тарихынан»

Патшалы Ресейдің 17-ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап қазақ жерін отарлау мақсатындағы жүргізген жүйелі саясаты, ақырында келіп, 19-ғасырдың бірінші жартысында қазақтың феодалдық мемлекетінің мүлде күйреуі мен қазақ халқының тәуелсіздігінен айырылып, орыс империясының біржолда болуына өкелген еді.

Міне, осыдан кейін Қазақстанда патшалық әкімшілік жүйелердің нығаюына байланысты көшпелі халықтың құнарлы шабындық жайылым алқаптары күшпен тартып алынып, ол жерлерге Ресейдің шаруаларын, орыс-қазақтарын жаппай қоныстандыру процесі басталады. Бұл қоныс аудару қозғалысының қазақ халқын жалпы Ресейлік тарихтың бірыңғай арнасына тартуына байланысты.

«Екібастұзды ашқан кім?»

Қазіргі уақытта газет, журнал беттерінде Екібастұз таскөмір бассейнінің алғашқы ашылуы 1886 жыл деп қате мағлұмат беріліп жүр.

Шындығында да Екібастұзда көмір кенінің барлығы XIX ғасырдың 60 жылдығында белгілі болған. Мұнда көмір кенін алғаш ашқан белгілі жершіл, тау-тастың тілін жете білген Қосым Пішенбаев екендігі тарихи деректерден белгілі. Екібастұз жерінде таскөмір кенінің барлығын естіген көпес Бенардаки 1867 жылы Верхотурскіден әдейі қазақ даласына келіп, Қарабидайық көлінің жанынан геологиялық шурф қазған. Бұлай деуімізге Қазақ ССР-ның Орталық архивынан табылған документ толық дәлел. Ол документ көпес А. Бенардакидың Екібастұз жер қойнауында көмір кені барлығы жөніндегі мәлімдемесі. Енді төменде сол мәлімдеменің негізгі, текстін қазақ тілінде берелік. «Верхотурскінің тау-кен өнеркәсіпшісі бірінші гильдиялық көпесі Александр Бенардакидан мәлімдеме.

«Ақбеттау - Ақбет қыз»

Өлке өрнектері Жасыбай көлінен күн шығыс бағытқа созылған, орта шеңбіне таман ойпаңдау келіп, ары қарай жоғарылай түскен алып тау жотасы жатыр. Бұл тау жотасы – Баянауыл поселкесінің солтүстігіндегі көпшілікке белгілі Ақбеттау. Оның құзар шыңы Жасыбай көлі жағында, биіктігі Балтық теңізі деңгейінен есептегенде

1026 м. Шыңның басына триангуляциялық белгі орнатылған. Онда 1026 м деп шойынға құйылып жазылған. Ақбеттаудың ең биік шыңына осы жолдардың авторы өзімен сыныптас бес жолдасымен, 1951 жылы тамыз айында шығып, ондағы 10 кісі сыятын табиғи үңгірге бір түнеп шыққаның бүгінде мақтаныш сезіммен еске алады.

Тау-кен саласына байланысты еңбектері.

Энциклопедияның шығуы Павлодар облысының 65 жылдығы мен Екібастұз аумағында алғаш қоныстануға 105 жыл толуына орайластырылады. Басылым екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қаланың тарихы, оның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен табиғи-климаттық жағдайлары туралы мәліметтер болады. Екінші бөлімде Екібастұз көмір кенінің ашылуы мен дамуы туралы, сондай-ақ көмір өнеркәсібінің дамуына ең үлкен үлес қосқан адамдар туралы ақпарат беріледі. Энциклопедияға Екібастұз өмір сүрген 105 жыл ішінде ірі кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың, атқарушы және өкілді билік органдарының басшыларының есімдері енгізілетін болады. Болашақ энциклопедияны Екібастұз қаласының құрметті азаматы, экономика ғылымдарының кандидаты, ҚР минералды ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі және өлкетанушы Серік Жақсыбаев өңдейді. Энциклопедияны құрастыру кезінде Ресейдің ірі қалаларының – Мәскеу, Санкт-Петербург, Томск, Омбы, Барнаул мұрағаттарында жинақталған С. Жақсыбаевтың жеке материалдары пайдаланылады. Болашақ энциклопедияның редакторы Екібастұз тұрғындарына өзінің мұрағатын толықтыруды сұрап жүгінді. Екібастұз үшін маңызды оқиғалар мен атақты адамдар туралы ақпарат болашақ басылым үшін пайдалы болуы мүмкін [10].

Екібастұз - қазақстан индустриясының шамшырағы, 2009 ж.

Брошюрада Екібастұз көмір бассейнінің даму кезеңдері туралы айтылады. Автор – Екібастұз қаласының құрметті азаматы, академик Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік -техникалық институтының профессоры.

Кітапта Екібастұз қаласының тарихы, оның әлеуметтік-экономикалық және өнеркәсіптік дамуы, шахталар мен басқа да кәсіпорындардың еңбек сіңірген қызметкерлері туралы айтылады. Кітапқа қала тарихындағы 1898-1998 жылдардағы маңызды оқиғалардың шежіресі, сонымен қатар жергілікті және қазақстандық авторлардың Екібастұзға арналған өлеңдері енгізілген.

«Екібастұз біріншіден – тас көмірінің кені»

Кітап Екібастұз көмір бассейнінің тарихы мен дамуына арналған. Аймақтың табиғаты мен табиғи ресурстары сипатталған,

Екібастұз тарихнамасына материалдардың жүйелі көрсеткіші берілген.

«Павлодар облысының минералдық шығымдары»

Кітап авторы – тау-кен инженері, ҚР минералды ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі, академик Қ. И. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының профессоры. Сәтбаев пен Павлодар университетінің Екібастұз филиалы, Екібастұз қаласының құрметті азаматы.

Кітап библиографиялық сирек кездесетін мұрағаттық деректер мен әдебиеттер негізінде 19–20 ғасырларда Павлодар Ертіс өңірінде тау-кен өндіру өнеркәсібінің пайда болу тарихын суреттейді. Павлодар облысының пайдалы қазбаларының әр түрлі кен орындарының ашылған күндері көрсетілген және олардың орналасқан жері көрсетілген. Павлодар облысында орналасқан минералдар мен тау жыныстарының қысқаша түсіндірме сөздігі берілген. Кейбір тау-кен және геологиялық терминдердің бастапқы түсініктері берілген. Минералды-шикізат базасын кеңейту мен сапалық жақсарту және Павлодар облысында тау-кен өндірісін дамыту бойынша нақты ұсыныстар бар. Кітап оқырмандардың кең ауқымына және, ең алдымен, тау-кен және барлау кәсіпорындарының инженерлік-техникалық қызметкерлеріне, оқытушыларға, аспиранттарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне және тау-кен және барлау мамандығының колледж студенттеріне, сондай-ақ кәсіпкерлерге арналған.

Қорытынды

Аймағымыздың белгілі өлкетанушыларының бірі, кентанушы, экономика ғылымдарының кандидаты, шежіретанушы, жазушы, публицист Серік Жақсыбаевтың өмірі қызметі шығармашылық пен ізденіске толы болды. Атаулы ғылыми жобамызда марқұм ағамыздың кентану саласы мен Екібастұз өңірінің қалыптасуы алғашқы көмір кендерінің игерілуіне байланысты жұмыстарын ашуға тырыстық.

1960 жылдан бері жарты ғасырға жуық уақыт бойы Серік Имантайұлы өлкетанумен айналысады. Екібастұз тарихын ынтамен зерттейді, біздің өлкеміздің тарихы және Екібастұз тас көмір кен орнын игеру бойынша құжаттарды жинақтаған.

Серік Жақсыбаев ағамыз 1994 жылы зейнеткерлік демалысқа шықса да оның ізденістері мен ғылыми туындыларын жарыққа шығаруын бір тоқтатпаған. Осыған байланысты 1995 жылдан Екібастұз қаласының құрметті азаматы атағына ие болды. 72 ғылыми еңбектің, 3 монографияның, 9 кітаптың, оның ішінде

«Қаржас ұрпақтары» атты шежірелік-танымдық жинақтың, 627 әр түрлі тақырыптардағы мақалалардың авторы. 2001 жылы Павлодар облысы әкімінің шешімімен «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі берілген болатын.

Ғылыми жоба барысында марқұмның өмірбаянына байланысты мәліметтер жинақталып, толықтырылды. Ғалымның тау-кен саласы бойынша еңбектері жинақталып, қысқаша шолу және талдау жұмыстары жүргізілді.

Ұсыныстар:

- Ғалым өлкетанушы ағамыздың есіміне мектеп және көше атауларын беру.
- № 25 қазақ қыздар гимназиясында С. Жақсыбаевқа арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байбосын С. Сексеннің сенгірінде Серік аға!: (Өлкетанушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Серік Жақсыбаев 80 жаста) // Сарыарқа самалы. – 2014. – 19 сәуір. – 6 б.

2 Джақсыбаев Серик Имантаевич: Биобиблиографический указатель /Павлодарский областной департамент культуры; Павлодарская областная библиотека им. С. Торайгырова. - Павлодар: ЭКО, 2003. – 41 б. - (Краеведы области)

3 Джақсыбаев С. И. Так начинался Экибастуз. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 212 с: ил.

4 С. Жақсыбаев. Құдайкөл емес, Құдайкүл. Отарқа. 2009. 16 шілде. (№ 29). 5 б.

5 С. Жақсыбаев. Екібастұз тарихынан. Отарқа. 1999. 25 маусым. (№ 27). 1, 2 б.

6 С. Жақсыбаев. Екібастұзды ашқан кім? Қызыл ту. 1977.12.04. – 3 б.

7 С. Жақсыбаев. Ақбеттау – Ақбет қыз. Отарқа. – 2012. – 29 наурыз. (№ 13). – 5 б.

8 Джақсыбаев С. И. Экибастуз – светоч индустрии Казахстана. – Экибастуз: PгimLих, 2009. – 24 с.

9 Джақсыбаев С. И. Большой уголь Экибастуза: производственное объединение «Экибастузуголь» / С. И. Джақсыбаев, И. Я. Муравьев. – М.: Недра, 1990. – 82 с: ил.

10 Минеральное сырьё Павлодарской области. – Павлодар, 2002.

ҚАЗАҚ КИІЗ ҮЙІНІҢ ГЕНЕЗИСІ

САПАРБЕК Ә.

8 сынып оқушысы, Ефремовка орта мектебі, Ефремовка ауылы,
Павлодар облысы.

ДЮСЕНАЛИН Б. Қ.

х. г. к., доцент, Ефремовка орта мектебі, Ефремовка ауылы,
Павлодар облысы.

Кіріспе

